З. ИСЛОМОВ, Д. РАХИМЖОНОВ, Ж. НАЖМИДДИНОВ

# ДҮНИЕ ДІНДЕРІ ТАРИХЫ

**Орта білім беру мекемелерінің 10-сыныптары үшін оқулық**

1-басылым

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі жалпы орта білім беретін мектептердің 10-сынып оқушыларына арналған оқулық есебінде бекітілген*

Ташкент
«Yangiyo‘l Poligraf Servis»
2017

**УДК: 2(100)(09)(075.3)=161.1**
**ББК: 86.2**

**Исломов, Зохиджон.**

**И 87 Дүние діндері тарихы 10-сынып:** Орта білім беру мекемелерінің 10-11-сыныптары үшін оқулық / З. Исломов, Д. Рахимжонов, Ж. Нажмиддинов — 1-басылым — Ташкент.: «Yangiyo‘l poligraf servis», 2017. — 144 б.

**УДК: 2(100)(09)(075.3)=161.1**

**ISBN 978-9943-4937-4-2** **ББК: 86.21**

Н.К.Исматованың әдістемелік редакторлығы мен педагогикалық құрылымдары негізінде дайындалған.

**Жауапты редакторлары:**

**А. Хасанов** — тарих ғылымдарының докторы, профессор;

**О. Юсупов** — философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Пікір білдірушілер:**

**Н. Мухамедов** — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Х. Юлдошхужаев** — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;

**А. Замонов** — Өз ҒА Өзбекстанның ең жаңа тарихы мәселелері бойынша Үйлестіру-әдістемелік орталығының аға ғылыми қызметкері;

**Ж. Тохиров** — Шет тілдеріне мамандандырылған мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп оқытушысы;

**Р. Қудратова** — Ташкент қалалық 41- мектебінің тарих пәні оқытушысы.

Осы оқулық Өзбекстан Республикасы Министрлік мекемесінің құрамындағы Дін жұмыстары бойынша комитеттің 2017 жыл 5.09 дағы 5958-санды ұсынысы. Республика білім орталығы құзырындағы «Тарих» пәні ғылыми-әдістемелік кеңесі және Өзбекстанның ең жаңа тарихы мәселелері бойынша үйлестіру-әдістемелік орталығының 2017 жыл 29.08. тамыз айындағы 5-санды қаулысымен баспаға ұсынылған.

Республика мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен басып шығарылды.

ISBN 978-9943-4937-4-2

© З. Исламов, Д. Рахимжонов, Ж. Нажмиддинов, 2017.
© «Yangiyo‘l poligraf servis», 2017.

# Сөз басы

Дін ежелден-ақ адамзатты әрдайым жақсылыққа, ізгілікке шарлаған. Орта Азия халықтары қабылдаған ислам діні де ұлы адамзаттық қасиеттердің қалыптасуына қызмет етіп келген. Дін адамзаттың рухани дүниесімен тығыз байланысты болып, қоғамдық өмірде әрдайым онымен бірге болып келген.

Дінді үйрену бұл адамзаттың мәдени-рухани дүниесін білу болады. Діни деректерге адамзат тарихында болып өткен өнегелі оқиғаларды жинақтап, олар адамдарды саналы тәрбиелеуде негізгі орынды иелейді. Бұл жағдай адамзаттың өмір соқпақтарында адаспауы, жақсы-жаман, ақ-қараны аңғаруы әрі өз өмірін ақылдылықпен ұйымдастыруы үшін негізгі қару болып қызмет етеді. Нәтижеде адамзаттың тұрмыс жағдайы жақсыланып, қоғамда дами бастайды.

Дінге деген құрмет пен ар-ождан еркіндігі Өзбекстан Республикасының Конституциясында өз шешімін тапқан. Ол Халықаралық құқұқтық-мөлшер талаптарына толық жауап береді. Әрқандай дінге сенуші және ешқандай дінге сенбейтін адамдар үшін бір түрлі шарттардың қойылуын қамтамасыз ететін — Өзбекстан Республикасы Конституциясының 31-бабында былай дейді:

«Барша үшін ар-ождан еркіндігі кәпілдікке алынды. Әрбір адамзат өзі қалаған дінге кіру немесе ешқандай дінге кірмеу құқықына ие. Діни көзқарастарды мәжбүрлеп сіңдіруге жол қойылмайды».

Өзбекстан Республикасы Коституциясында айтылғандай, ождан еркіндігін қамтамасыз ету барша азаматтардың бір түрлі құқық пен еркіндіктеріне, соның ішінде, дінге сенушілік еркіндігі құқықына иелігі, діні мен сеніміне қарамай олар заң алдында тең екендігі туралы заңдылықтардан келіп шығады.

Мемлекетімізде қоғамдық-мәдени мұхитты жақсартуға ұлттық құндылықтардың да маңызы үлкен. Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримовтың мына сөздерінде бұл бағдар өзінің жарқын бейнесін тапқан: «Мемлекетімізді демократиялық бағдарлар, ғылымдағы жаңалықтар, ұлы технологиялар негізінде модернизациялаумен бірге қасиетті дінімізді, ұлттық

өздігімізді сақтап жасауды мақсат етіп қоямыз». Бұл көзқарас өмірлік негізге ие болып, ол дін саласында болып жатқан өзгерістерді өздігінше, ғылыми жақтан зерттеп және соны негізге ала отырып, жақсы жағдаяттарды ары қарай дамыту, жаман жағдайлардың алдын алу үшін мүмкіндік жаратады.

Көп ұлтты, көп конфессиялы Өзбекстанда егемендікке жеткен алғашқы жылдардан-ақ дін, толеранттық мәселелеріне терең назар аудара бастады. Діннің адамилық философиясы, ізгі идеялары мен ата-бабаларымыз мұрасын танып-білуіміз, осы ұлы құндылықтардың жастар көңілінен орын алуы үшін мемлекетіміз оқыту жүйесінде көптеген жұмыстарды жүзеге асырған. Дүние жүзі діндері тарихы бойынша қажетті мағлұматтарды өз ішіне алған, жастарды діни толеранттық пен ұлтаралық татулық рухында тәрбиелеуге қызмет ететін осы оқулық елімізде амалға асырылып келе жатқан жақсы өзгерістердің нәтижесі болып табылады.

Авторлар ұжымы кітапты баспаға дайындауда өздерінің мәслихаттарын аямаған Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті құзырындағы Дін жұмыстары бойынша комитет, Өзбекстан мұсылмандар мекемесі, Ташкент ислам университеті, Ташкент ислам институты басшылығы мен профессор-оқытушыларына, Қарақалпақстан Республикасы, Ташкент қалалық және облыстық педагог мамандарын қайта дайындау және білімін жетілдіру институттары қоғамдық кафедраларының меңгерушілеріне өзіміздің шексіз алғыстарымызды білдіреміз.

# 1-§ ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

## БЕЛСЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қоғам діни құндылықсыз өмір сүре алады ма?
2. Ұлттық және дүние діндері туралы алдыңғы сыныптарда алған білімдеріңді еске түсіріңдер.
3. Діннің қандай формалары бар?
4. Өзбекстан Республикасы Конституциясының 31-бабын оқыңдар.Мемлекет жағынан азаматтарға ождан еркіндігінің кепілденуіне мысалдар келтіріңдер.
5. Адамзаттың дүниеге көзқарасын қалыптастыруда діннің орны қандай?
6. Сенің өміріңде қандай құндылықтар бар?

## ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

Дін қоғамдық өмірде маңызды орынға ие. Ол адамдарда ізгілікке ұмтылу, өзін рухани және физиологиялық жақтан тазарту, төңірегіндегілерге өз пайдасын тигізу, өмірді қадірлеу сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастырады.

Діндер адамдарды әр уақытта да жақсылыққа, ізгілікті істерге үндейді. Дүние картасындағы, дерлік, әр бір мемлекетте жасайтын халық белгілі бір дінге сенеді, оның өзіндік әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері бар. Дүние халықтары тарихын үйренуде олардың діни көзқарастары, сенімдері мен діни амалдарын назардан тыс қалдыруға болмайды.

***Дін** — арабша сөз болып, өзбек және қазақ тіліндегі наным, сенім білдіру деген мағыналарды аңғартады.*

Араларыңыздағы жақсыларыңыз өмірдегі жұмыстар деп ақырет ісін, ақыретті деп өмірдегі жұмыстардан бас тартпайтын және адамдарға өз ауыртпалығын түсірмеулеріңіз керек.

***Хадис***

> Қажеттілігің түсетін ғылымды үйренуден өзіңді алып қашпа!
>
> ***Имам Аъзам Әбу Ханифа***

XVII-XIX ғасырларда жасап шығармашылықпен қызмет еткен кейбір еуропалық ғылыми зерттеушілер адамзаттың дамуы барысында оның сескенулері де кемейеді, ол тәуелсіз болады, бұл діндердің бүтіндей жоқ болып кетуіне алып келеді, деп айтып өткен еді. Дегенмен, уақыттың өтуімен байланысты бұл пікірдің қате екендігі амалда көрініп қалды.

Дін қоғамда адамзаттың дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру, оны қолдап-қуаттау (конпенсаторлық), біріктіру, басқару, коммуникативтік психологиясын тәрбиелеу сияқты бірнеше міндеттерді орындап келеді.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Берілген суреттердегі ұқсастық пен өзіндік ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Берілген суреттерге талқылау жасап, әлемдік және ұлттық діндерді ажыратыңдар.
3. Берілген суреттер негізінде діннің қоғамдық өміріндегі орны мен маңызына түсінік беріңдер.

Діннің ***жұбаныш беретін*** міндетін алып қарайтын болсақ, адам баласы басына ауыр күн немесе қиындық туғанда, дін арқылы  өзін жұбататын, көңілін көтеретін жаратушы күш тапқан.

Дін ***бірлестіру*** (ынтымақтастыру) міндетін де орындап, адамдар арасындағы ынтымақты күшейтуге қызмет етеді. Әр бір дін иман келтірушілерді өзінің заңдылықтарына амал етуге шақырады. Оларды бұл заңдылықтарға шын берілгендігіне үндейді және осы жолмен адамдарды бірлестіреді.

Дін өзіне иман келтірушілердің тұрмысын тәртіпке салып, басқару міндетін де орындайды. Бұл міндет тәрбие нормалары негізінде орындалады. Дін тәрбие нормаларын тәртіпке салады, сонымен бірге адалдық пен арамдық, сауап пен күнә не екендігін бегілеп береді.

Діннің коммуникативтік қызметі, діни әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен мейрамдарды бірге өткізуге, туысқандық, бір дін иелерінің қарым-қатынастарының татуласуына шақырады.

## ӘЛЕМДІ ТАҢҚАЛДЫРҒАН ӨЛКЕ

... бір оқиға менің көз алдымнан елес-елес өтеді. Сол уақытта мен шамасы, 5-6 жаста едім. Көршіміздің үйінде адам көп, ауылдың үлкен-кішісі жиналыпты. Біреулері көшелер мен аулаларды сыпырған, біреулері айуанға жай салған, кейбіреулері көрпеше үшін ақ матаны дайындап жатыр. Баршасы өздеріне тиісті жұмыстармен айналысып жүр. Қысқасы, жиналған адамдарды көрінбейтін адамдар басқарып жатқандай. Міне, біз күткен сәт те жетіп келді. Барлығы кіре бере төр жаққа қарап тізіліп тұрып алды, кішкене жолға баяғы ақ көрпеше де салынды. Есіктен Рәбия ана мен Әбдірахман ата кіріп келді. Олар аппақ болып киінген. Біздіңше, есіктен нұр қалқып келе жатқанға ұқсайды.

Аулада жиналғандар оларды қуанышпен күтіп алды.... Берген баталарынан кейін махалла үлкендерінен: «Ия, мемлекетімізге үлкен рахмет, біз мұсылмандарға Хаж амалдарын орындау мүмкіндіктерін берді ғой. Ата-бабаларымыз мұны армандап кеткен. Мұндай мүмкіндіктердің бізге берілуін кім ойлапты?! Еліміздің тыныштығына көз тимесін....» деп айтқан сөздерін естідім. Сол уақытта бұл сөздердің мазмұнына түсінбесем де, бір уақыттар ауыр күндер болғандығын сезінгендей болдым...

***2017 жылда өткен «Өзбекстанның ең жаңа тарихы» бойынша эсселер конкурсы жеңімпазы. И.Обидованың шығармасынан.***

> Адамзаттың ең негізгі міндеті өзін қоршап тұрған әлем сырларын үйренуден тұрады. Пәндердің қалпы да дәл солай. Оларды адамдардың тұрмысы үшін болған қажеттіліктерді туғызды. Соған негізделе отырып пән тармақ болды.
>
> ***Әбу Райхан Беруни***

Дін адамзат өмірінің ізгі маңыздарын ашып береді. Бұл оның адамдарды мәдени және рухани жақтан тәрбиелеу міндеттерін орындап жатқандығының айдан анық дәлелі.

Дін мәдениет дамуына да үлкен әсер етіп келеді. Бұдан тыс ол жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сақтау әрі ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде де маңызды орынға ие.

Дін адамзаттың рухани дүниесімен бірге тығыз байланысты болады да, өмірде әрдайым олармен бірге болып келеді.

Бүгінде кейбір күштер діннің қоғамдағы міндеттерінен қара ниетте пайдалануды көздеген әрекеттерін де сезуімізге болады. Нәтижеде мыңдаған адамдар дінсіздікте айыпталып, қандары төгілген. Түрлі діни ұрандардың қате талқысынан күнәсіз адамдар да жапа шеккен.

Міне осындай жаман жағдайлардың алдын алуда діннің түрлі халықтармен қарым-қатынас жасау, оларды мәдени және рухани жақтан жақындастыру, зұлымдыққа қарсы бірлесе отырып күресу ерекше маңызға ие. Барша діндер ізгілікке бастайды. Дін мен ғылым бірін-бірі толықтырып тұрады.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дінге қалай түсінесің?
2. Кәміл адамды тәрбиелеуде діннің орны қандай?
3. Дін мен мәдени құндылық арасында қандай байланыс бар?
4. «Дін ежелден адамзат мәдениетінің құрамдас бір бөлімі болып келген». Осы сөздерге өз пікірлеріңді білдіріңдер.
5. Жоғарыдағы келтірілген әңгіме бойынша діннің татуластырушылық, басқарушылық, коммуникативтік міндеттерін түсіндіріңдер.
6. Діннің жұбаныш беруі және дүниеге көзқарасын қалыптастыру міндеттеріне мысалдар келтіріңдер.
7. Берілген суреттерде діннің қайсы міндеттері көрсетілген?

# 2-§ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ДІН

## ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Сеніңше, ғылым мен дін арасында қандай байланыс бар?
2. Орта ғасырларда мұсылман елінің Шығысында ғылым мен техниканың дамуына не себеп болды?
3. Ислам дінінде ғылымға қандай пікірлер білдірілген?
4. Бұхарадағы Ұлықбек медресесінің алды маңдайына ғылыммен байланысты қандай нақыл сөздер бітілген?
5. Төменде берілген сурет бойынша діннің ғылым мен мәдениеттің дамуы туралы пікірлеріңді айтыңдар.



Ғылым мен дін әрдайым тығыз байланыста болып келген. Тарихта олардың бір-бірімен байланысы түрлі формаларда көрініп келді. Ежелде Юнонстанда Сократ, Платон, Аристотелдер үшін ғылым мен дін, дерлік, бір сала – философия болып, ол «Физика» мен «Метафизика» бөлімдеріне бөлінген. Кейінірек математика, астрономия мен медицина дами бастағанда да ғылым мен дін өзара бірлікте екендігін сақтаған. Міне осындай көзқарас Конфуций, Фараби, Ибн Сина, Әлішер Науаи және басқа да Шығыс ойшылдарының қызметтерінде де байқалады.

Эллинизм мен орта ғасырдың Шығысында ғылым мен дін бірін-бірі толықтырылған. Олар арасындағы кейбір ымырашылдықтар келіспестен бітпеген. Шығыста ғылым мен діннің байланысы нәтижесінде XV ғасырға дейін

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Сен анық және табиғи ғылымдардан алған білімдеріңе сүйене отырып, биік-биік мұнаралар мен оқу орындарын құру, бейнелеу өнері шығармаларын жарату, ескерткіштер мен түрлі алтыннан жасалған қолөнер бұйымдарын жасау үшін адамдар қандай білімдерге сүйену керек екендігін ойлап көріңдер.



*Әбу Әли ибн Синаның «Тиб заңдары» кітабынан*



*Ал-Хоразмидің «ал – Жабр уа-л-муқобала» кітабынан*

математика, астрономия, медицина, химия және басқа да анық ғылымдар мен табиғи ғылымдар дами түсті. XVI ғасырдан бастап бұл аймақта ғылым, сол сияқты діни ғылымдар мен тұрғындық дәуірін басынан өткізді. Бұл дәуірде ғылымның, әсіресе, діни ғылымдардың құлдырауына діннің ағартушылық маңызын терең түсінбегендер себеп болды.

Еуропа Шығыстан философия мен медицина ғылымдарының эстафетасын алып, XVI ғасырдан тез дами бастаған болса да, мұнда руханилар жағынан өктемдік өткізді.

Ғылым мен дін тарихындағы мұндай көзқарастар олардың арасындағы ымырасыздықты туғызды. Ояну дәуірінің дінде католицизмнің орталығына айналған Италияда мұндай қарама-қарсылық өзінің құлашын жайды. Ғылым мен әдебиет дінді жалғанға шығарды, тек руханилар ғана емес, Құдай үстінен памфлеттер (келемежді сын) жазылды.

Дін де ғылымдағы, дерлік, әр бір жаңалықтарды күпірге жойды. Реформизм (Луитер, Калвин, Еразм Роттердамский) әсерімен бұл қарама-қарсылықтар басқаларға қарағанда тыныш – идеялар күресіне ауысса да, дегенмен өз тездігін бәсеңдетпеді.

XIX ғасырда пайда болған «дін — сиқыр», екінші жағынан «Дарвиннің өзі маймылдан тараған» деген сияқты пікірлердің қалдығы қазірде сезіледі. Ғылым мен дін арасындағы күреске саясаттың араласуы бірнеше трагедияларды келтіріді. Әсіресе, әкімшілік «жауын-

гер» атеисттер немесе теократтардың қолына өткен уақытта орта ғасырлардағы жағдайлардан қалыспайтын зұлымдық қолданылды.

Адамдар мәжбүри түрде діннен шығарылды, діннің жалған екендігі, қоғам үшін зиян екендігі туралы үгіттер алып барылды. «Ғылыми атеизм» деп аталатын пән ойлап табылды да, барша оқу орындарында оқытылды. Осы идеяны қабылдауды қаламағандарға түрлі айыптар тағылып жазаға тартып отырды.

Тарих кітаптары қайтадан жазылып, діннің пайда болуы біржақтама қаралды, дәл осы деректерге «дін мен ғылым бір-біріне дұшпан» деген идея арнайы мектептен бастап сіңдіріле бастады.

Ғылым мен діннің бір-бірімен байланыстылығын қолдайтындар, көбінесе, ғылым қайраткерлері жағынан да, руханилер жағынан да қарсылыққа ұшырады. Кей-кейде ауыр айыптар тағылып жазаға тартылып отырды.

*Салибшылар*





## ТАРИХҚА НАЗАР

**Салиб жорықтары** — 1096 жылда басталған Батыс еуропа рыцарларының мұсылман, православ мемлекеттері мен әр түрлі христиан масхабтарына қарсы алып барған жорықтары. Салиб жорықтарының мақсаты Фаластинді, алдымен, Ауғаныстанды салжуқи түріктерінен азат ету еді. Дегенмен салиб жорықтары кейінірек Прибалтикалықтарды христиан дініне өткізді, Еуропада Папа өкіметіне қарсы қозғалыстарын басу немесе папалардың саяси мақсаттарын амалға асыру жолы болып қалды.

«Салибшылар» деген атау салиб жорығына қатысатындардың киімдеріне салиб (крест) тігіп алғандығы үшін пайда болған. Өз мүдделерін ойлаған жорықшылар пәктенеді деп ойлағандығынан жорыққа тек қана рыцарлар емес, бәлкім қарапайым халық та қатысып қалған.

Салибшылар 1099 жылда Ауғаныстанға кіріп келуінен-ақ хунрездікті бастап жіберді. Сол жылы 16 шілдеде таң атқанға дейін барша нәрселер өз шешімін тапты, қамал уақытында және хунрездікте жалпы 70 мыңға жуық адам өлген.

Қоғамда жамандықтың түп тамырлары көп, дегенмен олардың негізгілері үш нәрсе — пара, ашу және надандық.

***Әбу Райхан Беруни***



Бірақ тарихта «ғылым мен дін, негізінен, бір-біріне қарсы емес, бәлкім бірін-бірі толықтыратын салалар» деген идеяны қолдап-қуаттаған ұлы ғалымдар көп болған.

Мысалы, Хакім Термези біздің түсінігіміздегі пәнді ғылым, діни ғылымды ағарту, хикмет деп атаған және олардың адамзат ойындағы орнын дұрыс белгілемеген. Хакім Термезидің идеяларын Әбу Насыр Фараби, Әбу Райхан Беруни, Фахриддин Рози сияқты ғалымдар дамытқан, ғылым мен дін байланыстылығын Ибн Сина өзінің шығармашылық өмірінде терең түсіндіріп берген.

Егемендік орнағаннан кейін Өзбекстанда да ғылым мен діннің байланыстылығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді. Бірінші Президентіміз Ислам Каримов айтқанындай: «.... әлемдік және діни құндылықтар бірін-бірі толықтырмаса, бүгінгі күннің ауыр және қиын сұрақтарына жауап беру оңайға соқпайды».

Өзбекстан Республикасы Министрлер мекемесі құзырындағы Ташкент ислам университетінің құрылуынан да дәл осы мақсаттарды амалға асыру көзделген. Әрі әлемдік, әрі діни ғылымдар оқытылатын осы оқу орнын бітірушілері қоғамымызда әлемдік және діндік, ғылым мен діннің байланыстылығын қамтуға қызмет етеді.



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қоғам мен дінді бір-бірінен ажырату қандай нәтижелерге алып келеді?
2. Дін мен ғылымның қарама-қарсылығын келтіріп шығаратын тайпалардың мақсаты не еді?
3. Орталық Азия ғұламалары ғылым мен діннің байланыстылығы туралы қандай пікірлер айтқан? Н.Коперник, Ж.Бруно және Г.Галилеолар не үшін шіркеу тарапынан қиналды?
4. «Тарихқа назар» рубрикасы негізінде берілген мәтінді оқыңдар. Қоғамдағы ымырашылдықтың себептерін түсіндіріңдер.

# 3-4-§ ДІННІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФОРМАЛАРЫ

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ежелгі діни көзқарастар негізінде пайда болған анимизм, тотемизм, фетишизмдердің мазмұнын есіңе алыңдар және түсінік беріңдер.
2. Халқымыз арасында тараған қандай әдет-ғұрыптар ескі діни көзқарастармен байланысты болған мүмкіндіктері жөнінде өз пікірлеріңді айтыңдар.
3. Орталық Азия территориясында жасаған ежелгі халықтардың алғашқы түсініктері қандай?

Бүгінгі күнде ғылымда діндердің қалыптасу тарихына байланысты екі түрлі: теологиялық және материалистік тұрғыда болды.

***Теологиялық*** (ұлы күш, діни) ***тұрғыдан*** алғанда, түрлі заттарға сыйыну және көпқұдайылық, яғни анимизм, тотемизм, фетишизм және шамандық жеке құдайылықтан кейін пайда болған. Құдай ең алғаш адамзат – Адамды жаратып, оған өзін танытқан және Адам әулеттерін өзіне сыйынуға үндеген. Уақыт өтуімен байланысты адамдар таза теориядан алыстап, түрлі бұттарға сыйына бастаған.

Діннің пайда болуы туралы екінші көзқарас пәнде ***материалистік көзқарас*** деп аталады. Осындай көзқарастардың пайда болуы антикалық дәуірге барып тоқталады – алғашқы көне юнон философтары бұл туралы өз пікірлерін білдірген.

***Теологиялық көзқарас*** *— діннің пайда болуы, тікелей Құдаймен байланысты деген болжам.*

Ғылым — дүниенің ләззаты. Ғылым адамзат үшін ең ұлы және киелі қасиет болып саналады. Ғылым бізге өзіміздің жағдайымызды, әрекеттерімізді айнадай көрсетіп тұрады. Ойымызды, пікірімізді қылыштай өткірлейді.

***Абдулла Авлони***

## НҰҚ ПАЙҒАМБАР ҚАУЫМЫНЫҢ БУДДИЗМДІ ЖАҚТАУШЫСЫ БОЛУ ТАРИХЫ

Ұлы пайғамбарларымыздың бірі болған Нұқ пайғамбардың қауымы буддизмді жақтаушы еді. Олар Суо деген әйел мен Вад деген еркек, Яғис деген арыстан мен Яуқ деген ат, Насыр деген бүркіт пен калхат көрінісіндегі буттарға сыйынатын еді. Ибн Жарир Табаридің айтуынша: Нұқ қауымы сыйынған буттар негізінде Адам мен Нұқ пайғамбарға дейінгі аралықта жасаған адамдардың аттарымен байланысты болған. Олардың өлімінен кейін қолдаушылары мен шәкірттері естеріне алғанда ғибадатқа күш-жігер берсін деген ниетпен суреттерін жасатып қойған әрі осы суреттерге сыйынатын болған. Сол дәуірдегі адамдар дүниеден өтіп кеткеннен кейін, олардың әулеттері дәуіріне келіп Иблистің алдауына сенді: «аталарың бұл суреттерге сыйынған, олардан береке мен жаңбыр тілеген», деп сол адамдардың рәмізіне ғибадат етуге үйретті. Барлығы мұндай амалдармен айналысып қалды. Сонымен буддизм пайда болды».

***«Тавсират-Табарий» кітабынан***

XVII ғасырға келіп Еуропада шіркеу әкімшілігінің құлдырауы, еркін пікірлейтін дін сыншыларының пайда болуы, XIX да Чарлз Дарвин жағынан «Түрлердің келіп шығуы» (1859) деген шығарманың баспадан шығуы да материалистік көзқарастардың дамуына түрткі болды. Кейінірек мұндай көзқарастар Август Комт пен Людвиг Бухнерлер жағынан биік шыңға көтерілді.

**Материалистік көзқарас —** діндердің пайда болуын алғашқы қауымдық адамдарының қорқуымен байланыстырады.

Осыған орай дін бұл қоғамдық құбылыс, адам ойының жемісі, сезімдер жемісі болып табылады. Мұндай көзқарасты қолдаушылардың пікірінше, діндер қарапайымдылықтан – күрделілікке, жалпылықтан – жекешелікке, көпқұдайылықтан – жекеқұдайылыққа қарай алыс тарихи эволюциялық жағдаяттарды басып өткен. Мұндай көзқарастарды қолдаушыларға орай ұйқы, түс көру мен тыныс алу сияқты жағдайларда денемізді басқаратын және өлім мен оддан ажыратып тұратын,

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Рулық және тайпалық діндердің қандай формаларын білесіңдер?
2. Бүгінде рулық және тайпалық діндердің қандай қалдықтары сақталып қалған?
3. Рулық және тайпалық діндердің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айтып беріңдер.

өмір беретін белгісіз бір күш бар екендігіне сенген ата-бабаларымыз, осындай күш қозғалып тұрушы әр бір нәрсе: дария, күн, ай, ағаш сияқты заттарда бар деп ойлағандар. Нәтижеде, адамзаттың қорқуы, құрметі, қажеттіліктері дәрежесінде оларға сыйына бастаған.



**Херберт Спенсер**
(1820–1903)

Материалистердің пікірінше, қорқу діндердің пайда болуында негізгі рол ойнаған сезімтал жағдай.

Ағылшын философы Херберт Спенсер (1820-1903) де алғашқы тайпа діндерінің пайда болуында қорқудың нәтижесінде «ата-бабаларға сыйыну» себеп болғандығын айтады. Спенсер қоғамдық есептерге сүйене отырып, өмір қорқуының діндердегі орны айрықша маңызға ие екендігін айтады.



Мұндай қорқудың ата-бабаларымызда ғибадаттың барша көріністерінің қалыптастырғандығын және тәңрілердің күшті немесе қаһарман болған ата-бабаларымыздан сұрыпталғандығын атап көрсетеді: әр бір дінде бабаларымызға айрықша назар аударғандығын көрсетеді.

Макс Мюллердің (1823-1900) пікірінше, діннің пайда болуы табиғат құбылыстарының адамзатқа бергеніне барып тіреледі және ол «натурализм» деп аталады.

Макс Мюллер яхудиліктің киелі кітабы Ведаларға сүйене отырып дерлік барша діндерде құдай аттары табиғат құбылыстарын білдіретіндігін айтып өтеді. Мұндай теорияны жақтаушылар діндердің пайда болуы мен қалыпта-



**Фридрих Макс Мюллер** (1823–1900)



суы анимизм, тотемизм, фетишизм мен шаманизм сияқты сатыларында пайда болғандығын айтып өтеді.

**Анимизм.** Ежелгі адамдар айналасындағы дүниедегі айуандар, өсімдіктер, табиғат құбылыстары сияқты әр нәрсенің жаны, яғни рухы бар деп ойлаған. Ежелгі Орта Азия халықтарының арасында кең тараған адамсынды аңыздық көріністерге ие болған жер, жалын, орман, су, тау және үй «рухтары» да осындай пайда болған.

Мысалы, ағаштарға сыйыну да анимизмнің бір түрі болып саналады. Сол себепті де, «Өмір ағашы» тақырыбы Өзбекстан халық қолөнершілігінде негізгі орындарды иелейді. Халықтарда адамның физиологиялық өлімінен соң рухының ары қарай жасауына деген сенімі оны көмуімен байланысты болған бірнеше салт-дәстүрлердің пайда болуына алып келеді.

**Тотемизм**. Алғашқы қауымдық құбылыстағы топтар туысқандық негізінде құрылған. Адам қоғамдық қарым-қатнастарының осы көріністерін сыртқы мұхитқа – табиғатқа да көшірген. Ұрықтардың жануарлар мен өсімдіктер дүниесімен байланысын олармен қандастықтың нәтижесі деп түсінген.

1938 жылы Сурхандария облысы Байсынтау тауларындағы Тесіктас үңгірінен табылған неандертал бала қабірі (мола) қазіргі Өзбекстан аймағындағы тотемизмге байланысты ең көне жәдігерліктердің бірі. Баланы көмуден алдын оның айналасы тау ешкісі (арқар) – арқардың мүйіздерімен оралған, бұл оның тотем жануарымен байланыстылығы болған пікірлерді оятады.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Төменгі сыныптарда тарих пәнінен алған білімдерің бойынша Макс Мюллер не үшін индуизмдің киелі кітабы Ведаларға сүйенгендігі туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.

## ТАРИХҚА НАЗАР

Ферғана аңғарының Сұқ аулынан табылған және эрамыздан алдыңғы II мың жылдыққа тән сыртқы көрінісінен оқ жыланға ұқсайтын тас тұмар Өзбекстан халықтары тарихы мұражайында сақтаулы.

Өгізге ежелден күш-құдірет пен еңбек өнімі рәмзісі ретінде қаралған. Кейбір археологиялық жәдігерліктерден тұтқыштары қой формасында жасалған ыдыстар табылған. Ежелгі ауыл адамдарында айуандарды қадірлеу әдеті біраз кең тараған.

**Фетишизм.** Заманауи діндерде фетишизм қадірлі бұйымдарға сыйыну, мысалы, христиандарда – крест, икона, мәйітке сыйыну, буддизмде – сондай заттар жасырынша сақталып қалған. Ырым-жырымдарға сенетін адамдар арасында тұмар бақыт келтіреді, көзмоншақ жаман көзден сақтайды деген сенім пайда болған. Тақа, тұмар, мойындарға тағатын түрлі кулондар сияқтылар заманауи фетиштерге мысал бола алады.





## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Өзбекстан ұлттық энциклопедиясынан анимизм, тотемизм, фетишизм, шамандық, сиқырлылық түсініктерінің лексикалық мағынасын біліп алыңдар. Оларға мысалдар келтіріңдер.



**Шаманизм.** Өзге ұлттарда болған сияқты Орталық Азия халықтарында да шаманизмнің түрлі көріністері байқалады. Балгерлік, жолын ашу, суыту, ілгірлік сияқтыларды шаманизмнің белгілеріне мысал етіп алуымызға болады.

Бүгінде де кейбір нәрселерді жоғалтқан адамдардың балгерге бару жағдайлары байқалады. Сол сияқты, сиқыр жолымен біреуге пайда не зиян жеткізуіне әрекет ететіндер де кездесіп отырады. Орта Азия халықтарында кейде бір адам ұзақ уақыт ауырып қалса, онда емделудің бірден бір жолы – рухтармен тілдесу керек екендігін ұқтырады. Мұндай адамдарды халық арасында «адамы бар» деп атайды. Дегенмен, көбінесе, мұндай жағдайлар қарапайым адамдарды алдау үшін ойлап шығарғандығын ұмытпауымыз шарт.

**Жануаралар мен құстарға сыйыну.** Орта Азия халықтарында, негізінен, төмендегі жәндіктер мен өсімдіктер қадірленген, кие тұтылған.

**Қаскыр (бөрі).** Ежелгі түрік аңыздарына қарағанда, Ашина тайпасынан болған жас нәрестені бөрі емізіп өсірген. Сол үшін де Еуроазия өңіріндегі түріктердің көк туын бөрінің алтыннан жасалған басы безеп тұрған. Бөрінің таңдандырған күшіне сенім осы күнге дейін аз болса да сақталған.

**Ат.** Атты қастерлеу түркітектес халықтар арасында ежелден бар болған. Мұны Оңтүстік Қырғызстан тауларындағы (Арауан, Айырмаш-Тау) жартастарға бітілген ат бейнесін де көруіміз мүкін. Бейнелерден айуандарды құрбандыққа шалу, шам жағу үшін ыдыстар жасалғандығын байқауға болады. Аттың қасиеттілігі туралы түсінік, дәшттерде жасайтын тайпаларда ғана емес, бәлкім дикан өнімдерімен шұғылданатын отырықшы елдер арасында да кең тараған.

Адамдар! Ең алдымен ізгі тәрбиеге ие болуына әрекет етіңдер, тәрбие заңының негізі екендігін ұмытпаңдар.

***Пифагор***

**Құстар.** Аңыздарға қарағанда, өзін Оғызхан әулеттерінен санаған түркі оғыздары бабаларының рәміздерін жамандықтардан асырайтын құстарда көрген. Қырғи, бүркіт, лашын, қаршыға сияқты құстар тайпа мүшелеріне береке мен бақыт алып келетін киелі жәндік деп санап, оларды атуға тыйым салған.

Өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен халықтары ежелден үкі, байұлы, бүркіт және лашын қауырсындарының күштеріне сенген. Бүгінге дейін де кіші жастағы ұл балалар мен кіші жастағы қыздардың бас киімдеріне, бесік пен желбесіктерін құстардың үкілерімен безейді. Орта Азия халықтарының арасында қырғауыл, тұстауық, қораздар киелі құстар болып саналған.

**Ағаштар.** Орта Азияда шынар мен шыршалар ежелден киелі күштерге ие нысан сипатында қадірленген. Оларға қыздар өзінің жүрек сырларын айтып, ағаштың бұтақтарына нышана байлап, армандарының орындалуына үміт еткен. Оңтүстік Түрікменстан, Өзбекстан мен Тәжікстанда шынар ағаштары өте күшті қадірленген. Түрікмендер шынардың кураған бұтақтарын отын орнында жағып, одан пайдаланудан қорқады.

Түрікменстандағы Феруза өңірі ұзындығы қырық метр келетін «Жеті ағайынды» шынарымен елге танылған. Сайрам аулындағы өте үлкен шынардың төрт метрлі кәуегінде бір кезде медреседе де жайласқандығын таңданумен айтуға болады. Ташкент қаласына жақын жердегі Бурчимулла аулында да өте үлкен шынардың зияратына келушілердің де соңы үзілмейді.



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Анимизм, тотемизм, фетишизм, шаманизм, сиқырлық сияқты алғашқы діни түсініктер арасында қандай ұқсастықтар бар? Олардың бүгінгі күндегі көріністері туралы мәліметтер беріңдер.
2. Алғашқы діни түсініктердің бүгінгі күндегі көріністері туралы көрнекіліктер (слайд) дайындаңдар. (MS Power Point).
3. Ежелгі Орта Азия халықтарының өмірінде анимистикалық, тотемдік, фешистік және шамандық түсініктерінің орны нелерде бейнеленген?
4. Тарих пәнінен ұлттық және әлем діндерінің қандай пайда болғандығы туралы мәліметтер жинаңдар.

# 5-§ ЯХУДИЛІК

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Яхудиліктердің Орта Азияға кіріп келуі қашаннан басталған?
2. Яхудиліктердің ертеде Орта Азияда жасағанын көрсететін қазбалар қашан және қай жерден табылған, олар қайсы дәуірге тән?
3. Орта Азиядағы яхудилер не үшін «Бұхара яхудилері» деп аталады?

## ДІН ТАРИХЫ

Яхудилік дүниедегі ең алғашқы діндердің бірі болып, шамамен, эрамыздан алдыңғы 2000 жылдықта Жақын Шығыста пайда болған. Ол тек яхудилік халқына тән ұлт діні болып саналады. Әбу Райхан Беруни өзінің «Алғашқы халықтардан қалған ескерткіштер» кітабында яхудилер аты соми тілдердегі «хода», яғни «таубе қылу, тәубе қылғандар» сөзінен келіп шыққан деген пікірлер бар екенін айтып өткен. Кең тараған пікірге қарағанда, «яхудилер» сөзі Жақып пайғамбардың баласы «Яхудо» атынан алынған.

> Ғылымдардың пайдасы – олардың көмегімен алтын мен күміс жинау емес, бәлкім адамгершілік пен данышпандыққа жету.
>
> ***Әбу Райхан Беруни***

Яхудилердің және бір аты Бани Исраил. «Исраил» сөзі Жақып пайғамбардың екінші аты. Ол «бану» — балалар деп аударма жасаған. Демек, Бану Исраил аты «Исраил әулеттері» мағынасын береді.

Яхуди халқына қарағанда «еврей» сөзі де жұмсалады. Бұл алғашқы соми тілдеріндегі «ибри» сөзінің өзгерген нұсқасы. Араб дереккөздерінде бұл сөз «абара, ябуру» —

*Айтылған аңыздарға қарағанда, Жақып пайғамбардың 12 ұлы болып, олардың төртіншісі Яхуда болады. 12 ұлдан 12 тайпа тарады. Яхуда ұрпақтарынан болған яхудилер басқа тайпаларды өздеріне бағындырды. Содан соң бұл тайпалардың барлығын «яхуди» деп айтай бастады.*



*Мұсаны қуып кетіп жатқан Фраун (папирусқа істелінген суреті)*

«кешіп өту» етістігінен пайда болған деп санайды. Осы діни деректерге қарағанда, алғашқы яхуди тайпалары Месопотамияда жасаған еді. Олар эрамыздан алдыңғы XV ғасырларда Ибрахым пайғамбар басшылығында Дажла және Фурот дарияларынан кешіп өткен.

Таурат, Інжіл және Құрандарда Ибрахым пайғамбардың немересі болған Жақыптың он бірінші ұлы Жүсіп еді деген пікірлер айтылған. Жүсіп және оның ағаінілерінің арасындағы қарым-қатнастары негізінде Бану Исраил қауымы Мысырға көшіп келген. Олар аздап Мысыр жерлерінде жасаған. Кейінірек Мысыр фрауны Бану Исраил қауымына зұлымдық жасағандықтан Мұса пайғамбар басшылығында бұл халық және Канон (Фаластин) жерлеріне қайтты.

Эрамыздан алдыңғы 722 жылда Исраил патшалығы Ассирия жағынан, 586 жылда Вавилон өкіметі жағынан басып алынғандықтан яхудилердің бір бөлігі өлкеден қуғындалды.



*Теңіздің екіге бөлінуі көрінісі (заманалық сурет)*

## ТАРИХҚА НАЗАР

Библиядағы аңыздарға қарағандаа, эрамыздан алдыңғы 1250 жылында яхудилер Мұса басшылығында Мысырды тастап кетті. Эрамыздан алдыңғы 1000 жылында патша Саул қайтыс болғаннан соң оның күйеу баласы патша Дәуіт Фаластинды бірлестіріп, Яхуди патшалығын құрды.



*Исраилдықтар Мысырда*



***Танах*** *алғашқы дереккөз болып, ол Таурат (Тора), пайғамбарлар (Невиим) және Кітаптар (Кетувим) деген үш бөлімнен тұрады.*

***Талмид*** *(ибранише — «үйрену») Таураттың мазмұнын сипаттайды.*



*Ұлы Жібек жолы*

## ЯХУДИЛІК ДІНІНІҢ ОРТА АЗИЯҒА ЕНУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ

Эрамыздан бұрынғы VIII ғасырларда кейбір яхудилер Исраилды тастап кетіп, Мысыр, Иран сияқты өлкелерден баспана табады. Орта Азияға яхудилері Согдияна мемлекеті дәуірінде, яғни эрамыздан алдыңғы II ғасырда кіріп келген. Олар Иран арқылы Марвқа келіп, ол жерден Бұхара, Самарқан, Шахрисабз және басқа аймақтарға таралды. Зерттеушілер олардың бұл жерге көшіп келіп, орналасқандығын «Ұлы Жібек жолымен» байланыстырады. Яхудилердің бояушылық бойынша маман болғаны олардың шикізат өнімдеріне жақындау жерлерге орналастыруына себеп болған.

Орта Азияда эрамыздан алдыңғы IX-X ғасырларда яхуди ұжымының саны көп және еркін болған. Олардан тек қана соғысқа жарамды болған еркектері ғана жизия салығын төлеген. Жиналған салықтардың тек қана жарымы өкімет қызынасына тапсырылған, қалған бөлігі ұжым бастығының еркінде болған.

Яхудилердің Орта Азияда жасағандығы жайлы дерек беретін археологиялық қазбалар алғаш рет зерттеушілер жағынан 1954 жылы Түркменстанның Марв және Байрамалы қалаларынан табылған. Бұлар ертедегі синагога қалдықтары, яхуди жазуында жазылған сапал бұйымдар болып табылады. Қазбалар Юнон-Бактирия және Парфия мемелкеті басқарған эрамыздан алдыңғы II эрамыздың I ғасырларына тән болған.

IX-X ғасырларда Орта Азияда карамилер деп аталған яхуди сектасы пайда болады. Бұл ағымды жақтаушылар тек қана Торани (Тауратты) мойындайтын, Талмутты қолдамайтын. Бұлар тұрғын яхудилерді кашрут (рұхсат етілген тағамдарды ғана жеу) ережесін бұзу, жергілікті халықпен араласып кету және яхудилік оңтүстік діни салттарымен айыптай бастайды.



*Караимдердің ұлттық киімі*



*Ташкенттегі Ашкенази синагогасы (1930 жылда табылған, 1966 жылғы сілкіністе бұзылып кеткен)*

XIII ғасырдың басында ертедегі яхуди ұжымы да дағдарысқа ұшырады. Сақталып қалған аз ғана яхудилер Бұхара және оның төңірегінде жасаған. Моңғолдар дәуірінде Хорезмде яхудилердің бір қалада 100 үйден асық болуы шектелген еді.

Әмір Темір және темурилер дәуірінде Мауарауннахр өлкесіне Ираннан біраз яхудилер көшіріп әкелінді. Олардың біразы Бұхарада жасаған. XVIII ғасырдың бастарында яхудилер Иран, Ауғаныстан, Хиуа, Қоқан және Бұхара қоғамдарына бөлініп кетті.



*Яхуди мектебі (Самарқан, XX ғасырдың бастары).*

XIX ғасырдың екінші жартысында Орта Азия яхудилері Бұхара әмірлігі төңірегінде жасағандықтан «Бұхара яхудилері» деген атпен танылған болса да, олардың негізгі бөлігі Самарқантта жасаған.

XIX ғасырға келіп Орта Азияның Қаршы, Марв, Хатирши, Шахрисабз, Каттақорған, Кармана, Марғилан, Душанбе қалаларында барлығы бір болып бір массивте жасаған.

1932 жылы Самарқантта яхудилердің театры құрылды. 1940 жылға дейін Орта Азияда яхудилердің иврит тіліндегі мектептері, кезеңдік және арнаулы баспалары бар болған.

Кеңес дәуірінің кейінгі жылдарында яхуди тілінде оқыту және мәдени қызметтер тоқтатылды. Дегенмен,

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

«XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының Орта Азияны басып алуы нәтижесінде яхудилердің Түркістан мен Бұхара қоғамдық топтарына бөлінуіне алып келді». Тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйене отырып, яхудилердің Түркістан мен Бұхара қоғамдық топтарға бөліну себептерін анықтаңдар.



*Яхудилер театры*



*Бұхарадағы яхуди жанұясы (XX ғасырдың бастары)*

яхудилік жеке ұлтқа ғана тән дін болғандығы үшін олар қайда жасаса да, олар бір-бірінен қанша алыста болса да, өз діні мен қасиетті кітаптарына сенуді жалғастыра берген.

1991 жылда Өзбекстан өз егемендігіне жеткен соң барша діндер, соның ішінде, яхуди дініне де еркін сену үшін кең жағдайлар жаратылды.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Бүгінде мемлекетімізде басқа діни конфессиялар қатарынан орын алған «Яхудилер қоғамдық топтары» қызмет етіп келеді. Осы айтылған сөздерді діни және бауырмалдықтың көрінісімен байланыстырып түсіндіріңдер.
2. «1170 жылы Самарқанда 30 мың яхудилер жасаған». Міне осы сөзіміз негізінде еліміздегі діни бауырмалдық концепциясы ежелгі құндылық екендігі туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.
3. Израил мемлекеті қашан құрылғандығын және қашан пайда болғандығын анықтаңдар.

# §6–7 ЯХУДИЛІК САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН АҒЫМДАР

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Яхудиліктегі Он әмір туралы не білесіңдер?
2. География пәнінен алған білімдеріңе сүйене оытырып, Синай (Тур) тауының жайласуын анықтаңдар.
3. Тур тауымен байланысты қандай аныздарды білесіңдер немесе естігенсіңдер?



*Мұса Он әмірін алған сәті (заманалық сүрет)*

## ЯХУДИЛІК ТЕОРИЯСЫ

Яхудилік консепциясы Құдай жағынан Мұсаға жүктетілген Он әмірге бағынуға негізделеді. Олардың сенімдеріне қарай, Он әмрі Мұса пайғамбарға Синай (Тур) тауында екі рет түсірілген.

Яхудилікке орай Мұса өз қауымының қолмен жасалған бұзауға сыйынып жатқандығын көріп, бұдан ашуланады және Құдайдың әмірлері жазылған үзінділерді сіндіреді, содан соң Құдай төмендегі Он әмірін қайтадан түсірген.

1. Дүниені жаратқан, жападан жалған Яхведен басқа күш жоқ екендігіне иман келтіру.
2. Яхведен басқаға ғибадат жасамау.
3. Құдайдың атын бостан-бос тілге алмау.
4. Сенбі күнін қасиетті күн деп санау және сол күні дем алу.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Он әмірде берілген заңдылықтарды тәрбие заңдылықтарымен байланыстыра отырып түсіндіріңдер.

5. Ата-ананы құрметтеу.
6. Адам өлтірмеу.
7. Зына жасаму.
8. Ұрлық жасамау.
9. Өз туыстары (яхудилер) туралы жалған куәлік бермеу.
10. Өз туыстарының үйіне, әйеліне, құлына, үй жануарларына, жалпы, оған тиісті заттарға қызықпау.

Осы әмірлер яхудилердің киелі дереккөзі болып саналатын Таурат (Тора) кітабында келтірілген. Таурат Мұсаға тиісті болған бес кітаптан тұрады:

1) «Болмыс» немесе «Алғашқы қауым»;
2) «Шығу»;
3) «Левит»;
4) «Сандар»;
5) «Екінші заң».

Тауратттың мәтіні ибрит және арамей (ескі яхуди) тілдерінде жазылған. Онда Израил халқының тарихы баяндалған.



*Талмид*



**ТАРИХҚА НАЗАР**

Иран патшасы Кир II жағынан Вавилон қолға ендірілегеннен кейін, яхудилердің біраз бөлігі Канонға қайтып, патшаның разылығымен екінші рет өзінің мемлекеттерін қайта тікті. Қалған бөліктері Шығысқа, негізінен, Орта Азияға көшіп кеткен.

## ҒИБАДАТ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

Яхудилікте ғибадат таң, пешін және шам уақыттарында болатын күнделікті әрі сенбі күні синагогада болатын апталық ғибадат формаларына бөлінеді. Апталық ғибадат (Шабат-Сабт) жұма күні Күннің батуымен басталады және сенбі күні соңына жетеді.

Сенбі күні от жағу, жұмыс істеу, әсіресе транспорттан пайдалану да шектеледі. Яхудилік теориясына қарағанда, Құдай дүниені алты күнде жаратып, жетінші күні дем алған. Сол үшін де яхудилер апта-

**Синагога** (грек. «топтану»; ибр. — «beyt kneset» — «топтану үйі») да ғибадаттар кемінде кәмелетке жеткен он ер кісі жиналғанда ғана өткізіледі.

«Тауратта» жәннат «Адан» атымен аталып, оның сиапаттары баяндалады.

Яхудиліктегі ғибадат — «авода ше – балев» ибр. — «Жүрек (көңіл) қызметі» деген мағынаны аңғартады.

ның жетінші күні – сенбіні дем алуға және ғибадатқа арнайды.

Ғибадат уақытындағы ең негізгі сәт пен негізгі шарттарының бірі «Таурат» орамаларының түйіндер ішінен шығарылуы мен рухани жақтан жоғары тондағы дауыспен оқылуы. Яхудилерде тек қана синагогада емес, үйде де ғибадат етіледі.



*«Мезуза»*

Үйлердің кіру есігінің төбесіне «мезуза» деп аталған, ұзын бір құбыр ішіне орама тәрізде қойылған «Таурат» туралы сөздер жазылған болады.

Үйге кіруде және шығуда яхудилер «мезузаға» қол тигізіп, саусақтарын сүйеді. Яхудилер «мезуза» оларды жауыз рухтардың жамандығынан сақтайды деп сенеді. Үйде алып барылатын ғибадат уақытында бас киім киіп, желкеге шекпен (талес) тасталады. Баталардың ең негізгісі болып саналған 16 түрі тік тұрған жағдайда айтылады. Басқаларын оқып жатқанда тізе шөгіп, жүрегіңді тебірентетіндей әрекеттер болады.

Сингаголарда, әлбетте, үш ұнсұр (элемент) орналасуы шарт. Бұл Арон Кодеш, Нер Тамид және Бимадир. Ауғаныстанға бағытталған қасиетті сандық (шкаф) – Аром Кодеш ішінде «Таурат» тұмарлары сақталатын арнаулы жай болады да, ол мешіттегі «мехробқа» (сандық) ұқсас міндеттерді орындайды және кіру есігінде болады.

**Нер Тамид** — (ибр. «әдеби шамшырақ») синагогада «Таурат» салынған сандық қарсы алдында жайғасып, әрдайым жанып тұратын шамшырақ болып табылады. Сингогаларда Нер Тамид Мұнарана елестетіп тұратын рәміз сыпатында қойылады.

**Бима** (немесе төбе, алмемар) — синагоганың ортасында жайласқан «Таурат» оқылатын орын.

## МЕЙРАМДАР

Яхудилерде Рош Ашона, Йом Кипур, Песах, Шавуот, Суккот, Симха Тора, Пурим, Ханукка мен басқа діни және ұлттық мейрамдар (ибр. – Йом тау – жақсы күн) болған.

**Рош Ашона** (ибр. — «жыл басы») яхуди ұлттық күнпараққа қарағанда жаңа жыл мерекесі тишре (қыркүйек-қазан) айының бірінші және екінші күндерінде аталып өтілетін болған.

Яхудилік теориясы бойынша бұл күнде адамзат Адам жаратылған және Құдай жағынан берілген шектеуді бұзып, пейіштен шығарылған .



*Нер Тамид*



*Рош Ашона мейрамының синагогада өткізілуі*



*Таурат оқу салты*

Он күнге созылған Рош Ашонаның соңғы күнінде Йом Кипур мейрамы болып өтеді. Бұл күні ешқандай жұмыс істелмейді, тек қана ғибадатпен айналысады. Яхудилер Йом Кипурда ораза тұтулары, синагогада қатты жылап, қылған күнәларына тәуба етуі шарт.

**Песах** (Расха) жылдық мейрамдар арасында ең негізгісі болып саналады. Ол нисан (наурыз-сәуір) айының он бесінші күнінен бастап сегіз күн жалғасады. Осы мейрам яхудилердің Мысырдағы құлдықтан азат болғандығы үшін атап өтіледі және сол күндері қамыртұрышсыз нан – «матса» істетіледі.

**Шавуот** (Шевиот) (ибр. — апталар) Песахдан кейінгі 50-күні атап өтіледі. Шавуот алғаш диқаншылық мейрамы болған, кейінірек Синай тауында Мұсаға «Таураттың» берілуіне байланысты атап өтіледі.

Суккот (шатырлар мейрамы) яхудилер Мысырдағы құлдықтан азат болғаннан кейін, шөлде шатырларда күн кешкендігін еске ала отырып өткізілетін салт. Ежелде яхудилер осы күндері Ауғаныстанға зияратқа баратын еді. Бүгінде бұл дәстүр өмірден шығып қалған



*Ғибадатқа шақыру үшін тартылатын шофар*

Ұлттық қасиетке ие **Пурим** (Тәттілік мейрамы) адар (ақпан-наурыз) айының 14-күні атап өтіледі. Осы мейрам Ауғаныстанда 1 күн, басқа жайларда 2 күн жалғасын табады.



*Жанұядағы «Песах» мейрамы*

Бұл мейрам Эстер деген қыз арқылы яхудилердің Иранда өлімнен құтылып қалғандығына арналады және онда көңілді көтеретін кештер ұйымдастырылып, тәтті пісіріктер таратылады.

**Ханукка** (ибр. — «жаңалану», «жаңғырту») яхудилердің Сурия королының Антиокасты жеңгендігіне арналған мейрам болып саналады.

Кислав (қараша-желтоқсан) айының жиырма бесінші күнінен бастап 8 күн жалғасатын бұл мейрамның қарапайым жай күндерінен бір-ақ айырмашылығы хануккия деп аталған тоғыз мүйізді шамнан әр күні біреуінің жағылуы.

**Яхудилікте көму салтының** да белгілі бір өзіндік ерекшеліктері бар. Адамзат өлгеннен кейін туыстары арнаулы бір киім киіп, шам жағады. Мәйітті ақ кепен (оқ кафан)ға орап, «Каддиш» (арамиша – «Киелі» синагогаларда оқылатын ғибадат дуасы) оқиды.

Мәйіт шыққан үйде бір апта бойы аза тұтылады және үйден шығарылмайды. Бір жылдан соң мәйітті еске алып «жылы» («Йорсайт») өткізіледі. Йирмкипур,



*Хамукка*






*Ауғаныстандағы бірінші үлкен синагога*

*3100 басыалдоқ арқылы Тур тауына шығу*



Суккот, Песах мейрамдарында еске алып «Йизкор» деп аталатын арнаулы дуалар оқылады.

## АҒЫМДАР

Ұзаққа созылған тарихи даму барысында басқа діндер сияқты яхудилікте де ішкі бөліністер пайда болды. Олар арасында ең кең таралғаны садуқилық, парыздық, эссенилік, хасидилік, қараим, реформашы, консерватив сияқты ағымдар.



*Садуқилар*

**Садуқилық** классикалық ағымдардан өзіндік ерекшеліктерімен басқалардан ажыралып тұрады. Осы ағымның уәкілдері, негізінен, үлкен жер иелері, жоғары топ уәкілдерінен (аристократтар) болған.

Садуқилық теориясына қарай рух мәңгі еместігі айтылады. Адамның қайта тірілуіне, періштелердің болғандығына қарсы болады. Садуқилар Құдай ешкімнің де жұмысына араласпайды, әр бір адам тағдырын өзі жаратады деп есептейді.

**Садуқи** атауы Сүлеймен пайғамбар патшалық еткен дәуірде рухани болған Садока (Садок) атынан келіп шыққан.

**Фарзилар** ибр. — «перушим» — «айры болу», «пәксізідктерден жырақ болу».

**Фарзилар** ағымы біздің жыл санауымыздан алдын II ғасырда сенім мен амалда садуқилыққа мухолиф тәрізде пайда болған. Сол сияқты, садуқилықтан өзгеше, фарзилердің түп-тамыры төмен және кембағал уәкілдерінен құралған.



*Фарзилер*

Яхудилік заң-ережелерін сақтауды талап ететін осы ағым Құдай әр бір нәрсені бақылауы, жаратқанға сай сабырлылықтың болғаны, өлімнен кейін қайта тірілуі, жәннат, дозах, періштелер, жаза мен сыйлықтардың барлығына сенуге негізделеді.

**Иссийим, яғни Эссанилер** садуқилық және фарзиліктпен бір дәуірде пайда болған классикалық ағымдардың бірі болып саналады. Эссанилердің сенімінің негіздері фарзилердікіне жақын болады да, олар адамдардың тағдыры алдыннан жазып қойылғанын, қайта тірілуі мен періштелердің болғандығына сенім білдіреді.



*Эссанилер*



*Эссанилер үйлерінің қалдықтары*

Мысалы, періштелер — киелі жаралғандар, «Аспан ұлдары», амалға асырылатын істеріне қарай «Нұрлар патшасы», «Зұлымдық періштесі», «Азаттық періштесі», «Мастемах (шайтан)», «Сақтаушы періштелер» сияқты топтарға ажыратылады.

Олардың теориясы бойынша, адам өлгеннен кейін оның рухы аспанға көтеріліп, жақсы рухтар мәңгі бақытты өмір кешіреді, ал жаман рухтар қатты аязда азапталады.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде пайда болған **хасидилік** («ибр. – «діндарлар») орта ғасыр ағымдарының ішінде ерекше орынға ие. Бұл теорияны жақтаушылар діннің маңызына ақылымен емес, бәлкім көңіл сезімдерімен иеленеді деген теория негізінде дін заңдылықтарын үйренуді емес, бәлкім діни наным мен тәртіпті бірінші орынға қояды.

Хасидилер сенбі күні мен мейрам күндері «Штраумл» деген қалпақ кигенімен басқа ағымдардан ерекшеленіп тұрады.



*Хасидилік ағымындағы яхудилер «штраумл» қалпақтарда*



*Бұхара яхудилері.*
*XX ғасырдың басы*



*Бұхара яхудилері.*
*XXI ғасыр*

Хасидилер өмірдің бар бойында тәртіпті қатал сақтап, «Тауратта» белгіленген бұйрықтарды толық орындауға әрекет етеді.

**«Реформашыл яхудилік»** заманауи ағымы XIX ғасырдың басында Германияда пайда болса да АҚШ-та қалыптасты. Осы ағымның пайда болуына Орталық Еуропада жасайтын яхудилердің өздері жасаған мемлекеттің мәдениетін үйренуге деген үгіттері идеялық негіз болып қызмет еткен.



*Реформашыл яхудилері*

«Реформашыл яхудилікке» тән ерекшелік оның көзқарастары бойынша «яхудилер енді бір халық (ұлт) емес, бәлкім бір қоғамдық топ, ежелгі яхуди заң-ережелерінен тек қана заманауи өмір тәрзіне сәйкес келетіндерін қабылдау мүмкін» дейді.

Мысалы, сенбі күнгі ғибадат жексенбіге көшірілген, синагогада әйелдермен қатар отырып ғибадат амалда-

Бүгінде реформашыл яхудилер саны Израилда шамамен 5-6 мың кісі болса, АҚШ-та жасайтын яхудилердің 40 пайызын құяды.

*Өзбекстандағы синагога*





*Ауғаныстандағы көз жасы қабырғасы*

рын орындауы әрі рухани сыпатында салттарды басқаруы да мүмкін.

Бұдан тыс ғибадат уақытында бас киім кию шарты жоқ. Басқаларда некелік қатынастарға кірісуге мұндай амалдардың орындалуы шарт емес. Ата-анасының қайсы бірінің яхудилігінен тыс перзенті де яхуди деп саналады.

Реформашы яхудилікке жауап ретінде консерватив яхудилік келіп шығады. Консерватив яхудилікте басқа дін уәкілдерімен тұрмыс құру қабылданбайды және тек қана яхуди анадан туылатын бала да яхуди деп саналады.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Яхудилікте пайда болған ағымдар арасында қандай жалпылылық пен бір-біріне қарсы болған идеялар бар?
2. Яхудилік дінінің өзіндік ерекшеліктерін айтып беріңдер.
3. Тур тауының ежелгі аттарын анықтаңдар. Яхуди қоғамдық топтарының дүниеге таралу картасын сызыңдар.

# 8-§ БУДДИЗМ



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйене отырып,төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Буддизм діні қашан және қай жерде пайда болған?
2. Бүгінде осы дінге сенетіндердің санын білесіңдер ме?
3. Буддизм діні таралған мемлекеттерді дүние жүзі картасынан көрсетіңдер.
4. Не үшін бұл дін әлем діні деп аталады?
5. Біздің өлкемізде буддизм діні қашан кіріп келген?
6. Ұлы Жібек жолының буддизм дінінің таралуындағы орнын түсіндіріп беріңдер.

## БУДДИЗМ



*Будда ескерткіші, Қытай*

Буддизм біздің эрамыздан бұрынғы VI-V ғасырларда Шығыс Үндістанда пайда болса да, арадан көп уақыт өтпей шығысқа қарай кең тарала бастады. Аңыздарға қарағанда, Будда өлімінен соң оның жансыз кеудесі күйдіріліп, күлі сегіз буддалық топқа жіберіледі. Оның күлі көмілген жайларға буддизмдік ступалары (күмбездері) құрылды.

Өзі пайда болған Үндістаннан хиндуилік әсерінде сығып шығарылған буддизмдік басқа мемлекеттерге кең таралған, әлем діні дәрежесіне шыққан.

Буддизм біздің эрамыздан алдыңғы I ғасырда Қытай, IV ғасырда Корея, VI ғасырда Жапония,VII ғасырда Тибет, XIII ғасырдан Монғолия, XVI ғасырға дейін Моңғолия, XVII ғасырдан XVIII ғасырға дейін Бурятия мен Тува, XIX-XX ғасырларда Америка мен Еуропа елдеріне кіріп келген.



*Жер асты мен жер үсті ғабадатханасы. ІІ-IV- ғасырлар. Қаратөбе*

## ОРТА АЗИЯҒА БУДДИЗМНІҢ ЕНУІ

Буддизм оңтүстік Өзбекстанның ежелгі және алғашқы орта ғасырлар тарихында терең із қалдырған дін болып табылады. Мемлекетіміз өңірінде буддизм мәдениетіне сай жәдігерліктердің табылғаны және оның зерттелуі, мазмұны жоғары бағаға лайық көркем шығармалар мен бұйымдардың табылғандығы да мұның дәлелі екенін сендер тарих сабақтарында оқыған-сыңдар.

Буддизмнің ең көзге көрінген жәдігерліктері біздің эрамыздан алдыңғы III-I ғасырларға тән. VII ғасырдың басында Термізде 10 буддизм монастыры (сангарама) мен мың руханилар болған. Орта Азияда V-VIII ғасыр-ларда буддизмнің орнын ислам діні иелене бастайды.

1927 жылда көне Термізде буддизмге тән бағалы жәдігерліктер бар екендігі анықталды. Терміз архео-логиялық кешен (комплекс) экспедициясының (ТАКЭ)



*Шри-Ланканың алғашқы астанасы. Анурадхапурадағы күмбез*

жұмыстарының нәтижесінде Қаратөбе мен Шыңғыстөбе басында екі үлкен буддизм монастыры болғандығы анықталды және герк-буддизм сәулеттерінің қалдықтары табылған ондаған жайларды айтуымызға болады.

**Айрытам**. Айрытам Термізден 7 км қашықтықта, Әмударияның ежелгі кешуі жанында, тік жағалауының оң жағында орналасқан.



*Айрытам жәдігерлігі*

Көне қаланың шығыс жағында буддизмді бейнелейтін көрініске ұқсайтын мұнара қалпындағы қам кірпіштен құрылған үйлердің бұзылған қалдықтары орналасқан.

1933 жылы археолог Михаил Евгениевич Массон қам кірпіштерден құрылған үйлердің қалдықтары, оның ішінде ескерткіш, тас каринздар, сәулет бұйымдары, тастан жасалған киелі жәдігерліктер, күйшілер мен ойшылдар, эхсан келтірушілердің формалары бейнеленген ескерткіштердің әшекейленген тас плиталары табылған.

**Қаратөбе**. Бұл төбе буддизм руханилерінің ең үлкен орталығы болып саналады да, ол Кушон империясы дәуірінде Терміздің сыртқы қабырғасының қорғауында болған. Ол қаланың сыртында орналасқан еді.

## МӘЛІМЕТ ҮШІН

*Буддалардың өмірімен байланысты көтеген оқиғалар жайлы аңыздар болған. Мысалы, Будда 84 рет рухани, 58 рет шаш, 24 рет шоқындырушы, 13 рет саудагер, 18 рет маймыл, 12 рет тауық, 8 рет қаз, 6 рет піл, сол сияқты, балық, құрбақа, көртышқан, қоян бейнелерінде 550 рет қайтадан туылған деген аңыздар да бар. Соңғы рет құдайлар оны адамзатты дұрыс жолға бастауы үшін адам бейнесінде жаратқан.*



*Будда. Қаратөбе, біздің эрамыздан алдыңғы III ғасыр*



*Будда. Далверзинтөбе, біздің эрамыздан алдыңғы IV ғасыр*

1961 жылғы экспедияцияның нәтижесіне қарағанда Қаратөбе үйлерінің үш қабаты табылған. Негізгі кешеннің үш бөлігі батыстан шығысқа қарай тіке тартылған. Арнаулы аулада Будда қабірінің рәмзі болған «Ступа» орнатылған.

Файозтөбе. Қаратөбенің шығысынан 80 метр қашықтықта Файозтөбе ғибадатхана-монастырының кешені анықталды. Файозтөбе ғибадатханасы тік төртбұрыштан құралған.

Үй үш тең бөлікке бөлінген, олардың әр бірінде екі аула болған. Бір бөлігінде жасайтын бөлмесін ішіне алған монастыр (шоқындырушы хана) орналасқан.

Онда монахтар жасаған. Одан тыс тамақтанатын хана, асхана, нан жабатын хана сияқты қосымша ханалар болған. Үшіншісі ғибадатханаға ұқсас орталық бөлме саналған да, қабырғалары да кірпіш пен пахсадан құрылған, сабанлаймен сыбалған және ақталған.

Далверзинтөбе. Сурхандария облысы, Шоршы ауданында орналасқан Буддизмдікке тән осы жәдігерліктер 1962 жылы анықталған.

Осы көне қаладан тыс және бір буддизмдік ғибадатханасы, вино дайындайтын құрылымдары мен өлікті көмуге арналған орындар табылған.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Буддизмдіктің Орта Азияға беттеуі қайсы дәуірлерден басталғандығын естеңдер.
2. Бұл дәуірден Орта Азиядағы халықтар қайсы дінге сенген?
3. Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып мемлекетіміздің аймақтарында буддизмнің тараған жерлеріндегі мәдени өмірі туралы мағлұмат жинаңдар.

Осы қалашықтан Орта Азия аймақтарында бірінші рет лайдан жасалған және жақсы сақталған Будда бейнеленген, сонымен бірге көптеген басқа ескерткіштер, әшекейлер, діни салт бұйымдары мен теңгелер табылған.

Ғибадатханадағы Будданың тік тұрған ескерткіші өте жақсы сақталған: оның аяқтары жақсы сақталған, киімдерінің бүрмелері анық, бұлардың баршасы тынық қызыл түске боялған. Будда шаштарының түптері, негізінен, қара реңде, төбесі қызыл түсте. Дәл осы реңмен қасы мен көздерінің қарашықтары сызылған.

Қува. 1957 жылы Ферғанадағы Қува қаласының бұзылған қалдықтарында архитектура мен сәулетшілердің ғажайып үлгісі болған буддизм ғибадатханасының қалдықтары табылған. Осы материалдар Ферғана облысында VII ғасырда буддизм діні кең тарағандығына дәлел болады.

Бұл дәуірде Орта Азияның басқа да аймақтарында зардуштилік діні, мысалы, оның жергілікті діни салттарын бойына сіңдірген формасы өктемдік жасаған. Бүгінде елімізде буддашылықтың ламаизм бағдары тараған.



*Шаш Хивишка дәуіріне тән теңге*

*Бодхисатва, Файозтөбе, біздің эрамыздан алдыңғы II- III ғасырлар*



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Біздің эрамыздан алдыңғы I-III ғасырларда Өзбекстанның оңтүстігінде қандай мемлекет болған?
2. Бұл дәуірде қайсы патша басшылық жасаған?
3. Не үшін буддашылық мемлекет дініне айналған?
4. Берілген суреттер бойынша сол дәуірдегі мемлекеттің буддашылық дініне деген көзқарастарын түсіндіруге әрекет етіңдер.
5. А. Зияның «Өзбек мемлекетшілігінің қалыптасуы» кітабынан Кушон империясы мен буддизм діні туралы мәліметтерді табыңдар.

# 9-§ БУДДАШЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Белгілі бір діннің әлемдік дінге айналуына нелер себеп болуы мүмкін?
2. Буддашылық теориясы не себепті бүкіл әлемге тараған?
3. Сендер көрген көркем фильмдердің арасында будда монахтары туралы бар ма? Монахтардың әдебі мен тәртібіне бағынуы жөнінде пікір айтыңдар.

Әр бір ұлттың Будда теориясын өз тілінде оқып-үйрену мүмкіндігін буддашылықтың түрлі аймақтарға таралуына жағдай жаратқан. Біздің эрамыздың бірінші ғасырында буддашылық мүлдем басқаша өң алады. Будданы киелі күш деп санап, құдай дәрежесіне көтеріледі әрі оған сыйына бастайды.



*Бадхисатва, Делварзинтөбе. III ғасыр*

## БУДДАШЫЛЫҚТАҒЫ ҚАСИЕТТІ МӘТІНДЕР

Буддашылықтың қасиетті дереккөзі «Трипитака» (санскритше «Үш себет даналық») үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – «Виная-питака» (санскритше – «Тәртіп мөлшерлері кітабы») буддашылар тобы «санха» құрамына кіру тәртібі, монахтардың құлқы мен әдебі әрі діни салттарына бағынатын заңдылықтары мен оған бағынбаған жағдайда берілетін жазалардың мазмұнын өз ішіне алады.

Екінші бөлім – «Сутта-питака» (санскритше – «Дуалар кітабы») көлемі жағынан ең үлкені саналады. Онда, негізінен, «төрт асыл ақиқат» туралы сөз айтылған. Будда теориясы шәкірттері тілінен мысал, сұхбат, насихат,

аңыз, нақыл сөз, дастандар түрінде баяндалған. Сол сияқты, осы бөлімде Будда тобының («сангха») құралуы мен оның шәкіттеріне тән мағлұматтар да келтіріледі.

Үшінші бөлім – «Абхидхарма-питакада» (санскритше – «Діни-философиялық мысалдар кітабы») діни теорияның негізгі ережелері баяндалған, сол сияқты буддашылық практикасының философиялық маңызы ашып берілген. Мәтін жазу тәсілі мен тілінің қиындығы үшін буддашыл монахтар оларды тек қана ұстаздарынан оқу арқылы біліп алған.

«Трипитака» мәтіндеріне уақыттың өтуімен байланысты өзгерістер, жөндеулер мен қосымшалар ендірілген. Мұндай өзгерістер буддашылықта өзіндік бағыттар пайда болуына жағдай жаратқан.

«Трипитаканың» алғашқы мәтіні санскрит тілінде жазылса да, уақыт өтіп асыл мәтіндер жоғалып кеткендігінен тек қана тибет, қытай және жапон тілдеріне тәржіма жасалған үлгілері сақталып қалған. Мазмұндық жағынан «веда» (санскритше – қасиетті білім) және брахмандық философиялық көзқарастардан бейтарап болған буддашылық дереккөздері, өзінің әлеуеттік стилдегі талқысымен қарапайым халыққа түсінікті болған. Мысалы, «махаяна» дәл осы өзгешеліктерімен буддашылықты Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияға тарауын қамтыған. Эрамыздың бірінші ғасырынан бастап буддашылық Қытай, Корея, Жапония, Шри-Ланка, Бирма, Тайланд, Вьетнам, Кампучия, Лаосқа дейін жеткен.

*Будда білім арқылы азаптан құтылу мүмкіндіктерін ұқтырады. Буддашыл данышпандардың пікірінше, әр бір адам көп ізгі және жақсы жұмыс істеу арқылы Буддаға айналуы мүмкін.*



*Буддашылық дінінің рәмзі «Дхармачакра». Ол «Заң дөңгелегі» деп те аталады.*

**«Рирвана» санскритше** — «солу», «өшу».
**«Рупалока» санскритше** — «жәннат».
**«Камалока» санскритше** — «дозах», «ең түпкі дүние».
**«Трипитка» санскритше** — «үш себет даналық» деген.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Берілген мәтінді оқыңдар және буддашылық теориясының негізі жөнінде пікірлесіңдер.

*Будданың пікірінше, адамзат «Панча шилаға» (санскритше – бес насихат) бағыну, адам өлтіру, ұрлық, алдау, өтірік айту, мастандыратын нәрселерден сақтауы шарт.*

Будданың 84 мың насихаты 108 томнан тұратын «Кангюрде», оның талқысы мен мазмұны 225 томнан тұратын «Тенгюр» кітаптарында бейнеленген. Сол сияқты Будда өміріне арналған және эрамыздың II ғасырында жазылған «Махавосу», эрамыздың II-III ғасырларында жазылған «Лалитавистара» («Будданың өмірі»), буддалық философ Ашвагхоша жағынан эрамыздың I-II ғасырларында жаратылған «Буддхачарита», эрамыздың I ғасырында жазылған «Абнихишкрамансутра» мен «Ниданакатха», «Дхаммапада» («Дхарма жолы», «Будданың пікірі мен идеялары») сияқты шығармалар буддашылдықтың негізгі дереккөздерінен саналады.

***Бодхисатва*** *— пәуанаға жеткен, бірақ жанды заттарға махаббатымен одан бас тарқан адам.*

## БУДДАШЫЛДЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Будданың өлімінен кейін шәкірттерінің арасында бөлінулер келіп шықты.

Хинаяна (санскритше — кіші арба) бағыты дәстүрлі көзқарастарымен бірге Будда теориясына қатал логикалық ізшілдік беруге әрекет етті. Буддашылдықтың

*«Будданың өлімінен соң оның денесі отта күйдіріледі. Будда шәкірттерінің бірі сол жерден Будданың тісін тауып алады да, бұл тіс ғибадатханада сақталған. «Будданың тісі» ғибадатхананың жер астына, күмістен жасалған қоңырау ішінде алтын ыдыстарда сақталған» деген аңыздар бар.*

алғашқы бағыттарының бірі, одан қуат алудың тар жолы хинаяна эрамыздан алдыңғы І ғасырда пайда болып, оның негізгі ережелері «Трипитакада» баяндалған.

Хинаянада «Будда тісіне сыйыну», қасиетті жерлерді зиярат қылу сияқты шектен тыс салттар пайда болған. Буддашылдардың қасиетті жері Шри- Ланка болып саналған. Бұл жерге түрлі мемлекеттерден осы дінге сенетіндер келеді. Шри- Ланканың алдыңғы астанасы Канди қаласында дүниеде аты таралған «Будданың тісі» ғибадатханасы орналасқан.

**Махаяна** (санкритше — үлкен дөңгелек) бағыты Будда теориясының барлық жақтарын реформа жасады. Буддаға құдіретті өң беріп, діни салт пен ғибадатты жариялады. Осы жерлердің жергілікті құндылықтары мен басқа діндермен араласуы ламаизм, важраяна, дзен (чан) буддизм, тянтай, дхиана сияқты бағыттардың пайда болуына жағдай жаратты. Құдайға жету жолдары баршаға мүмкін сияқты «махаяна» бағыты «*үлкен араба*» деген атты алған.

*«Өзіңе зиян тимесің десең, өзгелерге зиян келтірме, басқаларға зиян тигізсең, өзің де зиян көресің. Бақылдық барша бақытсыздықтардың себепшісі.*

***Будда***

*Ташкенттегі Будда ғибадатханасы*





*Будда монахтармен бірге. Файозтөбе. Эрамыздан алдыңғы I- II ғасырлар.*

**Дзен буддизмі** V–VI ғасырларда Қытайда пайда болған махаяна бағытындағы мектептердің бірі болған. Оның негізін салушы аты аңызға айналған монах Бодхидхарма болады. «Дзен» (латынша – *медиатация, пікірді жинақтау, терең ойлап пікір шығару*) буддизмінің негізгі ерекшеліктері — теориядан практикаға, діни насихат пен заң-ережелерді жаттаудың орнына пікірлеуге айрықша көңіл бөлгендігінде.

Дзен буддистері қолмен еңбек ету, өнердің түрімен шұғылдануға терең мән береді. Дзен буддизімінде сыртқы дүниеден үзіліп, әдеби қиындықтардан шеттеу және пікірді бір нүктеге топтауға айрықша мән береді.

Бүгінде дүние бойынша дзен буддистері 10 миллионнан артық, олардың 85 пайызы Жапонияда. Дзен ғибадатханалары діни, саяси және мәдени орталыққа айналып, жастардың ой-өрісі, тұрмыс жағдайлары және жұмыстарына үлкен әсер етуде. Әсіресе, дзен өнері қытай мен жапон мәдениеті салт-дәстүрлерінің біріне айналған.

**Ламаизм** (тибетше — *ең ұлы*) VII-XIV ғасырларда Тибетте махаяна арқылы пайда болған.

«Кангюр» және «Тепгюрде» айтылған барша заңдер мен ережелері мен талаптар ламаизм сенімінің негізін құрайды. Ламаизм теориясы бойынша адамзат тек қана ламалар арқылы қуат алады, күнәларынан тазарады, олардың көмегінсіз қарапайым адамдар да пейішке бара алмайды.

Будданың Жер жүзіне қайта оралуы мен дүниеде әділеттілікті орнатуға сенім ламаизм теориясында маңызды орынға ие.

*Кемшілік пен нұқсандарды көрсетіп, сен үшін қайғырған данышпанның етегінен ұста. Ол зат қазынаға елтетін жолбасшыға ұқсайды және сен ешуақытта кем болмайсың.*

***Будда***

Құдайлардың өкілі болып саналатын ламаларға және дүниелік әкімшілкке сөзсіз бағыну, ғибадат пен ырым-жырымдарды керемет өткізу, қасиетті кітаптардың талқысын театрландырылған қойылымдарын баяндау ламаизмге тән ерекшелік болып табылады. Адам өлтіру, ұрлық, алдау, жала, өсек, бос сөз, жариялылық, кек сақтау, зына жасау ламаизмде де ауыр күнә саналған.

«Ламаизм» тибеттіктердің негізгі діні саналған. Тибетте 3000-нан артық буддашылдық ғибадатханалары бар. Сол сияқты, ламаизм Ресейдің Бурятия, Тува, Алтай сияқты өңірлерінде де кең тараған.

Необуддизм XX ғасырдың 40–50–жылдарынан бастап кең тарала бастаған ағым саналады да, Бирма, Тайланд, Лаос, Ветнамның жергілікті зиялыларының азаттық және ұлттық оянуымен болған әрекеттеріне байланысты болған. Оның негізінде заманауи талаптарға жауап беретін дамытушылық идеяларды үгіттеу мәселелері жатады. Ақыл мен сананың маңызсыздылығы, діннің одан қуат алуы анықталып, буддашылық идеяларын түсіндіруде білу теориясы методтарынан пайдаланылады. Ұлттық еркіндік күресінде белсене қатысқан необуддизм ағымы діни-реформашылық әрекеттерінің күшеюіне үлкен әсер етті.



*Далай-лама*

*Ламаизмнің ұлы діни жақтаушысы Далай-Лама (тибетше –«теңіздей ұлы») туылған жанзаттардың ең ұлысы, «бодхисаттва-ның» Жердегі көрінісі, тірі құдай саналған.*

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Буддашылдықтың негізгі дереккөзі болып саналған «Трипитака» қандай мағынаны аңғартады?
2. Буддашылдық теориясындағы ағымдардың жалпы және өзіндік ерекшеліктері нелерден тұратындығына көңіл бөліңдер.
3. «Адамзат өзіндік қасиетке ие жанзат болып туылады, өзін-өзі өлтіреді немесе құтқарады». Бұл мәтіндегі «өзін-өзі өлтіреді» деген сөзге мысалдар келтіріңдер.

# 10-§ ХРИСТИАНДЫҚ

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Христиандық діні туралы не білесіңдер?
2. Халқымызға тән болған діни бауырмалдық құндылық дегенді қалай түсінесің? Пікірлеріңді мысалдармен дәлелдеңдер.
3. Осы мәтінді оқыңдар және «этникалық сабырлылық», «бауырмалдық» түсініктері халық өмірінде қандай орындар иеленгендігін түсіндіруге әрекет етіңдер.

*Этникалық сабырлылық, бауырмалдық өмірдің борандарынан аман қалу және даму үшін қажетті табиғи мөлшерлерге айналады» (Ислам Каримов).*



*Иса Масих (заманалық сурет)*

## ПАЙДА БОЛУЫ

Эрамыздың I ғасырында Фаластинде пайда болған христиан дініне сенушілер сан жағынан дүниеде бірінші орында тұрады. Жер жүзі халқының шамамен 2 миллиардтан артығы бұл дінге сенеді. Сол үшін де христиандық әлем діні сыпатында есептеледі.

Христиандық теориясының пайда болуы Иса Масихтың атымен байланысты. Иса атты тұлғаның ғылымда мифологиялық және тарихи көзқарастар бар.

Мифологиялық көзқарасты қолдаушылар Иса Масихтың тарихи тұлға екендігі туралы дәлелді мәліметтерге ие емес деп санайды. Олар христиандықтың Фаластиннің сырт жағында пайда болғандығын айтып өтеді. Сол сияқты, Иса Масих туралы айтылған аңыздарға қарағанда Шығыста тараған кейбір құдайлардың өліп, қайтадан тірілуіне ұқсайды. Инжилде қарама-қарсылықтар және әр түрлі талқылардың болуы мұның дәлелі деп келтірілген.

Тарихи көзқарас өкілдері Иса Масихты христиандық теориясы негіздерін қалыптастырған, жаңа дінді үгіттеген тарихи тұлға деп санаған. Олар бұл туралы теориялық мәлімет беретін бірталай тарихи деректерге сүйенген. Мысалы, осындай деректердің бірі Иосиф Флавийдің «Көне теория» (Қадмиёттар) шығармасының Рим прокураторы Фонтий Пилатқа арналған тарауында Иса жаңа нанымды насихаттағандығын және оны көптеген яхудилер мен юнондардың қолдағандығын айтып өткен. Исаға сапарда жүргенде көптеген адамдар оған шәкірт болған. Оларды хаворилар (юнонша — «апостол» — «*жәрдемші*») деп атаған.

Христиандық теориясына орай Исаның шақыруы, әсіресе, ел басшылары, тайпа басшылары мен яхуди монахтары жағынан өктемдік өткізген. Жуда Искариот деген шәкіртінің сатқындығынан Иса Масих 33 жасында ұйымдастырушы сыпатында айыпталады. Христиандық деректерге қараған, Иса монахтардың талабына орай Голгофа төбесінде халықтың көз алдында хашқа

*Иса Масих туралы мәліметтер, негізінен, діни деректерде болады. Исаның атына қосылатын Масих сөзі көне яхуди тілі - ибридағы «машиах» сөзінен алынған «сыланған» немесе «сыйланған» мағыналарын береді.*



*Иса Масих және оның 12 көмекші шәкірттері (заманалық сурет)*

(крестке ұқсаған ағаш) шегеленеді. Оның теориясы хаворилер жағынан жалғасады және көптеген адамдар христиан дініне қосылады. Өктемдік иелері өздерінің әкімшілігін тіктеу мақсатында христиан дінін қабылдайды.

## ОРТА АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ХРИСТИАНДАР

Христиандық Орта Азияға, әсіресе, Өзбекстан аймағына екі жолмен енді. Біріншісі, христиан миссионерлерінің үгіттеулерімен, ал екіншісі өлкені Ресей жағынан басып алынуы мен христиан дініне сенетін халықтардың көптеп көшіп келуі.



*Марв*

III-V ғасырларда христиандық көшпелі түркі тайпаларының арасында да танылған. Оны бұл дінге Эпископ Илия шақырған – ол «түркілер аростолы» атағына ие болған.

Христиандықтың Иран, кейінірек Орта Азияға таралуы бұл дін өкілдерінің, алдымен, Византия, соңыра Сосоний ел басылары жағынан өктемдік өткізуімен байланысты болған.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

*Мәтінді оқыңдар және орта ғасырлардағы діни бауырмалдық түсінігі туралы пікірлеріңді айтыңдар.*

*Христиандар мұсылман мемлекеттерінде медицинамен шұғылданып, жоғары лауазымдарда да істеген. Атақты насрони медигі Әли ибн Сахл Раббаий 808 жылда туылған, әкесі Марв әкімінің хатшысы болған. Раббаий философ әрі метаматик болған. Плутонның «Алмагест» шығармасын юноншадан тәржіма жасаған. Сондан соң «Раббай» - оқытушы деген дәреже берілген.*

**Араб геогрофы Ал-Киндий**

Марвда IV ғасыр басында епископтық, V ғасырдың басында митрополия құрылады. Түрлі ғибадатхана мен монастырлар митрополияның жақын және алыс аймақтарында өз жұмыстарын ешқандай қарсылықсыз жалғастырады.

Митрополиялар. Көне Суғдта христиан өкілдері өздерінің діндеріне қарсылықсыз сыйынған және діни салт-дәстүрлерді еркін амалға асырған. Бұл осы аймақта жергілікті адамдарға діни нынымдық еркіндіктеріне жағдай жаратқандығын байқатады. Мысалы, бұл дәуірде Ургутта христиандар шіркеуі, зардуштилер және буддашылар ғибадатханалары қызмет еткен.

VIII ғасырда Моуарауннахр араб халифасы құрамында болған дәуірінде мұсылман қоғамында христиандар басқа дін өкілдеріне қарағанда көбірек жеңілдіктерге ие болған, сонымен бірге жоғары лауазымдарда қызмет еткен.

X ғасырдың орта шенінде Орта Азияда ислам діні кең тарап, Ургуттегі христиандық шіркеуінің дамығандығы соншалық, араб географы Әбу Мухаммад Қасым ибн Хавқал оны жерге және әр түрлі жеке мүлкшілік формаларына ие үлкен монастыр деп сипаттайды.

Әмір Темір дәуірінде де діни бауырмалдық мұхиты сақталып қалған. Кастилия елшісінің айтуына қарағанда Самарқантта түрлі дін өкілдері жасаған. Жызах облысында Винкерд өңіріндегі олардың қабырғаларынан



*Ресей,*
*1930 жылдары*

*Ұрлық жасама, өзіңнің қолдарыңмен пайдалы ең ет және мұқтаждарға жәрдем бер.*

***Библия***

XX ғасырдың екінші жартысында Самарқанның Регистан алаңында орындалған археологиялық жұмыстар нәтижесінде христиандық әдет-ғұрыптары бойынша көмілген бірнеше қабірлер табылған.

христиандық тарихына тән Иса Масихтың балалық шағы бейнеленген суреттер табылған.

XIX ғасырда христиандардың Түркістанның оңтүстік аймақтарына енуі Ресей тарапынан өлкенің басып алынуымен байланысты болған. Әскери қосын құрамдарында монахтар да болған. Әскерлердің діни қажеттіліктерін қандыру мақсатында көшпелі ғибадатханаларды қалыптастырған. 1850 жылда Копалда алғашқы қажетті ғибадатхана құрылған. 1871 жылы орыс императорының Ташкент және Түркістан епархиясын құру туралы жарлығы шықты. Алғашқы шіркеулердің көпшілігі қарапайым болған, оның қоңыраулары да болмаған. Христиандардың көбеюі XX ғасырдың соңынан бастап бірнеше сол дәуірдегі заманауи шіркеулерден кем емес үйлердің пайда болуына алып келді.



*1917 жылдан кейін шіркеулердің мал-мүлкінің конфискациялануы*

Орта Азияға католик және протестант бағыты өкілдерінің кіріп келуіне бірінші дүние жүзілік соғыста тұтқынға алынған неміс, поляк, эстон, швед, литва, латыш және басқа еуропалық әскерлердің Түркістан өлкесіне сүргінделуі себеп болған. Бұл, өз орнында, еуропалық плендердің арасында діни Қоғамдық топтар құру туралы шіркеулер пайда болуына алып келді. Ташкентте бірінші католик шіркеуі 1917 жылы құрылды.



**ТАРИХҚА НАЗАР**

1920-1930 жылдары дерлік барша католик ғибадатханалары жабылды.

1930 жылда Лютеран протестанты шіркеуінің қызметі тоқтатылды. Христиан шіркеуіне тиісті құндылықтар жинақталды.

1917 жылы 27-қазан айында II Бүкіл Ресей съезінде жер туралы декрет қабылданды. Осыған орай шіркеуге тиісті жерлер мемлекетке өткізілді.

Кеңес өкіметінің дін және діндарларға деген кері көзқарастары басқа дін өкілдерін де шеттемеді. 1920 жылы, алдымен, Ресей православ шіркеуіне қарсы шабуыл жасады. Мыңдаған православ монахтары атылды, қамаққа алынды және жер аударылды. Діни қызметкерлер мен монахтар қатты соққыға ұшырады. Көптеген ғибатадханалар жоқ болды немесе жабылды. Өте көп иконалар мен шіркеуге тиісті кітаптарды жақты.

1920–1930 жылдары барша католик ғибадатханалары жабылды. 1930 жылы дерлік барлық католик ғибадатханалары толық жабылып болды. 1930 жылы Лютеран протестант шіркеуінің қызметі тоқтады. Христиан шіркеуіне тиісті қадрияттар тапталды. 1931 жылы XV ғасырға тән Гутенберг Библиясы совет өкіметі жағынан лондондық аукционшыға сатылды. Осы Библия Иоганн Гутенберг жағынан 1450 жылы 180 нұсқасы баспадан шығып, одан тек қана 47 нұсқасы сақталып қалған еді.



*Ғибадатханалардың бұзылуы*



*Мәскеу, Иса Масих ғибадатханасының жарылуы, 1931 жыл.*



*Иоганн Гуттенберг.*



*XX ғасырдың ортасы*



*XX ғасырдың соңы*



*XX ғасырдың басы*



*XX ғасырдың соңы*

Екінші дүние жүзілік соғыстағы жағдайларды ескере отырып, кеңес өкіметі 1943 жылы Ішкі істер министрлігі құзырында Рус православ шіркеуі істерінің уәкілдігі, 1944 жылы барша діндер үшін жауапты Дін істері бойынша уәкілдік құрылды. Ресей аймағындағы шіркеу мен ғибадатханалар Синодқа (православ шіркеуінің басқару органы) қайтарылды. Дегенмен бұл мәселе көпке созылмады – соғыс бітуімен кеңес өкіметінің діндарларға деген қатыгездігі өрбіді. Діндарларды репрессиялау және дінге қарсы үгіттеулер қайта тіктелді. Қайтарылған аймақтардағы діндарлар мен монахтар қатаған етіле басталды. «Дін афюн (алдамшы)» деген идея және қайтадан тіктелді.

Тәуелсіздіктің нәтижесінде Өзбекстанда түрлі діндерге тиісті құндылықтарды сақтау, барша азаматтарға өзінің сенімін амалға асыру үшін қажетті жағдайлар жаратты. Мысалы, 1995 жылдың қазан айында Ташкент қаласында «Бір аспанның астында» ұранымен халықаралық мұсылман-христиандық конференциясы өткізілді.



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Берілген мәтінді оқыңдар. Діни бауырмалдық түсінігі туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.
2. Берілген суреттерді баяндап беріңдер. 1-мен 2, 3-пен 4-суреттердің ортасында қандай ұқсастықтар бар?
3. 2- және 4-суреттерді Өзбекстан Республикасы Конституциясының 4-, 31-. 49- статьяларымен байланыстыра түсіндіріңдер.

# 11–12-§ ХРИСТИАНДЫҚ ТЕОРИЯСЫ

## БЕЛСЕНДІРУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Христиандық дінінің дүние жүзіне таралу картасын сызыңдар.
2. Христиандық алғаш қайсы аймақтарда таралған?
3. Оның әлемдік дінге айналуынадағы тарихи жағдайларды анықтаңдар.
4. Христиандықта алғашқы бөлінулер қашан болған, оның тарихи себептері неде?

## ҚАСИЕТТІ КІТАПТАРЫ МЕН САЛТТАРЫ

Христиандықтың қасиетті кітабы «Ежелгі Аһд (серт)» пен «Жаңа Аһд (серт)» деп аталатын екі бөлімнен құралған «Библия» (юнонша – «кітаптар») саналады.



*«Библия»*

«Ежелгі Аһд (серт)» «Таурат», «Забур» және басқа бірнеше кітап пен әнұрандардан құралып, жалпы 39 кітап, яғни бөлімнен тұрады.

Иса Масих өз мемлекетіне жақындап келе жатқан ақырзаманды ескерту үшін Құдай жағынан жіберілгендігі «Библияда» айтылған дейді. Күнәларынан тыйылып, тәуба етуге және дұрыс жолға кіруге үндейді. Ол түрлі ғажайып сырлар көрсетіп, адамдарды емдейді.

Эрамызға дейінгі 313 жылда император Константин эпископтарға Исаның өсиеттерін жинау және кітап етуді бұйырды. Кітап түріндегі христиандық тарихы баяндалған «Жаңа Аһд (серт)» Константиннің өлімінен кейін Карфаген жиынында бекітілді.



*Ең бірінші Бүкіл Дүние жүзі Саборы 325 жылы Никея қаласында өткізіліп, онда сенімдік рәмзі деп аталған христиандық теориясының негізін құрайтын бас ақидалар кешені қабылданды. Қасиетті кітап аңыздармен (Папалар хаттары мен христиан соборларының қаулылары) толықтырылды.*

*Батыс Римнің құлауы*



Соборларына жинап тұрады. Мұндай жиындарға діни теориялық жүйе істелді және бекітілді. Христиандықта заңдылық мөлшерлері мен ғибадаттарды алып бару қалыптасты, оған қарсы шыққандарға қарсы күресу әдістері белгіленді.

Христиандық теориясы бойынша бірнеше салттарда Қасиетті Рух қатысады және дәл сол себепті олар сырлы деп аталады. Мұндай салттарға шоқындыру (христиандық дініне кіру), евхаристия (нан мен винодан ішіп-жеу), монах дәрежесін беру, тәуба жасау, миро сүрту, елей майын сүрту, некелер енеді.

## ТАРИХҚА НАЗАР

Батыс Рим Империясы құлағаннан соң (476 жылы), Римдегі дүние әкімшілігі шіркеудің қолына өтеді. Нағыз осы уақыттан бастап Рим епископы Рим Папасы дәрежесін алады.

Империяның шығыс бөлігі Византияда күшті император әкімшілігі сақталғандықтан шіркеу императорға бағындырылды. Дегенмен Рим шіркеуі Константинопол шіркеуін өзіне бағындыра алмады. Христиан шіркеуінің католик және православ шіркеулеріне ажырап кетуі Рим Папасы мен Константинопол патриархының христиан әлемінде жетекшілік жасау үшін алып барған жұмыстары негізінде пайда болды.

## ХРИСТИАНДЫҚ БАҒЫТТАРЫ

1054 жылы христиандық бойынша бөлінулер нәтижесінде православ (Шығыс христиандық) және католик (Батыс христиандық) шіркеулері пайда болды.

Тарихи жақтан қарағанда христиандықтың шығыс бағыттары бойынша қалыптасқан православтық, негізінен, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Балкан жарым аралы мемлекеттерінде тараған.

Православтық теориясының негізі Қасиетті кітап (Библия) пен Қасиетті аңыздардан құралған. Православтықта сырлы салттар маңызды орындарды иелейді. Шіркеу теориясына қарай, олар барысында Құдай жағынан айрықша сауаптар жауады. Шіркеу жеті сыр-

*Әр түрлі қателіктер жіберуі мүмкін, ал дұрыс жол біреу-ақ. Сол себепті де дұрыс жолдан гөрі қателік жіберу оңай; нысанаға тиюден гөрі тимегендік оңай.*

***Аристотель***

*Никея мен Константинополда өткізілген Бүкіл Дүние жүзілік Саборларда қабылданған «Сенімдік рәмзінде» христиандық теориясының негіздері 12 бөлімде белгіленеді, олар:*

1. *Әлемді жаратқан бір ғана Ата – Құдай – Қасиетті Үштіктің бірінші жүзі туралы;*
2. *Ұл – Құдай, яғни Иса Масихқа сену туралы;*
3. *Құдіретті күштің бірігуі, яғни Иса Құдай болса да, жесір Биби Марямнан туылған және адамзат бейнесіне кіргендігі туралы;*
4. *Күнәлардің кешірілуі – Исаның тартқан азаптары мен өлімі туралы;*
5. *Исаның қайта тірілуі туралы;*
6. *Исаның көкке көтерілуі туралы;*
7. *Исаның болашақта екінші рет жерге қайтуы туралы;*
8. *Қасиетті Рухқа сену туралы;*
9. *Шіркеуге жеке, киелі, аростополдар шіркеуі сыпатында қарым-қатнаста болуы туралы;*
10. *Шоқындыру сырлы салттарының күнәлардан тазаруы туралы;*
11. *Өлгендердің әлеуетті тірілуі туралы;*
12. *Мәңгілік өмір туралы.*

## ТАРИХҚА НАЗАР

Католик тарихында XI - XIII ғасырлардағы салиб жорықтары, «Құдайдың табыты» және Киелі Жерді, яғни Фаластин аймағын «ғайриддіндерден» азат етуге үндеулер болған. Дін, сенімділік туы астында болған бұл әрекеттер, негізінде, Папалардың әсерін қалыптастыру және кеңейтіру әрі байлық арттыру мақсатында ұйымдастырады.




*Православтық кресті*



*Католиктік кресті*

лы салттардың баршасын мойындайды. Ұлы мейрамдардың ішінде Пасха бірінші орынды иелейді.

Православтық шіркеу мерекелері мен ораза тұтулары үлкен маңызға ие. Әдетте үлкен шіркеу мейрамдары алдынан ораза тұтылады. Оның маңызы адамзат рухының пәктенуі мен жаңаруы, діни өміріндегі маңызды құбылысқа дайындалуынан тұрады.

Католиктік христиандық дінінің ең ірі бағыты болып табылады. «Католик» сөзі бүкіл әлем, бүкіл дүние (жалпы, дүниелік) деген мағынаға ие.

Бұл бағыт, негізінен, Батыс, Оңтүстік-Батыс және Орталық Еуропа, Прибалтика, Украина және Белорусияның батыс аймақтарында, Латын Америкасы мен АҚШ-та тараған.

Католиктік христиан дінінің бағыты сыпатында оның негізгі ақидалары мен салттарын мойындаумен бірге, теориясы, дәстүрлерін амалға асыруда, қалыптасуында өзіндік ерекшеліктері бар. Католиктік теориясының негізін христиандықты мойындаған Қасиетті кітап – Библия мен Қасиетті аңыздар құрайды.

Католик Шіркеуі Ұйымы арнайы бір ортаға бірігуімен ерекшеленіп тұрады. Рим Папасы бұл Шіркеудің жетекшісі болып есептеледі. Ол дін және тәртіп мәселелері бойынша ережелерді белгілейді. Оның әкімшілі-



*Православ, католик және протестант шіркеуі руханилері*

гі Бүкіл Дүние жүзі Соборларынан жоғары тұрады. Католиктік теориясына қарай, Шіркеу күнәларды кешу, кешірімдер жасау құқықтарына ие. Бұл құқық индулгенциялары жөніндегі теорияның, яғни ақша орнына немесе шіркеу алдындағы қызметтері үшін күнәларын кешірудің пайда болуына себеп болған.

Католиктікте 870 жылы Ватиканда өткізілген 1-соборда қабылданған күнәсыздығы туралы ақидалар бар. Папаны кардиналдар жиналысы (коллегиясы) сайлайды.



*Пасха пісіріктері*

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Мәтінді оқыңдар. Берілген тарихи оқиға негізінде протестанттардың талаптары неден тұратындығына орай пікірлеріңді айтыңдар.

*Прага университеті профессоры Ян Гус (1369-1415) Ж.Виклифтің идеяларынан әсерленіп, шіркеу байлықтарынан бас тарту керектігін айтады. Шіркеуге көп пайда келтіретін және Ян Гус пікіріне орай, діндарлар анасын бұзатын индулгенциялардың сатылуына қарсы шықты. Бұндай ойы үшін ол 1415 жылы Констанс саборы қауылысы негізінде отта күйдірілді.*



*Православ шіркеуі. Италия*



*М. Лютер шіркеу есіктеріне 95 қағиданы қағып қойды (заманалық сурет)*

Протестанттық Еуропа мемлекеттерінде католиктікте болып жатқан жағдаяттарға қарсы бағытталған реформацияның нәтижесінде пайда болған. Реформаторлар католиктік амалдарын Инжил идеялдарынан қайту деп ойлайды. Оксфорд университетінің профессоры Ж.Виклиф (1320-1384) Рим Папасының Англиядан өндірілетін салықтарына қарсы шығып, ағылшын шіркеуінің азаматтарының жұмыстары бойынша Англия королына бағыну қажеттігі мен Қасиетті кітаптың шіркеу аңыздарынан жоғары тұратындығы туралы иедяларды алға тартты. Бұл идеяларды ағылшын кембағал руханилері қолдап-қуаттады.

Протестанттық дүниелік кісілерді руханилерден ажыратпайды, бұл теорияға орай, барша діндарлар рухани болады. Сырлы салттардан тек қана шоқындыру мен нанмен тамақтануды алады. Ғибадат ету, бірлесе ғибадат ету және діни өлеңдер (псаломдар) айтудан тұрады.

Протестанттар Биби Мариямның Ұлы күш екендігін мойындамайды, қараңғы өмірде жасау, нәрестелерді шоқындыру, руханилер киетін киімдер, иконаларды қабылдамайды.

Ян Густің отта күйдірілгенінен жүз жыл өткеннен соң Германияда Виттенберг университеті профессоры Мартин Лютер (1483-1546) Протестанттар Шіркеу қағидаларын жаратады. Ол да индулгенцияның сатылуын сынға алады. М.Лютер діни әдеп бойынша еңбекті қадірлеу қажеттігі идеясын қолдады. Лютердің пікірінше, адамзат пен Құдай арасында дұрыс байланыс болуы мүмкін дейді.

Лютер теориясы протестанттық бағыттарының бірі – лютеранттыққа негіз болды. Бұл теорияға орай адамдардың ар-ожданы мен тәуба етуді саналылықпен әрдайым бақылап тұруы шарт. М.Лютер тәуба ету ұзақ

жалғасын табатын жағдаят екендігін айтып өтеді. Лютерандар теориясына орай, Папа өзі бұйырған немесе шіркеудің заң-ережесінде белгіленген жазалардан азат етуі мүмкін, дегенмен шіркеу адамзатты құдайдың жазасынан азат ете алмайды деп есептейді.

Индуогенцияларды сатып алудың пайдасыздығын М.Лютер былайша негіздеп береді: «Құдай шын көңілден тәуба етушілердің күнәсынан кешеді, мәңгілікке қинаулардан азат етіледі, адамдар Папаның жарлығынсыз бұдан үміттенуі мүмкін». Лютерандық Германия, Дания, Норвегия, АҚШ-та таралған. Христиандықта бұл бағыттардан тыс калвинизм, пресвитериандар, англикан шіркеуі, баптизм, анабаптизм, меннониттер, унитаризм, методистер, квакерлер, пятидесятниктер, адвентисттік бағыттары болған.

Бүгінде христиандық бағыттарынан мемлекетімізде православ, католик, арман апостол, неміс еван-геллютеран, евангел христиан-баптистер, жетінші күн христиан адвентистері, кәріс протестанты, толық инжилші «Голос Божи» сияқты шіркеулері тізімге алынды.

Олар мемелекетімізде қабылданған Ар-ождан еркіндігі мен діни ұйымдар жөнінде заң талаптары белгілеп берілді.



*Рим Папасы Франсиск II*



*Католик шіркеуі, Смоленск*



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Христиандық шіркеуінің православ және католиктікке ажыралуының себептері неде екендігін айтыңдар?
2. Христиандықтағы бөліну себептерін талқылаңдар.
3. Католик және православ теорияларындағы ұқсастық пен өзіндік ерекшеліктері туралы салыстырмалы көрнекіліктер (слайдтар) дайындаңдар (MS Power Point).
4. Өзбекстандағы христиан діни ұйымдарды жөнінде не білесіңдер?

# 13-§ ИСЛАМ ОРТА АЗИЯДА

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ислам дінінің пайда болуы туралы не білесіңдер?
2. Ислам діні, ең алдымен, қандай аймақтарда тараған?
3. Исламның әлем дініне айналуының тарихи жағдайларын анықтаңдар.
4. Ислам жөнінде алғашқы бөлінулер қашан болған, оның тарихи себептері неде?
5. Арабстан тарихында қайсы дәуір «Жахилият дәуірі» деп аталған?



*Ташкенттегі Усман Мушафинидің парағы*

## ИСЛАМ ДІНІНІҢ ОРТА АЗИЯҒА ЕНУІ

Пайғамбар Мұхаммед өлгеннен кейін ол адамның ең жақын ізбасарлары Әбу Бакр (632-634), Умар ибн Хаттаб (634-644), Усман ибн Аффон (644-656) мен Али ибн Толибтар (656-661) мұсылмандардың қоғамдық тобына жетекшілік жасайды. Бұл дәуір ислам тарихында «Хулофои-рашиддин» (Дұрыс жолдағы орынбасарлар) дәуірі деп аталады.

Усман ибн Аффон дәуріне келіп мұсылмандар қазіргі Түркіменстан аймақтарына кіреді. Жайбарақат араб-мұсылман қосындары Хорасан мен Мауараннахр аймақтарын иеленіп, ислам дінін тарата бастайды. Дегенмен араптар иеленген жерлердің адамдары бірден мұсылман болып қалады.

Ислам теориясына орай, Мұхаммед пайғамбардың аты айтылғанда оған құрмет барысында «саллаллоху алайхи васаллам (қысқаша: с.а.в.: «оған Алланың рам теориясына орай, қайырымдылық пен сәлемі болсын») немесе «алайхис-салом» (қысқаша: а.с.s.: «оған сәлем болсын») сөздерін айту қажет болып саналғандығы үшін ислам тарихына тиісті әдебиеттерге с.а.в. немесе а.с. қысқартулары қолданылады.

Орта Азияда IX ғасырдың ортасына келіп, яғни Моуараунңахр дәуірінен бір жарым ғасыр өткеннен кейін, ислам жергілікті халықтың негізгі діни нанымына айналған.

Орта Азияға ислам дінінің енуімен байланысты сол амақта қоғамдық мәдениеттің түрлі салалары дами бастады. Өлкеде экономикалық даму пайда болды, әлемдік және діни ғылымдар тез дами бастады.

Өзбекстан аймағында ислам дінінің жасанды бағыты, мысалы, Ханафийдің (Имам Аъзам) пайда болуы.

## ӨЗБЕКСТАНДА ИСЛАМ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ислам дінінің негізгі дереккөзі болған Құран кітабы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап өзбек ғалымдары мен дін ғұламалары жағынан зерттеле басталды. Сонымен бірге ол жылдам өзбек тіліне тәржіма жасалып баспадан шыға бастады.

Құранның ең алғаш толық түрдегі заманауи өзбек тіліндегі аудармасын Алауиддин Мансур орындады. Осы аударма 1990-1992 жылдары «Шығыс жұлдызы» журналында жарияланды. Ал 1992 жылы өзгеше бір кітап болып көп нұсқада баспадан шықты.

1991 жылдан бастап Шайх Мухаммед Содиқ Мухаммед Жүсіптің (1952-2015) «Тавсири Хилол» деген атпен аудармасының алдымен 27, 28, 29, 30-жұптарын баспадан шығарды. Осы тафсир заманауи өзбек тіліне кең түсіндірмелі және мазмұнға бай шығармаларының бірі болып саналғандығын айтып өткен жөн. Осы тафсир 2005 жылы алты томда толық баспа-

### ТАРИХҚА НАЗАР

Абу Бакр Сиддиқ (632-634) дәуірінде Құран алғаш рет қағаз беттерінде жинақталды. Халифа Усман ибн Аффон (642-654) дәуірінде Құран екінші рет жинақталып, кітап болып қалыптастырылды. Бұл міндет Әбу Бакр Сиддиқ дәуірінен тәжірибеге ие болған сақаба – Зайд ибн Собит жағынан орындалды. Жалғыз ғана Мусхафтан бірнеше нұсқа көшірілді және әр бір аймаққа біреуден жіберілді.



*Кабаның ежелгі және қазіргі көрінісі*



***Хадис*** *– ислам дінінің Құраннан кейінгі орында тұратын қасиетті кітабы.*

дан шықты, соңыра оның толықтырылған варианты 2011-2016 жылдары алты рет қайта баспадан шықты.

2013-2014 жылдары 1- және 2-беттері орыс тіліне аударма жасалып, баспадан шықты.

Шайх Абдулазиз Мансур жағынан орындалған Құран мазмұнының аудармасы мен тафсири «Ташкент ислам университеті» баспа-полграфиясында 2001, 2004, 2006, 2007, 2009, 2012, 2014, 2016 жылдарында бірнеше рет баспадан шықты. Осы шығарманың басқа аударма-тафсирлерінен өзіндік ерекшеліктері – Құран мағыналары арапша мәтін төңірегінде өзбек оқушысына өз ана тілінде анық әрі түсінікті етіп, тиісті түсінктемелермен шектеліп, ондағы сөздердің іскерлілігін есепке алып жолдаған.

Шамсиддинхон Бобохонов дайындаған Құранның 30-жұбына жасалған тәржіма тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде халқымыздың қолына жетті. Онда кісілерге жақсы таныс болған және көп оқылатын сүрелердің болуы есепке алынып, 30-параның арапша мәтіні де берілген.

Ташкент Мемлекеттік Шығыстанушылық Институты Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыс қолжазбалары орталығында профессор Муталлиб Усмановтың редакторлығымен Құранның он бес парасының («Фатиха» сүресінен «Исро» сүресіне дейін) академиктің аудармасы бойынша баспадан шықты. Онда Құранның пайда болу дәуірі тарихы да қысқаша баяндалған.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Осы мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі «өз нәпсінің бақылдығы» деген сөзді қандай түсінесіңдер? Нәпсінің бақылдығынан қалай сақтану мүмкін деп ойлайсыңдар?

«Кім өз нәпсінің бақылдығынан сақтана алса, міне сол қуат алатын заттар болын саналады».

**Нәсір сүресі, 9-аят**

Муфти Усманхан Алимовтан қазірге дейін Құранның он бес парасы баяндалып баспадан шығарылған. «Тафсири Ирфонның» басқаша баяндауларынан ажыралып тұратын ерекшеліктері – онда аяттар мағынасы замандастарымыз үшін түсінікті, қарапайым және анық болуына әрекет жасалған.

Хадистің Өзбекстанда зерттелуі XX ғасырдың орта шеніне барады. 1968 жылдан баспадан шыға бастаған «Кеңес Шығыс мұсылмандары» журналының беттерінде хадистер туралы кейбір мақалалар берілетін еді. Тәуелсіздік дәуірінде бұл журнал «Мауараупнахр мұсылмандары» мен кейінірек «Хидоят» атымен баспадан шыға бастады.

Тәуелсіздік дәуірінде хадис бойынша баспадан шыққан алғашқы кітаптардың бірі Шамсиддин Бобохонов, шайх Абдулазиз Мансур сияқты ғалымдар жағынан әдеп, тұрмыстық өмір мәселелеріне сәйкес хадистерді өз ішіне алған «Мың бір хадис» кітабы болып саналады. Кейінірек академик Неъматулла Иброһимов пен ақын Мырза Кенжебектің редакторлығымен Имам Бухоридің «ал-Жоме ас-саһиһ», «ал-Адаб ал-муфрад» кітаптары аударма жасалды.

Соңғы жылдары Ташкент ислам университеті жанындағы Исламтанушылық ғылыми-зерттеу орталығы жағынан самарқандық атақты Имам Доримидің «Сунани Дорими» хадистік таңдамалы жинағы әрі Шайх Мухаммед Садық Мухаммед Жүсіп жағынан «Алтын жылға» рубрикасымен Имам Бухоридің «Сахих ал-Бухори» шығармасы өзбек тіліне аударма жасалып, баспадан шығарылды.



*Сахихи Бухори*



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ислам діні тарихы туралы айтып беріңдер.
2. Құран және Хадиси Шариф дегенде нені түсінесіңдер?
3. Ислам діні Мауараунналрға қашан кіріп келді?
4. Исламның дүние жүзіне тарауының картасын сызыңдар.
5. Ислам мәдениетінің орталығы дегенде нені түсінесіңдер?

# 14-§ ИСЛАМДАҒЫ МАЗХАБТАР МЕН АҚИДАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР

### ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Бүгінде мұсылмандардың көптігіне қарай бірінші орында қайсы мемлекет тұратынын білесіңдер?
2. Ислам теориясындағы, соның ішінде, аят пен хадистердегі білім алу жөнінде айтылған қандай нақылдарды білесіңдер?
3. Ең ізгі әдеттердің бірі - сәлемдесу әдебінің ислам теориясына қандай байланысы бар?
4. Не деп ойлайсың, қоғам үшін бейбітшіліктің қандай орны бар? Ислам дінінде бұл туралы не деп айтылған?

## ИСЛАМ ДІНІ ТЕОРИЯСЫ МЕН МЕЙРАМДАРЫ



*Құран кітабы*

Ислам діні теориясына орай, Алла барша жанды және жансыз нәрселерді, күллі ғарышты жаратушысы болып саналады. Ол ешкімге ұқсамайды және еш нәрсені онымен теңестіруі мүмкін емес. Адам Алла жаратқан заттардың ең ұлысы болып саналады. Алла адамзатты дұрыс жолға бастауы үшін өзінің елшілерін – пайғамбарларды жіберіп тұрады. Деректерге қарағанда 124000 пайғамбарлар болғаны туралы мәлімет бар. Мұхаммед (с.а.в.) алдыңғы пайғамбарлардың жұмыстарын жалғастырған, пәк сенімді тіктеген, қиямет алдынан жіберілген соңғы пайғамбар екендігін мойындаған.

Ислам дінінің негізгі мейрамдары бұл хижрий жыл есебінде Шаввал айының бірінші күнінде болатын Рамазан айты мен ондан 70 күннен кейін болатын Құрбан айты болып саналады. Екі айт мейрамы да Өзбекстан-

Ташкенттік ұлы ғалым Мұхаммед ибн Ислам Қаффол Шоший (291–365 х.ж.) фикх, хадис, сөздік пен әдебиет бойынша өз дәуірінің атақты ғалымдарыныбірі болған. Қабірі Ташкенттегі Хастимамда (Әзірет Имам) жайласқан.

да ресми түрде мейрам екендігі жарияланған. Бұл күнде қариялар, туыстарын зиярат ету, балаларға айттық (сыйлықтар, тәттілер) беру әдетке айналған. Айт мейрамы адамдар арасында мейір-шапағат сезімдерін қалыптастыруға жәрдем береді. Мысалы, Рамазан айтындағы пітір садақасы Құрбан айтында қой немесе қара мал сойып, мұқтаждарға таратылуында Ислам дінінің адамгершілік қасиеттерін көруге болады. Бұл күні мұсылмандар жарасымды киімдерін киіп, түрлі иіссуларды сеуіп, мешітке барады және айт намазын оқуды ниет етеді.



*Ташкенттегі «Минар» мешіті*

## ИСЛАМДАҒЫ МАЗХАБТАР (МЕКТЕПТЕР)

VII ғасырдың екінші жартысында исламда алғаш рет бөлінулер басталды. Халифа Әли дәуіріне келіп түрлі жауыз күштер негізінде бұл жағдаят күшейе түсті. Нәтижеде шетелдік, шиялық және суннилік деп аталатын бағыттар пайда болды.

Бүгінде мұсылмандардың көпшілігі суннилік бағытындағылар. VIII IX ғасырларға келіп суннилiктер төңірегінде құқықтық мектептер (мазхабтар) — *ханифалық, моликилік, шофиилік және ханбалилік әрі екі ақидалық теориясы — ашарилік пен мотуридилік* пайда болды.

Мазхабтар шариғат білімпазы (фақиһ) жағынан Құран мен сүннет негізінде істеп шығарылған жол болып табылады. Мысалы, Әбу Ханифа негіз салған мазхаб – ханафийлік, Молик ибн Анас негіз салған мазхаб - моликилік деп аталған. Осы мазхабтар негізгі мәселелерде бір-бірін қолдамай, қарсы шығады.

*«Мен мың шақты шайхты таптым және олардан хадис жазып алдым. Бұл бес шайхтан фақихтығын, ғалымдығын таппадым. Олардың ең біріншісі Әбу Ханифа болып саналады».*

***Уәзір ибн Хорун***

*Бүгінде дүниедегі шамамен 1,7 миллиард мұсылмандардың 92,5 пайызы суннилерден құралып, олар мазхабтар бойынша төмендегіше бөлінеді: ханафийлер — 49%, шофиилер — 25%, моликилер — 17%, ханбалийлер — 1,5%.*

**Ханафийлік мазхабы** негізін салушы Әбу Ханифа атымен атақты Нуъмон ибн Собит Куфий (699–767) есептеледі.

Міне осы мазхаб өзінің мазмұны, теориясы және қолданған әдісімен қоғамда болып жатқан әрқандай сұрақтарға жауап табады. Ханафий мазхабы жаңадан пайда болған діни мәселелердің шешуін Құран мен хадисте болмаса, салыстыру және оның ең маңызды түрі болып табылатын истехсонға сүйеніп жұмыс алып баруынан келіп шығады. Әбу Ханифа қиын жағдайларда адамдарға қолайлы жағдайлар жасап, қиыншылықтарды жеңілдетуге әрекеттенген. Әбу Ханифа еркіндік бағдарының демеушісі еді, сауда-сатық және басқа да салаларда адам құқықы мен еркіндіктерін қорғап келді.

***Истехсон*** *(араб. жақсы деп білу) — ислам құқықында екі мәселенің жеңілдеу жағын таңдау.*

Мысалы, тұрмыс құруда еркек пен әйелге тең құқық беріліп, ынтымақты және бойжеткен қыздар мен әйелдерді ешкім олардың разылығынсыз некелесуге мәжбүрлей алмады, неке келісімі қыздың аталастары (ата, әже, аға, іні т.б.) болмаса да оның өз сөзімен шешіледі.

Бүгінде Орта Азия мұсылмандарының көпшілігі ханафилік мазхабының соңына ереді. Қазірде осы мектеп Үндістанда, Пакистанда, Ауғаныстан, Ирак, Сурия, Туркия және бірнеше Африка мемлекеттерінде кең тараған.

**Моликийлік мазхабының** негізін салушы имам Әбу Абдуллах Молик ибн Анас 711 жылы дүниеге келген. Осы мазхабта бірінші дереккөз Құран, екіншісі хадис болған. Моликийлік мазхабында ибалылық мәселелерінде Мадина өмірі мен әдеттері көп жағдайларда жоғары тұратын еді.

Моликийлік Марокаш, Жазаир, Тунис, Бангладеш сияқты мемлекеттерде негізгі мазхаб саналады.

**Шофеъийлік мазхабының** негізін салушы Абу Абдуллах Мухаммед ибн Идрис Шофеъ (767–804) Фаластиннің Ғазо қаласында туылып, 804 жылы Мысырда дүние салады.

Шофеъийлік мазхабы фикхий шығаруда Құран, сүннет, ижма мен салыстыруға сүйенеді. Олар ханафийлер мен моликийлерде бар болған истехсонды теріске шығарады.

Шофеъийлік, негізінен, Индонезия, Малазия, Мысыр, Судан, Кения, Мали, Ливия сияқты мемлекеттерде тараған.

**Ханбалиліктің** негізін салушы имам Абу Абдуллах Ахмад ибн Ханбал (780-855) Бағдатта жасаған.

Ханбалилік мазхабында Құран мен сүндет негізгі кітап болып саналған. Ижмалар мен сақабалардың сөздері кейінгі орындарда тұратын еді. Салыстыруды басқа мүмкіндіктер болмағандықтан істетуге рұқсат беретін. Осы мазхаб ізбасарлары бойынша ең азы болып табылған, негізінен, Саудия Арабстаны, Яман, БАӘ (Біріккен араб әмірлігі), Кувайт, Қатар сынды мемлекеттерінде жасайтын халықтардың арасында тарады.

Сунниліктегі төрт мазхаб бір-бірімен тең саналған. Мазхабтар дәстүрлі діни құқық шеңберінен шықпай, шариғат мәселелерінде жеңілірек немесе қатал үкім шығарумен ерекшеленіп тұрады.

*2017 жылы маусымда Президентіміз Шавкат Мирзиёевтің тапсырмасы бойынша Имам Мотуридий кешенінде «Бас ғылыми мектебін», мотуридилік теориясының ірі өкілі Абул Муъин Насафий зиратханасында «Ақоид мектебін» құру жұмыстары басталды.*

Кейінгі дәуірде пайда болған «жасанды салафийлік», «Хизбут тахрир» сияқты бағыттарын фихий мазхабтарға теңестіріп болмайды. Себебі олар шариғат мәселелерде өзінің өз шешімдерін берген жүйеге ие емес. Оларға діни-саяси әрекет пен заңсыз саяси партиялар ретінде қарау мүмкін.

## АҚИДАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

*Данышпан – бақылдың дүкеніне ұқсайды: барын үндемей-ақ көрсетеді - надан әскер барабанының өзі: даусы күшті, бірақ іші бос ғаріп.*

***Саъдий Шерази***

Ислам дінінде Алла, оның сапасы адамдардың тағдыры, қиямет, жәннат және дозақ, күнә мен сауап сияқты ақидалық мәселелерді үйренетін ғылым «калом ғылымы» деп аталады. Эрамыздың VIII-IX ғасырларында мұсылмандар арасында юнон философиясы негізінде Құран аяттары мен хадистерін қате түсінгендер пайда болды. Олар бірде Алланы адамзатқа ұқсата бейнелеген, бірде оның қасиеттерін теріске шығарады, пайғамбарлар, Құранның абыройына дұрыс келмейтін пікірлерді білдіретін еді. Осындай жағдайларда суннийлік бағдарындағы ғалымдар кейбір ағымдардың бұзғыншы идеяларына талай қайтарулар берген. Нәтижеде мотрудия мен ашъария теориялары пайда болды. Суннийлік шеңберінде осы екі бағдар да дұрыс болып саналған.

**Мотрудия теориясына** мауарауннахрлық ғалым, ұлы бабамыз Әбу Мансур Мотрудия (870-944) негіз салған.



*Абу Мансур Мотрудий кесенесі*

Мотрудий саф діни ақида шеңберінен шықпаған түрде ақыл-есті қастерлейді және логикалық жақтан негізделген білімнің маңызын айрықша атап өтеді.

Мотрудияға орай, адамзат өмірлік емтихандар үшін жаратылған. Осымен бір уақытта оған осы сынақтардан жетістіктермен өту және дұрыс жолды табу үшін кең мүмкіндіктер де берілген. Адамзат өзінің әрекеттерін таңдауда еркін болған.

Ұлы ғұлама өзінің көзқарастарымен ханафийлік теориясының Орта Азия халықтарының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстылығын көрсет-

Мотрудия теориясы XI–XII ғасырларда кең дамыған. Осы дәуірлерде теория тек қана Мауарауннахрда емес, бәлкім Хорасан, Ирак, Мысыр және Шам өлкелеріне де тарай бастады.

Калом ғылымының сұлтанына деген құрмет, ықылас рәмзі сипатында Өзбекстанда 2000 жылы Имам Мотуридийдің 1130 жылдығы кең атап өтілді, ол адам мәңгілікке кеткен Шокардиза мазарындағы кесене қайтадан тіктелді.

ті. Ең негізгісі, ислам дүниесінің көптеген өңірлерінде, Сурия, Ирак, Туркия, Пакистан, Үндістан, Солтүстік Африка сияқты мемлекеттерде мотуридилік теориясы бүгінгі күнде де жоғары, орта және діни оқу орындарында арнаулы пән есебінде оқытылады.



*Көне Бағдат. Абул Хасан Ашъарий бар өмірін осы қалада өткізген.*

**Ашъария теориясы**. Осы теорияға Абул Хасан Ашъарий (873–936) негіз салған. Имам Анъарий өмірінің жартысын адасқан ағымдарға қарсы күреске бағыштаған.

Ашъарий Мухаммед ибн Жарир Табарий, Ибрахим ибн Ахмад Марвазий, Махмуд ибн Довуд Исбахоний, Абдуллах ибн Ахмад ибн Ханбал, Әбу Мансур Мотуридий сияқты ғалымдармен бір кезеңде өмір сүрген.

Ашъария теориясы да суннийлік ақидасына сай терия саналады. Осы теория да негізінен мутазилия, қадария сияқты адасқан топтардың ақидалық идеяларына қарсы тұрған. Ашъария теориясы, негізінен, Иракта, соңыра салжуқилер өктемдігі дәуірінде Хорасанда дамыған.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Суннийлік неше фикри мазхабтардан тұрады?
2. Калом ғылымы нені үйретеді?
3. Мазхабтардың жаңадан пайда болған фирқалардан қандай ерекшеліктері бар?
4. Суннийліктегі төрт мазхабтың таралу аймақтарын картадан көрсетіп беріңдер.

# 15-§ ТАСАВВУФ ЖӘНЕ ТАРИҚАТТАР

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тасаввуф түсінігі туралы не білесіңдер?
2. Ташкент облысындағы «Зеңгі ата», Бұхарадағы «Әзірет Нақшбанди» зиярат жерлері кімдердің шарапатымен құрылғандығын білесіңдер?
3. Саналы тәрбиеге қалай түсінесіңдер?

**Тасаввуф** — ислам тәрбиесімен безену үшін қажет болған білімдерді үйрететін сала болып табылады.
**Софий** тасаввуфпен шұғылданатын кісіге қарай қолданылатын атау. Қазірде «солик» сөзімен қолданылып жүр.

**Тасаввуф тариқаттары.** Көбінесе тасаввуф немесе тариқат дегенде машақатты өмір жолы, қараңғы дүниеге аттану, заманауи ғылымның жетістіктерінен бас тарту, еңбек етпестен тек қана ғибадатпен шұғылдану, өзіні-өзі қинау көз алдымызға келеді. Шындығында солай ма?

Шындап келгенде, тасаввуфтың нағыз мазмұны нәпсін пәктеу, саналы тәрбиені нұрландыру, мәдени кәмелетке жетуден тұрады. Осындай мақсаттарға жету үшін ғалымдар жағынан арнаулы мектептер – тариқаттар құрылған.

Тариқат араб тілінен алынған болып, «жол» деген мағынаны аңғартады. Тасаввуфта бұл белгілі бір жолбастаушы (муршид, пір) жағынан Құран мен хадистер, сахабалардың жол-жорықтары негізінде жасалған рухани жақтан пәктену жолы мен методтарының жиындысы саналады. Бүгінде тариқаттадың саны көп, олардың ең ірілері Яссауи, Курауи және Нақшбандилер. Бұлардың барлығы ана жұртымызда қалай пайда болғандығына таңданасың.

Тасаввуф пен оған түбірлес болған софи, мутасаввиф атауларының келіп шығуы араб тілінен «жун, юнг» мағынасын білдіретін суф сөзінен алынған.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Тасаввуфқа берілген түсінікті оқыңдар. Берілген түсініктегі «жаман құлық» дегенді қалай түсінесіңдер? Не үшін мұндай жаман құлықтардан құтылу қажет деп ойлайсыңдар?

*Тасаввуф — медицина ғылымының тән саулығына тиісті мағлұматтарды үйренген сияқты, тасаввуф та жүректің, рухтың жаман құлықтардан құтылу жолдарын үйретеді.*

Мауарауннхрда тасаввуф бағытының пайда болуы шайх Әбу Яъқуб Жүсіп Хамадоний (өлг. 1140–41 ж.) атымен байланысты болса да, XII ғасырда Орта Азияда пайда болған ең алғашқы тасаввуф мектебінің негізін салушы Қожа Ахмет Яссауи болады.

**Яссауия**. Қожа Ахмет Яссауи бүгінде Қазақстанның оңтүстігінде Шымкент облысы Сайрам аулында дүниеге келген. Кейбір мәліметтерге қарағанда, ол Яссыда (қазіргі Түркістан қаласы) дүниеге келген деген пікірлер бар.

Ахмет Яссауи өзінің «Диуани Хикмет» шығармасында мәдени пәктену, құлық, әділдік, толеранттық идеяларын өлең түрінде баяндаған. Яссауиліктің өзіндік ерекшеліктері айдын жолмен зікір мен дуалар оқу, дүние ләззаттарынан аздап болса да бас тартуда көрінеді. Яссауилікке тән қасиеттер кейінірек пайда болған көптеген тариқаттарда бейнеленген.

**Куравия** — Яссауиліпен бір ғасырда пайда болған тариқаттардың бірі. Бұл тариқаттың негізін салушы – Шайх Нәжмиддин Кубро Хиуақи (1145-1221). Ол Хорезмдегі Хиуақ қаласында дүниеге келген. Шайх Нәжмиддин Кубро кубрауия немесе «захабия» деп аталатын тариқатқа негіз салған. Осы тариқатшылар арасында «хуфия» зікір салу кең қолданған. Оның ең атақты шығармасы «Усули ашара»



*Қожа Ахмет Яссауи кесенесі*

Яссауия тариқатта Алланы тану (маърифатуллох), мәрттік, расгөйлік, өз-өзін Аллаға тапсыру (таваккул) мен терең ой маңызды орынды иелейді.

1221 жылдың шілде айында Шыңғысханның әскербасыларынан Хулагуханға қарсы 76 жастағы Шайх Нәжмиддин Кубро халықтың арасынан сарбаздар жинайды және Үргенч қорғанын «Я Отан, я шрофатты ғалым» ұранымен бірнеше күн дұшпандарынан сақтап тұрады. Осы күресте шайх Нәжмиддин Кубро моңғол басқыншылары жағынан жауыздықпен өлтірілді.



*Шайх Нәжмиддин Кубро кесенесі*

барша тарикаттарға өзінің әсерін өткізген. Нәжмиддин Куброның шығармалары Иран, Кіші Азия мен Үндістандағы тарикат мұхиттарына күшті әсер еткен. Кубравия теориясы моңғолдардың әрекетіне шыдаған теорияларынан саналған. Бұл теория моңғол тайпалары мен олардың басшыларының ислам дінін қабылдауда үлен әсер еткен.

**Нақашбандтық** XIV ғасырда Орта Азияда пайда болған тасаввуфтық тарикат болып саналады.

Бахауиддин Нақшбанд (1318-1389) — ислам әлемінің ең атақты әулиелерінің бірі, Бұхара облысында туылған, Бахауиддин Нақшбандтың нағыз аты – Мұхаммед. Атасының аты да Мұхаммед болған. Жастайынан атасымен бірге кимхопқа нақыш салу өнерімен шұғылданғандықтан Нақшбанд лақабымен аты шыққан. «Бахауиддин» сөзі «діннің нұры» деген мағынаны аңғартады.

Нақшбандтық теориясы негізінде «Көңілің Аллада болсын, бірақ қолдарың жұмыста болсын» деген ұран жатады. Бахауиддин Нақшбанд тасаввуфтағы жоғары амалда болған қатал талаптарды біраз жеңілдетті және күнделікті тұрмысқа үйретті.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Осы хикметті мәдени және әлеуметтік өмірдің бірегейі түсінігімен байланыстырыңдар:

*«Көңілің Аллада болсын, бірақ қолың жұмыста болсын».*

Нақышбандияда зохир (сыртқы көрініс) мен ботин (ішкі дүние) болып жіктеледі. Бұл сопылықты халықтың арасында таратпау, басқалардан ажыралып тұрмау, қиыншылықтардан қорықпау, еңбекпен күн көруден бас тартпау, жанұя, бала-шаға бағу сынды жауапкершіліктерді бойға алу, басқалардың (құлдар) еңбегінен пайдаланбау сияқты ізгі тәртіп-ережелерге қатал бағынуды талап етеді.

Нақышбандия тариқатының негізгі тәрбие тәсілі сұхбат болады. Нақышбандиялар сұхбаттың пайдасы көп, сұхбат арқылы адамның ішкі дүниесіне кіру мүмкін деп санайды. Бұл тариқат төмендегідей төрт бағдардан тұрады: 1) шариғатпен мінез-құлықтың тазалау; 2) тариқатпен көңілді тазалау; 3) ақиқатпен Аллаға жету; 4) ағартумен Аллаға жету.

Өзбекстан егемендікке жеткеннен соң тасаввуф ғылым иелерінің аттары мәңгі тіктеліп, оған құрмет көрсетілді.

Қазірде дүниенің көптеген мемлекеттерінде, Америка Құрама Штаттарынан бастап Австралия архипелагына дейінгі аймақта Бахауиддин Нақшбанд пен нақшбандия тариқаты бізге мәлім және құрметке ие.

Бахауиддин Нақшбанд өлімінен бір ғасыр өткеннен соң Абдурахман Жоми (1414–1492) ең алғаш бұл тариқатты **«нақшбандия»** деп атаған.

*Бахауиддин Нақшбанд кесенесі*



Себебі Бахауиддин Нақшбанд, ең алдымен, ислам діні шариғатының заңдылықтарын күшті ұстанған және олардың бұзылуына жол қоймаған. Екіншіден, ол нағыз адамилық идеялар мен қасиеттерді ілгері қойған, қоғамның түрлі өкілдерінің арасында футтуат — мәрттік сезімдерінің пайда болуына түрткі болған.

Тәуелсіздік жылдарында діни құндылықтарды қайта тіктеу процесінде мешіттер, медреселер мен басқа да діни ұйымдармен бірге тарикат уәкілдерінің жұмысына да ерекше мән бере бастады. Мысалы, 2002 жылы Абдулхалық Ғиждиуанидің 900 жылдығы атап өтілді, 2018 жылда ғұламаның 915 жылдығын атап өту жоспарланған. Сол сияқты 1993 жылы Бахауиддин Нақшбандтың 675 жылдығы кең тойланды, ал 2018 жылы 690 жылдық мерейтойы тойланады. Бүгінде Бұхарадағы Бахауиддин Нақшбанд зиярат жерінде «Нақшбанд орталығы» орналасып, соның негізінде «Нақшбанд» айлық журналы баспадан шыға бастады.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тасаввуф пен тариқат сөздерінің мазмұндарын айтып беріңдер.
2. Мауарауннахрда тасаввуфтың дамуы қайсы ғұламаның атымен байланысты?
3. Яссауилік тариқаты туралы айтып беріңдер.
4. Кубрауилік тариқатының өзіндік ерекшеліктері нелерден құралған?
5. Нақшбандилік тариқаты негізгі ұранының мазмұнын түсіндіріп беріңдер.
6. Берілген мәтінге көңіл бөліңдер. Нақышбандия тариқатының негізгі тәрбие тәсілі – сұхбат тәсілімен байланысты. Сұхбаттасу мәдениетіне сүйеніп пікірлеріңді білдіріңдер. Айтылған пікірлер бойынша қандай заңдылықтарға сүйенесің?

*... тіліңді жақсы өнермен үйрет және әдемі сөзден басқа нәрсені әдетке айналдырма. Егер де тілге әр түрлі сөзді үйретсең, сол сөзді өз орнында жұмса, сөз егер жақсы болса, бірақ орынсыз жұмсалса, әрқандай жақсы сөз болса да жаман, ұнамсыз күйде естіледі. Сол себепті әйтеуір сөйлеме, пайдасы жоқ. Мұндай пайдасыз сөз зиян келтіреді және сондай сөздерден өнердің иісі келмесе, мұндай сөзді айтпау қажет.*

***Каукаус, «Қабыснама»***

# 16-§ ӨЗБЕКСТАНДА ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БЕЙБІТШІЛІК









## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Берілген суреттерде халқымызға тән қандай құндылықтар сіңдірілген?
2. Толеранттық дегенде нені түсінесіңдер?
3. Отанымыздың тарихынан толеранттық бағдарына тиісті мағлұматтарды айтыңдар.
4. Екінші отан соғысы жылдарында өзбек халқының толеранттық қадрияттары қалай болды?

Бүгін Өзбекстан діни толеранттық, ұлтаралық татулық бойынша бүкіл дүние жүзіне үлгі болып келеді. Өзбекстан халқына тән осындай қасиет ұзақ әрі қиын тарихи жағдаяттардың нәтижесінде пайда болды. Ауыр сынақтарды басынан өткізген түрлі сенімнің өкілдері қиын жағдайларда бірін-бірі қолдап-қуаттады, өзара қолқанат болды. Өлкеміз тарихы түрлі дін өкілдері арасында діни негіздегі ымырашылдықтың шықпауымен ерекшеленіп тұрады.

*«...дін жалпыадам-заттық құлық мөлшерлерін өзіне сіңдірген, оларды жандандырған, барлығы үшін мәжбүри мінез-құлық заңдылықта-рына айналдырған. Мәдениетке үлкен әсер еткен».*

***Ислам Каримов***

Бұдан дерлік 1,5 мың жыл ілгері қазіргі Орта Азияны өз ішіне алған Батыс түрік қағандығы дәуірінде (552-576) өлкеде белгілі болған барша дін өкілдеріне өзінің сенімдерін амалға асыру үшін кең мүмкіндіктер берді.

VIII ғасырдың басында Мауарауннахрға ислам діні кіріп келді. Мұнда жаңа діни наным мен жергілікті әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер бірігіп, басқа мұсылман мемлекеттерінен айрықша өзіндік форманы қалыптастырды. Кейінірек осы өлке ғұламалары жағынан кең дамыған ханафилік мазхабы осындай әдет-ғұрыптардың Құран мен хадистерге тиісті бөлімін діни дереккөз сыпатында қабылдады. Нәтижеде діни-қоғамдық мәселелерді шешуде «ғұрып» фикхий дереккөздердің бірі болып қалды.

Ислам әлемінде кім мұсылман, кім мұсылман емес деген пікірталастар дамыған бір кезеңде Орта Азия ғұламалары ислам дінін қабылдап, өзін мұсылман санаған кісіні кәпірлікте айыптау мүмкін емес деген ережені ислам дінінің деректерімен осы өлкеде кең тараған мазхабы ханафиліктің юас ақидалық бағдарлары осындай толеранттыққа негізделген.

Имам Аъзам Ханифа (699-767) жағынан басталған мұндай толеранттықтың ғылыми-ақидалық негіздері еліміздің ғұламаларынан Имам Мотуриди (870-944),

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Иеромонах Харитонның сөзін оқыңдар және төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Оқиғаны қайсы дәуірге тән деп ойлайсыңдар?
2. Халқымызға тән толеранттық кадрияттарын түсіндіріңдер.

*«Жергілікті халық бишара көшпенділерге (орыс диқандары мейірбандық көрсетіп келеді, болмаса олардың көпшілігі ашаршылық пен мұқтаждықтан өліп кеткен болар еді».*

*«Арамызда достық сезімдері барлық салада айқындалып келеді: әр бір православтың мұсылман достары болғанындай руханилер мен имамдар арасында да достық қатынастары өте жақсы. Дос-мұсылмандарға бизнесмендік саласы бойынша конституция арқылы жәрдем болса, әлбетте, сұрағанымызғы қолымыз жетеді. Бізде қарама-қарсылықтарды айтпасақ, бір-бірімізге деген түсінбеушіліктер де жоқ».*

**Митрополит Владимир**

Абул Муин Насафий (1046-1114) сияқты адамдар жағынан өз жалғасын тапты. Олар қалдырған бай ғылыми мұралық шығармалар сол мұсылман мемлекеттерінің медреселерінде діни толеранттыққа негізделген қолданбалар сыпатында оқытылды және қазірде де оқытылады.

XIII-XIV ғасырларда моңғолдарға қарсы азаттық үшін күресі барысында осы өңірдегі адамдарын біріктіруші күш есебінде яссауия, кубрауия, нақшбандия сияқты сопылық тариқаттары қалыптасты. Орта Азия тасаввуф көрнектілері отансүйгіштік, халықсүйгіштік, тыныштық, бейбітшілікті нығайтуға қызмет еткен ислам дінінің алдыңғы уәкілдері сыпатында құрметке ие болған.

Ұлы сақыпқыран Әмір Темір діни наным мен мәдениеттің маңыздылығына дұрыс көңіл бөлген. Шарафуддин Әли Яздий, шындап келгенде, Әмір Темірдің наным-сенімін кәміл адам деп баяндаған. Ең негізгісі, сақыпқыран Орта Азияда кең таралған исламдағы ынтымақ пен ажыралмастықты қолдаған бағдар «сүнне мүшелері мен қоғамға» әрдайым берілген, діни ақидашылар қатал түрде қарсы болған. Әмір Темір ислам дінін басқаша түсінген. Оның кәміл нанымы басқа діндерді қабылдамағандықтан болмаған. Сол себепті де ол тек өзінің дәуірінде ғана емес, бәлкім кейінгі дәуірлер үшін де үлгі болды.

*«Діни толеранттық және заңның үстіндігі — бұл көпұлтты мемлекет құрылысына қажетті болған іргетасының бір бөлігі».*

***Өзбекстан Библия қоғамы орындаушысы директоры С. Митин***

*Самарқандағы кесенедегі Әулие Алексей Московский саборы*



Бүгінде мемлекетімізде ата-бабаларымыздың ұлы, қадірлі еңбегі мен мұралары бар діни құндылықтар дамып келеді. Жұртымызда қызмет етіп жатқан түрлі наным уәкілдері де мемлекетіміздің алып бара жатқан бұл саясатын дұрыс түсініп, қолдап-қуаттап келеді.

Өзбекстанда дін мемлекеттен ажыралған болса да, сенім еркіндігін қамтамасыз ету барысында мемлекетіміз жағынан тәртіпті және жүйелі түрде көптеген жұмыстар амалға асырылып келеді. Мысалы, 2000 жылы – Өзбекстан Республикасының Бірінші Президентінің Қаулысымен Ташкент пен Орта Азия Архиэскопы Владимир дінаралық толеранттықты нығайту барысындағы қызметтері үшін «Достық» орденімен марапатталды.

Орта Азиядағы мұсылман және басқа дін уәкілдері арасындағы қарым-қатнастар өзара құрмет пен бауырмалдыққа негізделген. Бүгін Республикамызда 16 кон-



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Осы мәтінді оқып шығыңдар да оған өз пікірлеріңді білдіріңдер.

*Адамдарды айыптамаңдар, сонда ғана сіз де айыпталмайсыз, болмаса, оларды қандай айыптаған болсаңыз, сіз де солай айыпталасыз. Өзгелердің айыбын қарыспен өлшесеңіз, сіздікі де сол мөлшерде өлшенеді.*

фессия уәкілдері қызмет етіп келеді. Қиын тарихи жағдаят сынақтарын мәрттікпен жеңуі нәтижесінде қалыптасқан діни толеранттық мұхиты мемлекетімізде тыныштық, даму және бейбітшілікке қызмет етеді. Себебі бұл жағдайлар барша дін өкілдерінің мүддесі болып табылады. Міне осы ұлы мақсат жолында күллі конфессиялар елімізде және шетелде болып жатқан мәдени және ағарту шараларында республикамызда діни толеранттық пен қоғамдық бейбітшілікті терең нығайтуда амалға асырылып жатқан реформаларды қолдап-қуаттауда.



*Файозтөбе — Өзбекстанда 2000 жыл ілгері буддашылықтың дамығандығын көрсетеді*

Бүгінде Өзбекстанда әр бір діни конфессия өзінің діни салттарын амалға асырып келеді. Конфессиялар өз қызметтерін Өзбекстанның «Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» Заңына бағынып алып барады.

XX ғасыр тарихқа екі Отан соғысын басынан кешірген ғасыр болып жазылды. Бүтін дүние әлеуеті XXI ғасыр — тыныштық ғасыры болуы үшін күресіп келеді. Бұл жолда діни толеранттық, дінаралық қарым-қатынас маңызды орынды иелейді. Дәстүрлі діни толеранттық өлкесі ретінде танылған және атақты Өзбекстан бұл орайда да өзінің қызметтерін қастерлей орындап келеді.



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жұртымызда толеранттық мұхитын жаратуда исламдық емес конфессиялардың орны қандай?
2. Өзбекстан халқына тән діни толеранттық негіздері қандай қиындықтар негізінде пайда болды?
3. Елімізге католик бағыты уәкілдерінің кіріп келуі қайсы оқиғамен байланысты?
4. Ислами емес конфессиялардың мемлекетте қоғамдық-мәдени мұхитын жақсарту жағдаятына қосқан үлесі нелерде көрінеді?

# 17-18-§ ЕЛІМІЗ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ДҮНИЕ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

### ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Орта ғасыр ғылымының дамуы бүгінде қандай пәндердің қалыптасуына негіз болды? Бұл туралы жұртымыз ойшылдарының қосқан үлестері қандай?
2. Қандай жағдайда ғылым дамиды?
3. Орта Азиядан шыққан ғалымдар ғылымның қандай салаларында қызмет еткен?
4. Ислам ғылымы дегеніміз не?

## САНАЛЫЛЫҚПЕН ҚҰРЫЛҒАН БАЙ МӘДЕНИЕТ

Жаңа қоғам мен мемлекет құруға лайық ұрпақ ойының қалыптасуында, ұлттың өздігін тануда бай ғылыми-мәдени мұраларымыз, ұлттық құндылығамыз өте қажетті маңызға ие.

Мемлекетіміздің соншалық тез өркендеуі, күш-қуатқа толуы, бүкіл дүниеде өзіндік орны бар, алдымен, халқымыздың мәдени дәрежесі, мақтанышы каншалықтты биік болуымен байланысты.

Ғасырлар барысында ақылдылықпен құрылған бай мәдениетіміз арқылы халқымыз мақтанышпен өмір сүрді, еңбек етті, әрдайым еркіндікке ұмтылды. Міне осындай ұлттық сана, ұлттық мақтаныш бүгінгі өміріміздің алтын іргетасы болып саналады.

Деректерге қарағанда ұлы ойшылымыз Әбу Әли ибн Сина 17 жасында Нұқ ибн Мансурды (976–997 жылдары) емдеуде «Дор ул-улум» — «Білімдер үйі» деген атпен аталатын сарай кітапханасынан пайдаланғандығы туралы хабар беріледі.

Бұл іргетасқа ұлы ғұламаларымыз Беруни мен Фараби, Мотуриди, Ферғани, Әбу Әли ибн Сина, Хорезми, Замахшари, Бұхари, Имам Әбу Иса Термези, Науаи мен Ұлықбек сияқты жүздеген ұлы заттар негіз салған.

Ислам діні табиғат ғылымдары, психология, тарих, география, социология, биология, жалпы адамзат үшін қажетті болған барлық ғылымдарды үйренуді қолдап-қуаттады.

Исламның ғылымға деген дұрыс көзқарасы негізінде ислам әлемінде орта ғасырларда ғылым шектен тыс дамып, бүкіл дүниенің дамуына үлкен үлес қосты.

IX-XII ғасырлар Ислам ренессансы дәуірі Имам Бұхари, Термези, Әбу Мансур Мотуруди, Әбу Наср Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Хорезми, Ахмет Ферғани, Бурханиддин Марғилонилердің дүние ғылымына қосқан үлкен қызметі дәуірі Маъмун академиясының Хорезмдегі қызметімен байланысты болса, екінші басқышы – Темурилер ренессансы дәуірі XIV-XVI ғасырларға тура келеді. Әмір Темір, Мырза Ұлықбек, Әлішер Науаи, Бабыр Мырзалардың ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан қызметтерін ештеңемен салыстыруға болмайды. Азияда IX- XII және XV ғасырларда пайда болған ғылым, философия, әдебиет саласындағы өркендеу Еуропа ренессанстарына үлкен әсер етті.

Заманауи математика, тригонометрия мен география ғылымдарының дамуына шексіз үлес қосқан атақты ғұлама Мұхаммед ибн Мұса Хорезми болып табылады. Ол ондық позициондық есептеу жүйесін, ноль белгісі мен құтып координаталарын ең алғаш негіздей дәлелдеп берді және еңбек етті, әрдайым еркіндікке ұмтылды. Міне осындай ұлттық сана, ұлттық мақтаныш бүгінгі өміріміздің алтын іргетасы болып саналады.

Бұл іргетасқа ұлы ғұламаларымыз Беруни мен Фараби, Мотуриди, Ферғани, Әбу Әли ибн Сина, Хорезми,

***Мұхаммед ибн Мұса Хорезми*** *алгебра пәніне негіз салды, ғылыми мағлұмат пен трактаттарды баяндаудың анық ережелерін жасады, ол астрономия, география және температура теориясы бойынша көптеген ғылыми еңбектердің авторы.*

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Төменде берілген суреттерге зер салыңдар да Орта ғасырларда осы сызбаларды сызу және оны түсіну үшін қандай білімдерге ие болуы керек екендігін айтыңдар?
2. 5-суреттегі бейнені Бұхарадағы Ұлықбек медресесінің алдымаңдайына жазылған хикметті нақылмен түсіндіріңдер.
3. Абу Әли ибн Синаның XIV ғасырда Италияда баспадан шыққан «Тиб заңдары» кітабына жасалған гравюраға қарап дүние медицина ғылымының дамуына ибн Синаның қосқан үлесін көрсетіңдер.



*Құбыланы анықтау сызбасы. VIII ғасыр. Мұхаммед ибн Мұса Хорезми*



*Устурлобтың бір бөлігі. X ғасыр. Ибн Ирак*



*Сығып шығарылатын судың анық өлшемін анықтау ыдысы XI ғасыр. Беруни*



*Медициналық құралдар, XI ғасыр.*



*Ұлықбек шәкірттерімен бірге. Минатюра, XVI ғасыр*



*Әбу Әли ибн Синаның XIV ғасырда Италияда баспадан шыққан «Тиб заңдары» кітабына жасалған гравюра*




*Ахмед Ферғани жағынан құрылған Ніл дариясында су аспектін өлшейтін үй. Сыртқы және ішкі көріністері. IX ғасыр*

Замахшари, Бұхари, Имам Әбу Иса Термези, Науаи мен Ұлықбек сияқты жүздеген ұлы заттар негіз салған.

Ислам діні табиғат ғылымдары, психология, тарих, география, социология, биология, жалпы адамзат үшін қажетті болған барлық ғылымдарды үйренуді қолдап-қуаттады.

Исламның ғылымға деген дұрыс көзқарасы негізінде ислам әлемінде орта ғасырларда ғылым шектен тыс дамып, бүкіл дүниенің дамуына үлкен үлес қосты.

IX–XII ғасырлар Ислам ренессансы дәуірі Имам Бұхари, Термези, Әбу Мансур Мотуруди, Әбу Наср Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Хорезми, Ахмет Ферғани, Бурханиддин Марғилонилердің дүние ғылымына қосқан үлкен қызметі дәуірі Маъмун академиясының Хорезмдегі қызметімен байланысты болса, екінші басқышы – Темурилер ренессансы дәуірі XIV-XVI ғасырларға тура келеді. Әмір Темір, Мырза Ұлықбек, Әлішер Науаи, Бабыр Мырзалардың ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан қызметтерін ештеңемен салыстыруға болмайды. Азияда IX- XII және XV ғасырларда пайда болған ғылым, философия, әдебиет саласындағы өркендеу Еуропа ренессанстарына үлкен әсер етті.

*XI ғасыр бүкіл дүниедегі табиғи пәндер тарихшылары жағынан «Беруни ғасыры» деп аталды.*



*Абу Райхан Беруни Колумб саяхатынан 500 жыл алдын Тынық және Анлантика мұхиттарының артында материк бар екендігі туралы пікірді айтады.*




*Әбу Әли ибн Синаның XV ғасырда Еуропада баспадан шыққан «Тиб заңдары» кітабы*

Заманауи математика, тригонометрия мен география ғылымдарының дамуына шексіз үлес қосқан атақты ғұлама Мұхаммед ибн Мұса Хорезми болып табылады. Ол ондық позициондық есептеу жүйесін, ноль белгісі мен құтып координаталарын ең алғаш негіздей дәлелдеп берді және нилометр — су аспектін өлшейтін негізгі құрал ретінде қолданылған атақты құрылыс жаратқан.

**Абу Наср ибн Ирак** — «Екінші Птоломей» деген атпен танылған ұлы ғұлама. Ибн Ирак атмосфералық тригонометрияның негізін салушы. Ол математика мен астрономия саласындағы жаңалықтарымен танылған.

**Абу Райхан Берунидің** 150-ден артық ғылыми жұмыстарынан бізге дейін тек қана 31-і жеткен. Беруни дүние ғылымында теңіздер теориясы мен жердің шарға ұқсайтын ғаламшарды жарату бойынша өзіндік жаңа идеяларды ұсынғандардың ең біріншісі болып табылған. Жер радиусын есептеп шықты, вакуум, және бостық қалыпты түсіндіріп берді. Минералдар характеристикасы мен олардың пайда болу теорияларын істеп шықты, геодезия пәнінің негізін қалады.

**Абу Әли ибн Сина** — «Ислам әлемінің ең атақты философы мен заңды ғұламасы әрі адамзаттың ең атақты ойшылдарының бірі» деген лауазымға ие болған. Ол ғылыми-зерттеу жұмыстарын 16 жасында бастаған. Өмір бойында 450-ден артық шығарма жаратқан. Ибн Синаның медицина мен философия, логика, әдебиет пен тіл білімі салаларына арнаған шығармаларын бүкіл дүние жүзі ғалымдары мойындаған.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. 2014 жылы 15-16 мамырында Самарқант қаласында қандай халықаралық конференция болды? Конференцияның мақсаты не еді?
2. Еліміз ғұламаларының дүние ғылымының дамуына қосқан үлестері туралы пікір білдіріңдер. Сол дәуірде дүниенің басқа мемлекеттеріндегі ғылымға деген көзқарастарына да көңіл бөліңдер.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Төменде берілген халық мақалын оқыңдар және еліміз ошылдарының түрлі салаларындағы ғылымдарды меңгеруі үшін қандай қиыншылықтар кешкенін айтып беріңдер.

   *«Ғылыммен шұғылдану инемен құдық қазумен тең»*

2. Сен ғылым мен өнердің қандай салаларын меңгеруді алдыңа мақсат еткенсің? Мақсатыңа жету үшін қандай әрекеттер жасайсың?
3. Берілген сурет бойынша Шығыстың ояну дәуірі туралы әңімге айтыңдар.



*Азат Хабибуллин, «Шығыс ғұламалары».*

Леонардо да Винчи, Микеланжело, Френсис Бекон және басқа көптеген ғалымдардың ұрпақтары оның шығармаларын оқып таңданған.

Оның «Тиб заңдары» деп аталатын қымбат фундаменталь шығармасы қазірде де өзінің келелілігін жоғалтпаған. Бұл кітап Еуропада XV ғасырда баспадан шыққан медицина саласындағы ең алғашқы кітаптардың бірі болып саналады. Шамамен 500 жыл бойында Еуропаның жетекші университеттерінде медицина ғылымы дәл осы шығарма негізінде оқытылған.

Ислам білім алу әрбір ер кісі мен әйелге парыз деп оқытады. Әрбір мұсылман ер кісі мен әйелді білім алуға үндейді. Білім алу мен ғалымдардың жақсы қасиеттері туралы көптеген хадистер келтірілген.

Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары Еуропа мен Азияның Ұлы Британия, Германия, Испания, Ресей, Франция, Мысыр, Үндістан, Иран және басқа кітапханалардың «алтын қорын» құрайды.

## ТАРИХҚА НАЗАР

VIII ғасырдың соңында Бұхарадағы имам Әбу Нафс Кабир Бухари (767 — 832) медресесінде үлкен кітапхана, арнайы қироатханалар болған.

*Барлық ғылымдардың бір-бірімен байланыстығы сонша, оларды бір-бірлеп үйренуден гөрі, барлығын бірегей меңгеріп алған жеңіл болады.*

***Рене Декарт***

Еліміздің ғұламалары діни білімдер бойынша да жоғары деңгейге жеткен. Мысалы, ибн Сина, Махмуд Замахшари, Фараби, Берунилер Құран, хадис, ислам тарихы мен құқықтану ғылымы бойынша да шығармалар жазған.

Мұлысман әлеміндегі алғашқы оқу орындары — медреселер VIII ғасырдың соңында, сол дәуірдегі ғылыми-мәдени орталықтары болған Бұхара, Самарқан, Насаф, Терміз, Хиуа, Шаш (Ташкент), Марғылан сияқты көне қалаларда қызмет ете бастаған.

Мұндай білім орындары өзінің нәтижесін көрсетіп, жұртымыздан ұлы муфассирлер мен мухаддистер қалыптасты.

Өлкемізден шыққан алғашқы мухаддистердің бірі — атақты ғалым **Абдулла ибн Мубарак Марвазир** (736 798). Сол сияқты және бір елбасымыз, ұлы мухаддис Имам Дорими (798–869) Самарқанта дүниеге келген. Ғұламаның ең атақты шығармасы «ал-Муснад» деп аталады. Бұл шығарма «Сунан ад-Дорими» атымен де таныс.

Мухаммедтің (с.а.в.) алты жүз мыңға жақын хадистерін жадында сақтаған ұлы ғұлама **Имам Бухари**



*Маъмун академиясы. Ғалымдар кеңесі (заманалық сурет)*

«Хадис ғылымының сұлтаны» деген ұлық лауазымға ие болған. Ұлы мухаддистің «ал-Жоме ас-Сахих» шығармасы Құраннан кейінгі орында тұратын екінші маңызды кітап болады да, ислам әлемінде жақсы бағаланған.

Имам Бухаридің шәкірті мен досы болуға арзитын заттардың бірі **Әбу Иса Мухаммед Термези** (824–892). Имам Термези еңбектерінің ең атақтысы «ал-Жоме

*Мавзолей Имама Бухари*



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. «Имам Бухаридің емтихан тапсыруы» әңгімесін оқыңдар. Оның нәзік қабілеті туралы пікірталас өткізіңдер.
2. Есті қайта қалыптастыру үшін қандай жаттығуларды орындау қажет? Сен есіңді қалыптастыруың үшін қандай жаттығуларды орындайсың? Кітап оқу мен оны жаттау есті қалыптастырады деген пікірге қосыласың ба?

### ИМАМ БУХАРИДІҢ ЕМТИХАН ТАПСЫРУЫ

Бір күні Имам Бухаридің Бағдатқа келгенін естіген ғалымдар ол адамды сынамақшы болады. Бағдат мухаддистері жүз хадисті таңдап алады да, олардың мәтіндерін өзгертеді (яғни бір иснат мәтіні екінші бір иснат мәтінімен немесе бір мәтін иснатын басқа мәтін иснатымен ауыстырып қояды).

Соңыра оларды он кісіге оннан бөліп береді де, жиын кезінде Имам Бухариге айту керектігін дайындайды. Жиында мыңдаған хорасандықтар, бағдаттықтар және басқа ғалымдар келеді. Баяғы кісілер өздеріне тапсырылған хадистерді Имам Бухариға айтып, олар туралы сұрайды. Сонда Имам Бухари олардың әр біріне: «Мұндай хадисті білмеймін» - деп жауап қайырады. Сұрақ-жауаптар біткеннен кейін алғаш сұрақ берген кісіге қарайды да: «Дегенмен, сен айтқан бірінші хадисіңнің мәтіні басқа бір хадистің иснатына тиісті болады, дұрысы былай болады, екіншісінің иснаты бөлек хадис мәтініне тиісті болады, дұрысы былай....» — деп сұрақ берген 10 кісіге жауап қайырған екен. Барлық хадистердің иснаты мен мәтіндері орын-орындарына қойғанына таң қалған адамдар, оның ақылы мен саналылығын мойындап, терең сый-құрмет көрсетеді.

*Имам Бухаридан: «Осыншама хадистерді есіңізге қалай сақтағансыз?» — деп сұраған-да, «Мен барша үйренген білімдеріме сүйендім», деп жауап қайырған екен.*

ас-сахих» болады да, ол сенімді алты хадистер жинағының бірі болып табылған.

Мауарауннахрдан шыққан ұлы ғұламалар ислам шариғаты — **фикх** саласында да алдыңғылардан саналған. Міне осындай ұлы фиқхтардың бірі **Бұрханиддин Марғилони** (1123 — 1197) болады. Оның «Хидая» деген шығармасының жаратылған дәуірінен бастап қазірге дейін Шығыс және Батыстың оқу орындарында ислам шариғатын үйренуде негізгі шығармалардың бірі ретінде пайдаланылады.

Орта ғасырларда қызмет еткен атақты ғалым имам **Әбу Мансур Матуриди** (870 — 944) калом ғылымында жоғары дәрежеге жеткендердің бірі. Матуридия теориясы оның атымен байланысты. Әбу Мансур Матуриди ислам әлемінде «Мұсылмандардың сенімдерін түзетуші» деген ұлы даңққа ие болған.

Хорезм өлкесі де исламдық ғылымдардың дамуына үлкен үлес қосқан, бұл өлкедегі ғұламалардың ең ұлығы **Махмуд Замахшари** болады. Физиологиялық мүгедектігіне қарамай, бұл зат ғылым талабында өз өмірінің көп бөлігін алыс мемлекеттердегі сапарында, мүсәпірлікте өткізген. Меккеде алты жылға жақын жасайды. Сол себепті «Жоруллоһ» («Алланың көршісі») деген ұлы мақамға ие болған.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. «Тыныштық пен бейбітшілік ғылымның дамуына жақсы әсер етеді» деген сөздерді өмір мысалдары негізінде мазмұнын баяндаңдар.
2. Маъмун мен Мырза Ұлықбек академияларында қызмет етіп жатқан ғалымдар ғылымның қайсы салаларында ізденістер алып барған?
3. Темурилер Ренессансы дәуірі — XIV-XVI ғасырларда жасап еңбек еткен ғалымдардың ғылым, мәдениет пен өнер, әдебиет сияқты пәндердің дамуына қосқан үлесі туралы мағлұматтар жинаңдар.

# 19-§ ДІН МЕН «ӘЛЕУЕТ МӘДЕНИЕТІ»

### ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Әлеуеттік мәдениет дегенде нені түсінесіңдер?
2. Әлеуеттік мәдениеттің қоғам дамуына қандай әсері бар?
3. Тырнақша ішіндегі «әлеует мәдениеті» дегенді қандай түсінесіңдер?
4. «Әлеуеттік мәдениеттің» қоғам мәдениетіне әсері қандай, оның қауіпті жақтары бар ма? Пікірлеріңді айтыңдар.

## «ӘЛЕУЕТТІК МӘДЕНИЕТ» ТҮСІНІГІ

Бүгінде жылдам өркендеп бара жатқан заманда жасаудамыз. Жан-жақты ақпараттармен, түрлі шалғулар, қажетсіз және қауіпті мағлұматтармен жастар санасын иеленуге әрекеттер болып жатыр. Осындай әрекеттердің бірі «әлеуеттік мәдениет» болып табылады.

«Әлеуеттік мәдениет» деген көзқарас қара перде астында құлқы бұзық және зорлық-зомбылық, индивидуализм, еготцентризм идеяларын таратуға беттеген, басқа халықтардың неше мыңжылдық салты мен құндылықтарына, тұрмыс тіршілігінің мәдени негіздеріне көңіл бөлмеуі, олардың қопарушылыққа қаратылған қатерлі әрекеттерін түсіну мүмкін.

Мұндай жаман идеяларды тарататын топтардың негізгі мақсаты басқалардың есебінен байлық арттыру болады.

## «ӘЛЕУЕТТІК МӘДЕНИЕТТІҢ» МАҚСАТЫ

«Әлеуеттік мәдениеттің» мақсаты, алдымен, экономикалық байлық арттыру, адамдарды біріне-бірін қарама-қарсы қойып, бір-бірін және өзін өзі өлтіруіне алып барудан тұрады. Нәтижеде оның уағыздаушылары дүние мен ондағы байлықтарға жеке өзі басшылық жасауды қалайды.



*Әлеуеттік мәде-
ниеттің жақсы
жақтары*

Сен сияқты өспірімдер, жастар өз теңқұрларына әуесқойлық, жаңалықтарды тез меңгеруге әрекетшіл болады. Олардағы осындай қоғамдық-психологиялық жағдай, көбінесе, жасанды құндылықтарға қызығып, беріліп қалуына себеп болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта тәрбиесіздікті мәдениет және керісінше, негізгі мәдени қадрияттарды менсінбестен, ескілік сарқыты деген көзқарстармен байланысты жағдайлар өркендеуге, адамзаттың өмірі, жанұяның киелі екендігі және жастардың тәрбиесіне үлкен қауіп төндіріп келеді. Бұған мысал ретінде, бір жыныстық некелер, некесіз жасау, перзентсіз өту, яғни перзентті артықша жұмыс деп санау, бет көрінісін қызық қалыптарға салу (денеге инемен түрлі суреттер салу), өзін-өзі өлтіруді қаһармандық деп санау сияқты жаман нәтижелерді келтіруімізге болады. Мұндай жағдайларға барша діндер қатал түрде қарсы болады.

Жалпы адамилық құндылықтарға дұрыс келмейтін киімдерді кию «әлеуеттік мәдениет» дейді. Мысалы, тізесі жыртық, менмендік белгісі ретінде тар және ұзын, белі немесе қарны ашылып тұратын киімдерді кию – осыларға жатады.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Берілген мәтінді оқыңдар және «әлеуеттік мәдениет» қауіпсіздік үшін қандай үкім өткізу мүмкіндігіне мысалдар келтіріңдер.

*XXI ғасырдың халықаралық байланыстар мен ұлттық қауіпсіздік жағынан айрықша ажыралып тұратын жағы— глобалдасу жағдайында жаңадан жаңа қарама-қарсылықтар пайда болып, олар ұлттық қауіпсіздік үшін жаңа үкімдерді келтірді.*

*«Ей, Адам балалары, сіздерге ауратыңызды бекітетін киім-кешекті жасадық. Тақуа киімі, сол жақсы. Солар Алланың аят-белгілерінен. Осыларды ескерсеңдер жақсы болады». (Киімнің қажеті ауратты жасырады. Дегенмен Алла адамның ауараттан басқа мүшелерін де тосу қажеті бар екендігін есепке алып, киімді зейнет зат деп жасады. Сол сияқты киімді өз орында, яғни шариғатқа сай пайдаланған адам зейнетті саналады. Бірақ ең негізгі киім – тақуа киімі).*

***Аъроф сүресі, 26-аят.***

Ислам дінінің қасиетті кітабы Құранда Құдай жағынан адамдарды сымбатты әрі көркем етіп жаратылғандығы айрықша айтылады. Сол сияқты, ислам теориясында адамның кеудесін пәк тұтуы, таза әрі қош иісті болуына үлгі-насихатталып, сұлулық белгіленген шекарадан шықпауына да айрықша мән берілу керектігі айтылған.

Кейінгі уақыттарда татуаж, растушовка, татуировка (денеге сурет сыздыру) әдетке айналуда. Бұл жағдаят әрі ең ауыр, әрі адамдардың саулығы үшін зиянды.

Өткен жылдар барысында республикамыз терроршылдыққа қарсы күреспен байланысты бірнеше халқаралық құжаттар ратификацияланды. Мысалы, 2000 жылдың 24-сәуірінде Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов бастауымен Ташкент қаласында болған Қазақстан, Қырғызыстан, Тәжікістан мен Өзбекстан мемлекеттерінің басшылары жағынан қол қойылған, терроршылдық сияқты өте ауыр қылмысты түп-тамырымен жоюға бағытталған келісім әрі дәл осы жылдың 21-22 маусымында ТМД мемлекеттерінің Мәскеуде болған кездесулерінде осы мәселе бойынша маңызды құжатқа қол қойылды.

Сол сияқты, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі жағынан “Генотсид қылмысының алдын алуы туралы» (1961 жыл 12-қаңтардан күшке кірген), «Жалдамалы адамдарды қатыстыру, пайдалану, оларды қаржыландыру мен оқытуға қарсы күрес туралы» (1989 жылы қабылданған), «Бомбалы терроршылдыққа қарсы туралы» (1997 жыл 16-желтоқсан), «Пластикалық жарылатын заттарды табу мақсатында оларды маркировкалау туралы» (1991 жыл) сияқты бірнеше халықаралық конвенсиялар да тарификация жасалған.

Республикамыз жағынан терроршылдыққа қарсы күрес жүріп жатқан бұл сияқты шаралар тыныштықты сақтауда үлкен маңызға ие. Әсіресе, бірнеше мемлекет орындары, мысалы, қорғау, кездейсоқ жағдайлар мен ішкі істер министірлігі, ұлттық қауіпсіздік қызметі, шекара, кеден және прокуратура мекемелерінің терроршылдыққа қарсы күресіндегі қызметі жүйелі түрде жолға қою бүгінгі күннің негізгі талаптары болып саналады.

Республикамыз терроризмге қарсы көптеген халқаралық келісімдерді ратификациялап, олардағы шарттарды ізшілдікпен орындап келеді. Сонымен бірге бұл мәселелерде өзінің ұсыныстарын жолдап келе жатқандығын да айтып өткен жөн.

БҰҰ-ның терроризмнің алдын алу мен оған қарсы күреске арналған 13 құжат (11-і Конвенция мен 2 хаттама) бар екендігі бізге мәлім. Қазірде Өзбекстанда 12 осы сияқты халықаралық келісімді ратификациялады. Олардың қатарында 1971 жылдағы «Азамат авиациясының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заңсыз акттарға қарсы күрес»; 1973 жылы мысалы, дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстары үшін жазалау және оларды жоғату»; 1979 жылғы «Кепілдікке алу әрекеттеріне қарсы күрес»; 1980 жылғы «Ядролық материалдарды қорғау»; 1988 жылғы «Теңіз кемелері әрекеттерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заңсыз актілерге қарсы күрес»; 1997 жылғы «Бомбалы терроризмге қарсы күрес»; 1999 жылғы «Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес» Халықаралық конвенциялардың бар екендігін көру мүмкін.

Бүгінде БҰҰ жағынан «Ядролық терроризмге қарсы күрес туралы» халықаралық конвенция мен «Терроризмге қарсы күрес бойынша жалпы концепция» модулдары дайындалуы Өзбекстан Республикасының террориылдыққа қарсы күрес бойынша ұсыныстарымен тығыз байланысты.

Өзбекстан күреске 7 халықаралық келісімдерге қол қойылды.

Өзбекстан Республикасы экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселелерінде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Шанхай қауымдастық ұйымы, Еуроазия экономикалық қауымдастық ұйымы, Ислам қауымдастық ұйымы көлемінде де белсеніп келеді.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Халықаралық терроризм мәселесі қазіргі дәуірде келелі глобал мәселелердің бірі екендігін қандай себептермен байланыстырасың?
2. Діни экстремизмнің негізгі ерекшеліктерін білесің бе?
3. Қоғамды діни-эктремистік идеялар әсерінен қорғау үшін қандай ұсыныстар айтқан болар едіңдер?
4. Рухани құндылықтарды сақтау не үшін қажет?

## ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛҒАН

- 1993 жылы БҰҰ-ның 48-сессиясында Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов жағынан аймақтық қауіпсіздікті күшейту және ядролық қарудың тарамауы мен қарусызданы бойынша ұсыныстар ендірді.
- 1995 жылы БҰҰ Бас Ассемблеясының 50-сессиясында Өзбекстан Ауғаныстанға қару-жарақ алып кіруге қарсы халықаралық эмбарго қою идеясын көтерді.
- 1997 жылы Мемлекетіміз Өзбекстанның ұсынысымен 6+2 (Иран, Қытай, Пәкістан, Тәжікістан, Түркменстан, Өзбекстан, АҚШ және Ресей) түріндегі байланыс тобы қызмет ете бастады.
- 1999 жылы «Ауғаныстандағы мәселелерді тыныш жолмен шешуі жолдары туралы» Ташкент декларациясына қол қойылды.
- 2008 жылы НАТО ұйымының Бухарест саммитінде Ауғаныстандағы келіспеушіліктерді бірге саяси жолмен шешу, экономикалық жақтан көмек беру мақсатындағы Байланыс тобының қызметі 6+3 (НАТО-ның қатысуымен) түрінде көрінді.
- 1999 жылы Еуропа қауіпсіздік пен бірлестік ұйымының Стамбул саммитінде Өзбекстан жағынан ұсынылған «Терроризмге қарсы күрес бойынша Халықаралық орталықты» жарату идеясы 2001 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі көлемінде аксилтеррор комитетінің құрылуымен өзінің дәлелін тапты.
- 2002 жылы Ислам Каримовтың ұсынысымен наркотикалық құралдар мен психотрот заттарды заңсыз алып кіруге қарсы күрес бойынша Орта Азияда аймақтық ақпаратты үйлестіру орталығы құрылды.
- 2014 жылы 6-мамырда БҰҰ жағынан бірінші рет бес ядролық мемлекет АҚШ, Ұлы Британия, Франция, Қытай мен Ресей бір болып маңызды халықаралық құжатқа Орта Азияда ядро қаруынан тыс зона құру туралы келісімге қол қойды.

# 25-§ КИБЕРМЕКЕНДЕГІ ДІН МЕН АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТІ

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. «Егерде кім ақпаратқа ие болса, дүниеге иелік жасайды» деген пікірді сендер қалай түсінесіңдер?
2. Интернеттегі ресми және ресми емес мағлұматтар дегенде нені түсінесіңдер? Ресми емес мағлұматтарға қаншалық сенесіңдер?
3. Жалған хабарлар тарату, біреудің тыныштығын бұзу ұлттық құндылықтарымызда қандай бағаланады?
4. Мобил телефондарыңа немесе электрондық почталарыңа бейтаныс тұлғалар жағынан жіберілген хабарларға сендердің өз пікірлерің қандай?

## КИБЕРМЕКЕН

Бүгінде интернет арқылы болып жатқан қылмыстар көп байқалуда. Олар кибермекенде өздері үшін «ін құрып» алып, глобалдық қоғамдық-экономикалық және идеологиялық қауіптердің пайда болуына себепші болып отыр.

Кибермекен түсінігі бірінші рет 1982 жылы пайдалануға кіріп келді. Кибермекен «кибернетика» мен «мекен» сөздерінің бірігуінен пайда болған.

*Кісінің барлық естігендерін айта беруі, оның өтірікшілігінен дәлел береді.*

***Хадис***

**Кибернетика** (юнонша — басқару өнері) — ақпаратты қабылдау, оны қайта көріп шығу әрі одан түрлі жағдаяттарды басқаруда пайдаланатын пән.

**Ақпарат** — елестің қалпына қарамай-ақ тұлғалар, оқиғалар және жағдаяттар туралы мағлұмат.



**Информация** — (лат. *informatio* — түсіндіру, мәлімдеу) — кибернетиканың негізгі түсініктерінің бірі болып, көрсеткіштер, мағлұматтар, хабарлардың жиынтығы және т. б.



**Информациялық үкім** — ақпарат әсерінің реал үкімі.

Кибернектиканың техникалық негізін электрондық есептеу машиналары – компютерлер құрайды. Кибермекен ақпаратты ұзату және қабылдау арқылы түрлі жағдаяттарды басқару мен оларға өзінің әсерін өткізудің ең оңай құралына айналды.

Бүгінде глобал қауіп саналған терроршылдық интернет әлеміне де кіріп, кибертерроршылдық атауы пайда болды.

Кибертерроршылар ақпарат технологияларынан пайдаланып, саяси, діни және идеологиялық жақтан әсер етуге әрекет жасайды. Бұл жағдаятта, көбінесе, хакерлердің қызметінен падаланылады.

Хакерлер дүниенің көптеген мемлекеттерінде мелекеттік орындарда, финанстық жүйеде, халықаралық ұйымдардың мағлұмат қорларына шабуыл жасап, тәртіпсіздіктерді келтіреді.

Кибертерроршылар өспірім жастардың қызығуына орай, оларды түрлі видеоүзінділер мен фотосуреттерді көруге шақырады. Осы негізде олар ұлттық және жалпы адамзаттық қадрияттарға зиян келтіруге әрекет етеді. Нәтижеде мәңгүрт адамдарды қалыптастыру арқылы мемлекеттерде тыныш және бейбіт өмірді ізден тайдырады.

Кибертерроршылар өздерінің мақсаттарын амалға асыруда діни жолдардан пайдаланып, адамдардың жүректерінен орын алуға әрекет етеді. Мұнда діни түсініктерді қате ұғыну арқылы белгілі бір аймақта жаман атмосфераны қалыптастыруды негізгі мақсат етеді.

## АҚПАРАТ

Глобалдасу жағдайында мағлұматтарды заманауи жылдам құралдар арқылы тез арада тарап кетуі байқалып келеді. Интернет арқылы тарап жатқан хабар мен

мағлұматтарға түрлі саяси шектеулер, мемлекет шекаралары тосқауыл бола алмауы үлкен ақшалай және рухани қауіптің пайда болуына себеп болып жатқандығын бірнеше мемлекеттер мысалында көруімізге болады.

Ресми емес хабарларда бұзғыншы идеялар үгіті мен терроға үндеулер өте көп кездеседі. Сол үшін де бүгінде әр бір тұлғада ақпаратты пайдалану мәдениетін көтеру өмір қажеттілігіне айналып отыр.

Бұл заманауи ғылыми-техникалық төңкеріс қоғамдық өмірдің экономикалық негіздерін тәртіпке салды. Халықтардың тұрмыс дәрежесін аймақтық немесе жер ресурстары емес, бәлкім ақпарат, интелектуалы немесе руханиятын көрсете алады.

**Информациялық қауіп** — белгілі бір саяси және қоғамдық күштердің тұлға, қоғам мен мемлекет мүдделеріне реал информациялық әсер.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Берілген мәтінді оқыңдар да олардың мазмұнын ақпаратты пайдалану мәдениеті түсінігі бойынша түсіндіруге әрекет жасаңдар.

*«Ей момындар! Егер сіздерге бірер бір жаман адам хабар келтірсе, сіздер (болған ақиқат жағдайды) білмеген жағдайда қайсыбір қауымға зиян тигізіп, (кейін) болған жұмыстарыңызға өкінбеуіңіз үшін (ол хабарды) анықтаңыз (тексеріңіз)!»*

**Құран. Хужурат, 6 аят.**

*«Әр бір адам пікірлеу, сөз және сенім еркіндігі құқықтарына ие. Әркім өзі қалаған ақпаратты іздеу, алу және оны тарату құқықына ие, конституциялық тізімге қарсы болған ақпарат заңмен белгіленген басқа да шектеулер бұдан тыс».*

**Өзбекстан Республикасы Конституциясы,**
**29-статья**

## АДАМ САНАСЫ ҮШІН КҮРЕС

**Ақпаратты пайдалану мәдениеті** — ізгілік пен өркендеуге қызмет ететін мағлұматтарды ақпарат әлемінен саралап алудағы білімдер, қабілеттер мен біліктерді бейнелейді.

Адам санасын жат және бөтен идеялармен уландыру, кейде оны таңдаған тыныш таза өмір жолынан ауып кетуге алып келетін ақпараттар дәл осы ресми емес дереккөздер жағынан таратылады.

Ақпараттар нәтижесінде түрлі түсті мемлекеттер шекаралары тыныштығының бұзылуына алып келе жатқан бүгінгі күнде идеология полигондары ядролық полигондардан да көп күшке ие екендігін дәлелдеуде. Ақпарат соғысының негізгі мақсаты тұлға не мемлекеттің тыныштыққа қауіп төндіруімен басым өткізу.

## ВИРТУАЛ БАЙЛАНЫС

Виртуал байланыс құралдары әр түрлі файлдар мен хабарларды алмастыру мақсатында құрылған. Қазірде виртуал байланыс құралдары арқылы жіберіліп жатқан мәліметтер тек қана басқаларды таң қалдыруға негізделеді және оның дұрыс немесе бұрыстығы маңызсыз. Мұнда көбінесе негізсіз мағлұмат таралып,

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Осы жағдайды талқыландар.

*Біраздан бері бір-бірімен көріспеген Адхам пен Акбар деген достар кездесіп қалады. Адхам досына осы жақын жерде жақсы ұлттық тағамдар асханасы бар, Wi-Fi да тегін деп досын бірге түстік жасауға алып келеді. Оларды таза киінген асхана мүшесі күтіп алады және бос орынды ұсынады. Адхам асхана мүшесіне Wi-Fi қосып беруін сұрайды. Телефондар әлемдік ақпарат тармағына уланады. Бұйырылған тағам келеді. Әр екі дос тағам үстінде телефондарына жіберілген суреттерді көріп, ондағы сөздерді оқумен болады. Олар тамақтанып болғаннан соң көшеге шығып телеграмм номерлерін алмасып алды да бір-біріне хат жазып тұруын мәлімдеді.*



осы жағдайды жүздеген, мыңдаған адамдар өздігінше талқыға салады.

Таза ақылдың иелері интернет қолайлықтарынан өзінің білімдерін асыру жолында саналылықпен пайдаланады. Дегенмен кейбір жастар осы тармақтағы жауыздыққа, рухани кемшілікке себеп болатын сайттарда «серуендеп», өздері мен айналасындағылардың санасын уландырады.

*Ақпарат құралы, конкрет, арнайы таңдалған маңызды объект немесе ондағы қажетті бөлекті істен шығаруға ұйғарылған жоғары анықтыққа ие әскери бағдарлардан ерекше бүкіл әскери, экономикалық немесе әлеуметтік тізімді істен шығару қасиетіне ие.*

***В. Слипченко.***

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ақпарат үкімі дегенде нені түсінесіңдер?
2. Ақпаратты дұрыс қабылдауда қандай әрекеттер жасау керек?
3. Ресми емес ақпараттар не үшін қауіпті?
4. Сенің өміріңде шамалы болса да информациялық үкім мен информациялық қауіп нелерден тұрады? Жауаптарыңды дәлелдеп беріңдер.
5. Сенің телеграмм номеріңе *«жұмыстарыңның жақсы болуын қаласаңдар осы хабарды он адамға жіберіңдер, немесе...»* деген сияқты хабар келді. Бұл хабар мен тапсырмаларға сенің көзқарасың қандай?

# 26-§ ДІНДЕРДЕГІ ӨМІР ҚАДІРІ

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. «Өмір — бағасыз байлық» хикметін баяндаңдар.
2. Тірі жанды азаптамау туралы ата-бабаларымыз айтқан мақалдарды естеріңе алыңдар.
3. Орта ғасырларда өзін-өзі өлтіргендерге қандай көзқараста болған?
4. Ислам дінінде өзін өзі өлтіруге жаназа оқылмауының себебі не екендігін ойлап көріңдер?

Барлық діндерде өмірдің адамзатқа Құдай жағынан берілгені және одан өнімді пайдалану қажеттігін ұғындырады. Сол себептен де әр бір дін өзінің берген сабақтарында зорлық, аяусыздық, өзін және өзгелерді өлтіруді, тыныш елге зұлымдық жасау мен қан төгуді қатал түрде шектеп қояды.

*Кейбір дін өкілдері кездейсоқ тірі жанзат кіріп кетпеуі және оған зиян келтіріп қоймау мақсатында, қажет болса, ауыздарын да байлап алады, кездейсоқ аяқтарымен құмырсқаларды басып алмауы үшін де аяқтарының астын сырып жүреді.*



# ДҮНИЕ ДІНДЕРІНДЕ ӨМІРГЕ ҚАСТАНДЫҚ ЖАСАУДЫҢ ҚАРАЛАНУЫ

Дүние жүзі діндерінің ішінде ең кең тараған христиандық діні өзінің жанын өлімге пида етуді қатал қаралаған, себебі, адамзатқа өмірде неше жыл жасау Құдай жағынан белгіленген, бұл тағдырдан қашу деп саналған. Мұндай адамдардың рухын пәктеуді және мазарға көмуді де шектеген. Өзінің жанын пида ету, тірі қалғандарды адамды өлтірген адам түрінде ауыр жұмыстарға сүргінделетін еді. Орта ғасыр батыс мемлекеттерінде мұның алдын алу үшін өзінің жанынан кешкендерді қатты қаралаған еді. Олар орталық көшелерге аяғынан асып қойылатын еді, жүрегіне ағаш қазық қағып, қиылысқа көміп қоятын еді, өлген айуандарды да жанына бірге қоятын еді.

Мысалы, Франция патшасы Людовик XIV дәуірінде өзінің жанынан кешкендердің денесі бет-жүзімен жерге қараған қалпында көшелерде зембілде сүйретіліп, асып, кейін мал соятын жерлерге тасталатын еді.

Христиандық дінінің Православ бағытында өзін өзі өлтіру – үмітсіздікті қалыптастырғандықтан ауыр күнәлардан саналған. Осы істі орындаған кісінің көму салтында марсия (отпевание) оқылмайды. Егер өзін өзі өлтірген адамның ақылы тайыз (ақылсыз) болса, онда олар кешірілген. 1950 жылға дейін өзін өзі өлтірген адамдарды мазардан тыс, сыртта көмілген. Бұлардың баршасы өзін өзі өлтіру ауыр күнә екендігін білдіру әрі өзгелерді ескерту үшін жасалынған.

Инжилдің «Хауарилер өмірі» кітабы 16-бап, 28-қатарда өзін өзі өлімге қимауы туралы төмендегі сөздерді көру мүмкін: «Бірақ Павлус көтеріңкі дауыспен айқайлады: — Еш уақытта өзіңнің жаныңды өлімге қима» деді».

*Өлімге алып баратын жеті күнәдан сақтаныңдар:*
*1. Аллаға тіл келтіру;*
*2. Сиқыр істерімен шұғылдану;*
*3. Біреуді айыпсыз өлтіру;*
*4. Парақорлық;*
*5. Жетімдердің малын жеу;*
*6. Жаумен болып жатқан соғыстан қашу;*
*7.Күйеуі бар, момын әйелдерді жезөкше деп жамандау.*

***Хадис***

Буддашылықта өз жанынан кешу адамның өмірге шүкірсіздігі ретінде бағаланған.

Ежелгі славян халықтарында өзін-өзі өлтіргендерді «пәксіздер» деп атаған. Мұндай кісілердің рухы тірілерге азап келтіреді, бәле-жала келтіреді азапқа қояды деп сенген. Олар адамдарға зиян келтірмеуі үшін таутерек таяғын қағып қойған.

Сол сияқты Қытайда да өзін-өзі өлтіру қараланған. Қытайлықтар өзін-өзі өлтіргендердің рухы аспанға көтерілместен өзі өлген үйінде қалуына және ол рух жанұя мүшелеріне әуметсіздік, бәле-жала келтіруіне сенген.

## ИСЛАМ ДІНІНДЕ ӨМІРДІҢ ҚАДІРЛЕНУІ

Ислам дінінде күнәсіз адамдардың қанын бекер төгу үлкен күнә екендігі айтылған. Мұндай жаман жұмыс адамзатқа жасалған қатыгездік саналған.

Құранда адам өзінің жасау аймағына қатыгездік жасауы да шектелген: «Бір-біріңді бекер өлтірмеңдер! Әлбетте, Алла сіздерге рахымшыл» (Ныса сүресі: 29–аят) деп ескерту жасайды.

Мұхаммед (с.а.в.) хадистерде өзін-өзі өлтіру арам екендігі, мұндай жұмысты істеген кісіге ақиретте мәңгілік азаптар бар екендігі туралы айтқан. Мысалы, Жундиб ибн Абдулла туралы айтылған аңыздарында мынадай сөздер келтіріледі:

«Расулулла (с.а.в.) айтты: «Сіздерден алдыңғылардың арасында жарақаттанған бір адам бар еді. Ашуланып, пышақты алды да, қолын кесті. Қан тоқтамады және сол себепті өлді. Алла айтты: «Пендем нәпсін меннен асықтырды. Мен оған жәннатты арам еттім».

Расулулла (с.а.в.) өзін өзі өлтірген кісінің жаназасын оқымаңдар, бұл жұмыстың соншалық жамандығынан дәлел береді. Осыған орай ислам дереккөздерінде өзін өлтірген кісіге мешіт имамы жаназа оқу мүмкін емес дейді.

Абу Хурайра туралы (р.а.) аңыздағы хадисте: «Егер де кім таудың төбесінен өзін жерге тастап, өзі өзін өлтірсе, өлгеннен соң жаһаннамда да осындай азапқа шалдығады. Егер у ішіп өзін өзі өлтірсе, жаһаннамда да мәңгілік осы азапқа кезігеді. Егер де кім өзін темірмен өлтірсе, ол адам темір бөлегінің

қарнына сұғылған күйінде жаһаннам отында мәңгі қалады» деп махфират еткен (Имам Бұхари мен Имам Термези аңыздары).

Ислам үгіттеріне орай өмір байлығы адамзатқа Алла жағынан беріледі. Бұл байлықтың қадіріне жету, әр сағат, әр минутта қайырымды және сауап жұмыстарын жасауды талап етіледі.

Қазірге кейбір топтар мен жеке тұлғалар «өзін өлтіру» түсінігін шаһидтікпен араластырып талқылайды. «Шаһид» Алла сипаттарының бірі болады да, «куәлігі сенімді, әр дайым дайын болатын Зат» деген мәндерді аңғартады.

«Шаһид» сөзінің және бір мағынасы өзге адам жағынан хақсыз бекер өлтірілген мұсылман.

Тұлғаны белгілі бір мақсатпен өзін өзі өлтіру «шаһидтік амалы» деп бағалануы адасқандық белгісі. Жауыз ниеттегі күштер әрекеттерін ақтау мақсатында келтірілген барша дәлелдерді Ислам ғұламалары қараған және негізсіз деп тапқан.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Суреттерге терең мән беріп қараңдар да төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер. Суреттердегі нәрселерге не үшін шектеулік белгісі қойылған? Олардың адамзат денсаулығына қандай кері әсер бар?
2. Сендер өздеріңнің саулықтарыңды сақтауға қандай көңіл бөлесіңдер?
3. Адам өз саулығына көңіл бөлмеуі қандай жағдайларға алып келеді?
4. Саулыққа зиян болатын жұмыстарды орындау, саулыққа, медициналық мәдениетке көңіл бөлмеу түсініктері мен өзін өзі өлтіру түсінігін байланыстырып көріңдер. Мұндай жағдайларға діннің қатысы қандай?

Адамның өзін-өзі өлтіруі, ниеті дін жолында деп жарияланса да, «өз жанын құрбан ету» деп бағаланады. Өзін-өзі өлтіру — бұл сөз өмірін қастықпен тоқтату, Алла жағынан берген өмірге қастандық жасау дәрежесіндегі күнәсы деп есептеледі.

Алла бұл туралы былай айтылған: «Дәл сол (алғашқы адам өлтіру) арқылы Исраил ұрпағына сондай үкімді жазып қойдық: «Ешқандай жанды өлтірмеген немесе жерге (бұзғыншылық пен қарақшылық сияқты) жаман істерді жасамаған адамды өлтірген адам дәл барлық адамдары өлтіргендей болады. Оған өмір сыйлаған (өлімнен құтқарған) адам барша адамдарды тірілтіргендей сияқтанады». Оларға расулдарымыз құжаттарды келтірген. Соңыра көпшілігі содан кейін (де) жерде обал жасайтындар» (Моида, 32-аят).

Дүние жүзіндегі көзге түскен ислам оқу орындары мен ғұламалары өзін түрлі жарылатын заттармен жару арқылы бейкүнә адамдардың өліміне себеп болуы арам амалдан саналады да, ислам дініне қатысы жоқ екендігін айтады.

Өзбекстан мұсылмандары үйі Ғұламалар кеңесі де «Өзін өзі түрлі жолдармен қастықпен өлтірудің ауыр күнә екендігі туралы» пәтуа шығарып, мұндай жиркенішті әрекетті қатал қаралайды.



## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Христиандық дінінде өзін өзі қастықпен өлтіру туралы не деп айтылған?
2. Алғашқы славян және Қытай діндерінде өзін өзі өлтірген адамдарға қандай көзқарас білдірген?
3. Құранда хақсыз қан төгу туралы не айтылған?
4. «Шаһидтік» және өзін өзі қастықпен өлтіру арасындағы өзгешеліктерді түсіндіріңдер.

# 27-§ ДҮНИЕШІЛДІК — ДІНСІЗДІК ЕМЕС

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дүниешіл адам дегенде кімді түсінесіңдер? Діни адам дегенде ше?
2. Дүниешіл демократиялық мемлекет дегенде нені түсінесіңдер?
3. Өзбекстанда мемлекет пен дін байланыстарының негізгі бағдарлары нелерден құралған?
4. Сеніңше, заманауи өмір кешіретін адам діндар болуы мүмкін бе?

## ДҮНИЕШІЛДІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Дүниешілдік дегенде барша діндер мен түрлі көзқарастарды тең құрметтеу, азаматтардың діндері қандай болса да заң алдында барлығы тең болады. Дүниешіл тұрмыс тәрзіне сәйкестену жағдаятын түсіндіру және дін мен саясаттың өзара ерекшеліктерін баяндау үшін ғылыми әдебиеттерде «секуляризация» атауы кең қолданылады.

Мысалы, Өзбекстанның көптеген елшілігі белгілі бір дінге сенеді. Мемлекет діни ұйымдарға құрметпен байланыста болады, олардың заң негізінде қызмет етуіне жағдайлар жаратады. Сонымен бірге, оның ешқандай дінге айрықша үстіндік немесе жеңілдіктер берілмейді, өзінің Конституциясы, заңды негіздері, мемлекет рәміздері бар.

*Жүріп бара жатқан кісіге атты адам, отырған кісіге жүріп кетіп жатқан, көпшілікке азшылық сәлем берсін!*

***Хадис***

**«Секуляризация»** сөзі латынша *«saeculum»* сөзінен алынған, «дүниешіл» деген мағынаны аңғартады. Ол мемлекет пен қоғамды басқаруда діни салт-дәстүрлердің орнын дүниешіл заңдылық тізімі иелеуіне орай қолданылады.

Дін тек қана діни ақида мен ғибадаттарды өз ішіне алумен ғана шектелмей, қоғамдағы адамдардың өзара құрмет, мейір-шапағат, адамилық қасиеттердің мөлшерлерін белгілеп береді. Сол үшін де әрқандай дүниешіл мемлекетте қоғамның бірлігі, өзара ынтымағы, тыныштығы мен бейбітшілігін сақтауда дін айрықша өзіндік маңызға ие.

Екі адам көріскенде бір-біріне «Ассалаумағалейкум», «Уағалейкум ассалам» деп тыныштық тілейтіндігіне мән беріп көріңдерші. Бір адам «Сәлем сөзі діни маңызға ие болғандығы үшін дүниешіл кісілер оны істетпейді» деп сәлем бермесе немесе әлек алмаса, өте жаман жағдай болар еді.

Діни деректерде тек қана сенім мен ғибадат мәселелері баяндалмаған, бәлкім өткен халықтардың өмірінен үлгілі хикаялар да берілген. Оларда ауыр сынақтарды басынан кешірген пайғамбарлардың өмірі, бұзғыншылықтарға берілген халықтар мен олардың басына түскен жаза ретіндегі пәлекеттер үлгі етіп көрсетіледі. Оларды оқып, дұрыс қорытынды шығарған кісі күнәлардан тыйылуға, сауап жұмыстарды көбірек істеуге әрекеттенеді. Бұл әрқандай қоғамда тыныш қоғамдық жағдайлардың пайда болуына көмектеседі.

Дүниешіл мемлекетте халықтың әдет-ғұрпы, дәстүрлері мен әдеп құндылықтарын заң дәрежесіне дейін көтерілуі мүмкін. Діни қадрияттар жалпы адамилық қадриятқа, халықтың рухани мүлкіне, әдеп нормаларына айналған жағдайда ғана ол мемлекетімізде үлкен маңызға ие болуы мүмкін. Елімізде Рамазан мен Құрбан айттарының мемлекетімізде демалыс күні деп жариялануы осы сияқты ұлттық және діни қадрияттардың араласып кетуіне мысал бола алады.

## ДҮНИЕШІЛДІК ЖӘНЕ КОНСЕРВАТОРЛЫҚ АҒЫМДАР

Барлық діндерде болған консерваторлық көңілдегі кейбір топтар дүниешілдікті «дінсіздік», «діннен шығу» деп түсіндіруге әрекеттенеді. Олардың қалауларына қарай дүниешіл тұлға Жаратқанның бұйрықтары мен қасиетті кітаптарын теріске шығарады деп ойлайды. Бұл сияқты топтар дүниелік ғылым, мәдениет пен өнерді мүлдем теріске шығаруды діннің ұйғарымы дәрежесіне көтереді деп ойлайды. Негізінде саф діни идеяға орай адамдар

мүддесіне қызмет ететін білімнің қандай түрі болса да сауапты амалдардан саналады.

Дін атынан әдепсіздікке, надандыққа насихаттауға мысал ретінде Орта ғасырда Еуропадағы инквизиция соттары шіркеу атынан ғылым салаларында ашқан жаңалықтардың түрлі жазаларға тартылуы, ғалымдарды қинауларын мысал етуімізге болады. Басқа діндер көлемінде де мұндай жағдайлар байқалады.



*Инквизиция*

Мемлекет елшілігінің дерлік 90 пайызы сенетін ислам дінінде дүниешілдік пен діндік шекаралары белгіленбеген. Ислам идеясы бойынша, адамдардың діні, жаны, гені, ақылы мен малына пайда келтіретін әрқандай амал діни жақтан да мақұлданған, сауап жұмыс болып табылады. Мысалы, кісілердің ауырын жеңілдетуде техникалық құралдарды, медициналық немесе химиялық элементтерді жарату, диқаншылықта жаңа әдістерді қолдау сияқты істері үшін де кісі екі дүниеде де сый-сыяпаттар алады. Қазірде адамдар зиян келтіретін, түсініксіз жаман мақсаттарда жаңалықтар жасау күнә саналады.

*Ислам идеясы бойынша сәлем беру мен әлек алу үлкен сауап амалдардан саналады. Хадисте былай айтылған: «Сәлем» Алланың жердегі аттарының бірі. Біріңіз бен біріңіз сәлемдесіп жүріңіздер».*

***Хадис***

Осы бағдарларға негізделіп орта ғасырларда ислам әлемінен ғылымның барша салалары бойынша ұлы ғұламалар шыққан. Дін ғалымдары да оларды «куфр» немесе дінді бұзушылықта айыптамаған.

## ИСЛАМ ДІНІ МЕН ДҮНИЕШІЛДІК

Ислам дінінде дүниешілдікке дінге жат түсінік ретінде қарамайды. Ислам дінінің қасиетті кітаптары — Құран мен хадистерде де адам бұл дүниесі үшін де әрекет етуі қажеттігін ұғындырады.

Құранда «адам ақирет үшін қайырымды жұмыстарды істеумен бірге бұл дүниедегі несібесін де ұмытпауы керек. Себебі кісіде денесі, жанұясы, көршісі, қоғамы, қол астындағылардың да ақылары бар, әр бір ақылы адамның ақысын орындау керек. Бұл дүниенің несібесі ақирет амалдары үшін азық болады» деп айтылған.

Сонымен бірге Құранда көптеген аяттар дүниелік мәселелерді де қамтиды. Мысалы, Құрандағы ең үлкен аят — «Бақара» сүресінің 282-аяты да дәл осы дүниелік мәселе — қарызды алу мен беру туралы болады да, онда мәселенің пайдалы және рухани жақтарына көңіл бөлінген.

Ислам дінінің пайғамбары Мұхаммед (с.а.в.) діни мәселелерде баршаға ұстаз болса да, дүниелік істерде мамандардың пікірлеріне құлақ тұтатын еді. Атақты хадисінде былай делінген:

«Пайғамбар (с.а.в.) (құрма) тоңазытып жатқан бір қауымның алдынан өткенде, мұны істемесеңіз де бола береді дейді. Сол жылы жаман болады. Ол зат және солардың алдарынан өткенде, құрмаңызға не болды? — деп сұрайды. Олар сіз солай, солай деген едіңіз... деп айтады. Ол зат:

«Сіздер дүниеңіздің істерін білетіндерсіздер» дейді».



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Мәтінді оқыңдар да «Дін мен діни сенім бүтіндей жоғалса" қоғам үшін оның нәтижесі қандай болу мүмкіндігі туралы ой түйіңдер.

*«Дүниешілдік – бұл дінсіздік дегені емес. Дін мен діни сенім бүтіндей жоғалып кететін өмір қандай жат адамилық көрініске ие екендігін біз кешегі тарихымыздан жақсы білеміз. Мұндай идеологияның қауіпті жақтары сол, ол неше ғасыр бойында дін негізінде қалыптасқан, халық өмірінің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кеткен құндылықтар – бұл жазбаша немесе ауызша, пайдалы немесе рухани мұра болсын, тәрбие мен салт-дәстүрлер болса да, ұлттық дүниеге көзқарастар немесе тұрмыс тәрзі болса да – бұлардың баршасын мақұлдамайды».*

**Ислам Каримов, «Жоғары руханият — жеңілмес күш»**

Яғни, Расулулланың кейбір сөздері діндіктен гөрі тәжірибелі негізге немесе жеке өзіндік пікірге сүйенген. Сол үшін де сахабилер Расулулланың кейбір бұйрықтары жөнінде «жеке өзіңіздің пікіріңіз бе немесе Алланың әмірі ме?» деп сұрайтын еді. Өзіндік пікірлері болса онда кей-кейде басқа пайдалы ұсыныс айта алатын еді. Расулулла (а.с.) жақсы ұсынысты қабылдап, өзінің пікірлерін өзгертетін, яғни дүниелік сала мамандарының пікірін, әлбетте, есепке алатын еді.

Расулулладан (а.с.) кейін «чохорёрлар» да осы жолды ұстанады. Әзіреті Омар (р.а.) «Сіздердің жақсыларыңыз ол дүние мен бұл дүние үшін әрекет еткеніңіз болады» деп айрықша атап өткен. Әли (р.а.) «Бұл дүние үшін мәңгі жасайтындай, ақиретің үшін ертең өлетіндей әрекет ет» деп махфират еткен.

Бүгінде кейбір бұзғыншы күштер жағынан заманауи дүниелік заңдар негізінде өмір сүру мұсылмандар үшін дұрыс еместігі туралы жалған пікірлер таратылып келеді. Дүниелік заңдар туралы ислам ғұламаларының пікірлерін төмендегіше қосуға болады: заманауи қоғам талаптарына сәйкес шығарылған заңдар шариғаттан болады. Әр бір шариғат адамның мүддесі үшін жіберілген, қоғамдардың өз мүдделерін ойлап шығарған ережелері шариғаттан алынбаса да, шариғатқа дұрыс келмесе олар да шариғатқа сай деп саналады.

Ислам дінінде дүниешілдікке дінсіздік ретінде баға берілмегендігін жоғарыдағы мысалдардан көруімізге болады. Дүниелік жұмыстар тұлға мен қоғам мүдделерін көздегендіктен олар діни идеяларда әрдайым қолдап-қуаттанған. Діни дүниелік жұмыстардың руханиятын тәртіпке салып тұрған. Мысалы, бұл жұмыстың сауап не күнә, рухани жақтан мүмкін немесе мүмкін еместігі сияқты.

Дүниешілдік бағдары тәуелсіз Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» заңымен құқықтық жақтан кәпілденген. Өзбекстанның таңдаған даму жолдары – дүниешіл демократиялық жол. Халқымыз діни сенімді терең құрметтеп дүниешіл даму жолымен бара жатыр.

Егемендіктің алғашқы күндерінен-ақ мемлекетімізде ұлттық-діни құндылықтарымыздың тіктелуі, барша дін уәкілдері үшін кең мүмкіндіктерді

1991 жылы 14-маусымда және 1998 жылы 1-мамырда жаңа өңделген «Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы» Заң қабылданды.

жарату жолындағы реформалар басталды. Өзбекстан Республикасының Конституциясында барша азаматтар үшін ождан еркіндігі кәпілденеді. Елімізде діни ұйымдар қызметтерінің құқықтық негіздерімен бірге, мемлекет пен діннің байланыстары да белгіленіп берілді.

Сонымен, Өзбекстан тарихында бірінші рет азаматтардың дінге деген көзқарастарын, соған сәйкес түрде сенімдерін еркін бегілеу және баяндау, дінге еш қандай тосқауылсыз амал қылу және діни салт-дәстүрлерді орындау құқықтарын кәпілденген заң қабылданды. «Мұсылмандардың Саудия Арабстанына һәжге бару туралы», «Құран айтының демалыс күні деп жариялау туралы», «Рамазан айтын демалыс күні деп жариялау туралы», «Ташкент ислам университетін құру туралы», «Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу Орталығын құру туралы», «Ислам цивилизациясы орталығын құру туралы» және басқа бірнеше Президент Бұйрықтары бұл салаға өте үлкен көңіл бөлініп жатқандығын көрсетуде.

## ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Дүниешілдік сөзінің мазмұнын түсіндіріп беріңдер.
2. «Секуляризация» түсінігі қандай мағынаны аңғартады?
3. Консерваторлық ағымдар жағынан дүниешілдікті теріске шығарудың себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Ислам діні дереккөздерінде дүниешілдікке қандай көзқарастар білдірілген?
5. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримовтың бүгінде діни кадрияттарсыз жұмыс алып бару мүмкін еместігі туралы пікірлерін баяндап беріңдер.

# ДІНИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕЛІ СӨЗДІГІ

***АЛЛА*** (арап. «al-iloh» — ұлы күш, түркі халықтарында, мысалы, өзбек және қазақтарда — тәңірі, парсы-тәжік. Құдай), Алла — ислам дінінде бүкіл жанзатты жаратқан өте ұлы күш; құдайды аты. Әдетте, Аллаға таола (ұлық, ұлы), таборака және таола, жалла жалалухи, кәрім, бузург сияқты сөздер қосылып айтылады.

***АНАФЕМА*** — сшіркеу мүшелігінен қуылу, шіркеудегі ең ұлы жаза.

***АҚИДА*** — араб тілінде бір затты бір-біріне байлау мағынасын аңғартады.

***АРОН-КАДЕШ*** (ибр. «Киелі сандық») — синагога немесе ғибадат үйінде болады да, онад «Таурат» тұмарлары сақталады. Ол мешіттегі «мехробқа» ұқсайтын қызметті орындай және кіру есігінің қарсысында болады.

***ӘРУАҚ*** (ар.) — рухтың көпше формасы.

***АШЪАРИЛІК*** — ислам діні тасандылық бағытындағы екі ақидалық мектептің бірі.

***АТЕИЗМ*** (грекше atheos - құдайсыз) — лексикалық мағынасы Құдйдан бет бұру, Құдайды теріске шығарған түрде адам Сана-сезім күштерін мойындау.

***БАНУ-ИСРАИЛ*** («Исраил ұлдары») — яхуди халқының аттарының бірі. «Ибтида» кітабында бүгінде барша яхудилерге қолданылатын «Исраил балалары» атымен Жақып пайғамбарға Құдай жағынан берілген деп жазылған.

***БИБЛИЯ*** (юнонша - «кітаптар») — яхудлік және христиандық діндерінің негізгі қасиетті кітабы. Яхудилер «Библиясы» «Китве кадеш» пен «Танах» деп те аталады. Христиандар жағынан мойындаған Библия «Ежелгі Аһд(Серт)» пен «Жаңа Аһдтан (Серт)» құралған, жалпы алғанда 66 кітатан тұрады.

***БҰХАРА ЯХУДИЛЕРІ*** — яхудиліктегі этноконфессионалдық және этнолингвистикалық қоғамдық топ.

***ДІНИ БАУЫРМАЛДЫҚ***— Діни бауырмалдық идеясы әр түрлі діни сенімдерге ие болған кісілердің бір жерде, бір Отанда ұлы идея мен ниеттер жолында қауымдасып, бір болып жасау қызметтерін аңғартады.

***ДІНИ СЕКТА*** — белгілі бір діндегі ресми ақидаларға қарама-қарсы түрде ажыралып шыққан немесе бар діндер мен конфессияларға мүлдем байланысы жоқ болмаған түрде дін туының астында қызмет етіп жатқан топтар.

***ДІНИ ҰЙЫМ*** азаматтардың дінге сенуі, ғибадат, салт-дәстүрлерді бірге орындау мақсатында құрылған көңілді кіші ұйымдар (діни қоғамдар, діни оқу орындары, мешіттер, шіркеулер, синагогалар, монастырлар және т.б.).

***ДІНДЕРДІ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ*** — діндерді зерттеуде олардың тарихы, сенімдік негіздері, ақидалары, сол сияқты, бір-біріне әсері сияқты жақтарына көңіл бөлу.

***ЭСХАТОЛОГИЯ*** — дүниенің ақыры, арғы дүние, жәннат, дозақ туралы сезімдердің жиынтығы.

***ФАҚИХ*** — фиқх ғылымының білімданы.

***КҮМӘН*** (парсы — *қылмыс, айып*; негізінен, осындай мағынадағы арап. «жунох» сөзінен алынған) — шариғат заңдарына және діни ақидаларға жат іс немесе қимыл-әрекет.

***ИБРАНИ*** (ибр. «евер», «авар» — «*арғы жақтың адамы», «кешіп атқан*») — Яхудилердің деректеріндегі аттардың бірі. «Ибрания» атауы Ибрахымның (а.с.) Месопотамиядан Канонға көшуі уақытында пайда болған. Зертеушілердің пікіріне орай олардың мұндай аталуына, бәлкім, дарияны кесіп өтіп келгендігі себеп болған болуы керек.

***ИНЖИЛДЕСТІРУ*** — миссионерлік ұйымдары жағынан Инжилді кең тарату мағынасында қолданылатын атау. Кейде бұл сөз миссионерліктің синонимі ретінде де қолданылады.

***ИСЛАМОФОБИЯ*** (араб. — *есімдер*, юнон. phobia — *қорқу*) — ислам дінін қиямет қоркуларда көрсету, барша жамандық пен қылмыстарды оның атымен байланыстырып, елшілік қабатын исламнан қорқытуға арналған әрекет.

***ЖАБРАИЛ*** — Ислам сабағында Алла мен пайғамбарлардың арасындағы елші қызметін орындаушы періште.

***КАЛОМ*** — *сөз, сөйлеу* мағынасын білдіреді. Ақида ғылымының аты.

***КЕРЕМЕТ*** — ( араб. «карам» өзбек тілінде *жақсылықтар* деп тәржіма жасалған) негізінен тасаввуф деген сөздің орнында да көп қолданылады. Олардың белгілі бір анық мақсаты кісілерді жақсылыққа үндеу, күнә істерінен тыю, тәуба келтіруге үндеу.

***ЛАМА*** (тибет. — *ең ұлық*) — Тибет, Монголия, Ресей ламаистеріндегі Будда монахы. Қалмақтарда бұл лауазым тек қана руханилердің басшысына беріледі. Діндарлар оны қызық қасиеттерге ие және ұлы күш әлемімен сөйлесе алатын тұлға деп біледі.

***МУРИТ*** — (араб. «*қалаушы*») сопылық жолына кіріп, мурсидке қол берген шәкірт.

***МУРШИД*** — (араб. — *жол көрсетуші*) тасаввуфта тариқат әдептерінен сабақ беретін пір, шайх пен ұстаз. Тасаввуф бағдарының жоғары қамқоршысы.

***МУТАКАЛЛИМ***— калом ғылымымен шұғылданған ғалымдар «*мутакаллим*» деп аталған.

***АҚИРЕТ*** — (араб. «*басқа, соңғысы, екінші*») бұл дүниенің ақиретіне жеткенінен кейін барша қайта тіріліп, еткен амалдарына сыйлық немесе жаза алатын екінші өмір.

***ШАББАТ*** — яхудилерде сенбі күнінің аталуы.

***СОПЫ*** — тариқатқа тән тұлға, меңгеруші.

***СҮРЕ*** (араб тілінде *жоғарылық, биіктік, қабырға*) — басталу, аяқталу және өз аттарына ие кемінде үш аяттан құралған Құран бөлімдеріне орай қолданылады.

***ВАТИКАН*** — Рим католик шіркеуінің діни орталығы. Қазірде папаның ресми резиденциясы саналады. Сол сияқты ол Италия астанасы Рим қаласында орналасқан теократикалық қала — мемлекет.

***ОЖДАН ЕРКІНДІГІ*** — діни сенім еркіндігі, мемлекет азаматтарының белгілі бір дінге сенетін немесе ешқандай дінге сенбестік еркін аңғартады. Бұлардың баршасы демокртиялық мемлекеттердің Конституцияларында адам құқықтары туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған бүкіл әлемдік декларациясы негізінде өз бейнесін тапқан.

***ЭПАРХИЯА*** (юнон. ἐπαρχία — «*уәлаят*») — христиан шіркеуде эпископ (архиерей) басшылығындағы аймақтық бөлімше.

***ЖЫЛАУ ҚАБЫРҒАСЫ*** — Ауғаныстан қаласында орналасқан, 70 жыл бойында римдіктер жағынан Екінші Ғибадатхананың 485 метр ұзындықтағы сақталып қалған бір бөлегі. Яхудилердің қасиетті зиярат ететін жері.

# МАЗМҰНЫ

Сөзбасы ........ 3
1-§ Діннің қоғамдағы орны мен міндеттері ........ 5
2-§ Ғылым және дін ........ 9
3-4-§ Діннің пайда болуы және олардың формалары ........ 13
5-§ Яхудилік ........ 20
§6–7 Яхудилік салт-дәстүрлер мен ағымдар ........ 26
8-§ Буддизм ........ 37
9-§ Буддашылық теориясы ........ 42
10-§ Христиандық ........ 48
11–12-§ Христиандық теориясы ........ 55
13-§ Ислам Орта Азияда ........ 62
14-§ Исламдағы мазхабтар мен ақидалық теориялар ........ 66
15-§ Тасаввуф және тариқаттар ........ 72
16-§ Өзбекстанда діни толеранттық және қоғамдық бейбітшілік ........ 77
17-18-§ Еліміз ойшылдарының дүние ғылымына қосқан үлесі ........ 82
19-§ Дін мен «әлеует мәдениеті» ........ 91
20-§ Ксенофобия және дін ........ 96
21-§ Дүние діндерінде тыныштық идеясы ........ 100
22-§ Миссионерлік жастар келешегіне үкім ........ 105
23-§ «Ождан еркіндігі мен діни ұйымдар туралы»
заңының мазмұны мен маңызы ........ 111
24-§ Өзбекстанның дін бетпердесіндегі
экстремизм мен терроризмге қарсы күресіндегі орны ........ 116
25-§ Кибермекендегі дін мен ақпаратты пайдалану мәдениеті ........ 123
26-§ Діндердегі өмір қадірі ........ 128
27-§ Дүниешілдік — дінсіздік емес ........ 133
Діни терминдердің түсіндірмелі сөздігі ........ 139
Мазмұны ........ 142

Zohidjon Mahmudovich ISLOMOV,
Durbek Obidjonovich RAHIMJONOV,
Jasur Xotamjonovich NAJMIDDINOV

O‘quv nashri

# «Dunyo dinlari tarixi»

O‘rta ta’lim muassasalarining 10-sinflari uchun darslik

(ta’lim qozoq tilida)

Birinchi nashr

Toshkent — «Yangiyo‘l poligraf servis» — 2017

Баспа лицензиясы AI №185, 10.05.2011.

Аударған — Д. Т. Айтбаев
Редактор — Г. Е. Айтбаева
Корректор — Г. Абдураимова.
Компьютерде терген — Д. Т. Айтбаев.
Техникалық редактор — М. Риксиев
Суретші — Ж. Азимов

Оргинал-макеттен басуға рұқсат берілді 01.06.2017.
Пішімі 70x90 1/16. «Times New Roman» гарнитурасы. Офсет қағазы.
Офсет баспа түрінде басылды. Баспа табағы 9,0. Шартты баспа табағы. 10,53.
Нұсқасы .
Бұйрық № .

«Ўқитувчи» БПАК баспаханасында баспадан шықты.
100000, Ташкент қаласы., ул. Янгишахар, 1.

## Жалға берілген оқулықтың қалпын көрсететін кесте

| Р/с | Оқушының аты мен фамилиясы | Оқу жылы | Оқулықтың бастапқы қалпы | Сынып жетек-шісінің қолы | Оқулықтың тапсырған-дағы қалпы | Сынып жетекші-сінің қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| 4 | | | | | | |
| 5 | | | | | | |
| 6 | | | | | | |

## Оқулық жалға беріліп, оқу жылы соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі жағынан төмендегідей мөлшерлерге негізделіп толтырылады:

| Жаңа | Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі қалпы |
|---|---|
| Жақсы | Кітаптың сырты бүтін, оқулықтың негізгі бөлегінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ. |
| Қанағаттанарлы | Кітаптың сырты езілген, аздап сызылған, шеттері жиірілген, оқулықтың негізгі бөлегінен ажыралу қалпы бар, пайдаланушы жағынан жөнделген. Көшкен парақтары қайтадан жөнделген, кейбір беттері сызылған. |
| Қанағатта-нарлысыз | Кітатың сырты сызылған, жыртылған, негізгі бөлегінен ажыраған немесе бүтіндей жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызылған, боялған. Оқулықты қайта тіктеуге болмайды. |